

ҮКІЛІ  
ЫБЫРАЙ



39047  
Тәкку



ҮКІЛІ  
ЫБЫРАЙ

---



Өлендер



“Фолиант” баспасы

Астана

2005

Үкілі Ыбырай Сандыбайұлы. Гөкку. *Өлеңдер, айтыстар және әндер жинағы.*

С 20 Құрастырған Көкімбек Салықов.— Астана:  
"Фолиант". 184 бет.

ISBN 9965-477-54-X

Қазақтың ұлы композиторы, әйгілі ақын-әншісі Үкілі Ыбырайдың ән жинақтары бұрын жарық көрсе де, өлеңдері мен айтыстары және толғаулары бас құрасып, жеке кітап түрінде бірінші рет жарық көріп отыр. Баспада бар еңбектеріне қоса жинақты толықтыруға М. Тырбиевтің, Қ. Жантілеуовтың, М. Асаиновтың, А. Салықовтың архивтік материалдары, С.А. Құлмағамбет пен М. Сәркенқызының еңбектері пайдаланылды. Кей өлеңдердің сөздерін анықтауға кезінде Ыбырайдың өз баласы Есеп ақсақалдың қолқабысы тиіпті. Жинақты құрастырушы қазақтың көрпекті ақыны Көкімбек Салықов өзінің ұзақ жылдар сақтап жүрген дүниелерін лайықты түрде пайдаланып отыр.

Жинақта Үкілі Ыбырайдың талай-талай өлеңдері тұңғыш рет ел қолына тимек. "Халық жауы" атанып Кеңестік зобалаң кезінде атылып кеткен ақтангер ақынның қолда бар поэзиялық еңбектері ғана беріліп отыр. Осы жолғы жүйеде атақты ақын, дүлдүл композитордың шығармаларының толық жинағын шығару болашақтың борышы. Алтын мұра дегеніміз де осы шығар, толықтыра берейік.

Бұл жинақтың жарық көруіне демеушілік еткен Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Тайыр Мансұровқа алғыс айтамыз.

Ә 4702250202-282  
450(05)-04

ББК 84 Қаз 7-5

ISBN 9965-477-54 X

© Салықов К., 2005

© "Фолиант" баспасы, 2005

## Үкілі Ыбырайдың ақындық ерекшеліктері

Қазақтың сал-серілер мектебінің алтын орда-сы болған Есіл-Көкше өңірін еске алғанда Сегіз сері, Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай ойға оралады, көңіл толқытады, ән әлеміне бөленесің. Дауылпаз ақын, алдына жан салмаған әнші, ұлы композитор Үкілі Ыбырай жайлы сөз қозғалғанда оның әлемге тараған әйгілі әні "Гәкку" және қазақтың ұлы әнші қызы Күләш Бәйсейітованы айтпай өте алмаймыз. Бұл ән Е. Брусиловский музыкасын, F. Мүсірепов либреттосын жазған "Қыз Жібек" операсының басты ариясы ретінде кеңінен таралып, 1936 жылғы Мәскеуде өткен Қазақстанның өнері мен мәдениетінің алғашқы онкүндігінде бүкіл әлем таңданған таң шолпандай сұлу саз аспанында жарқ етті. Үкілі бабамыздың көптеген "Гәккулері" "Сырғақты", "Қараторғай", "Қалдырған", "Көкше", "Аңшының әні" тағы да басқа әндері бір төбе болып ақындық өнерінің дәрежесін ерекше көтеріп тұр.

Үкілі Ыбырай Сандыбайұлы осы күнгі Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданына қарасты Үкілі Ыбырай ауылында 1958 жылы ауылында дүниеге келді. Жазғытаудың бауырын жайлаған Жақсылық қарауылынан шыққан Деріпсал Сәбден тегінен тарайды. Сәбден Абылай ханның әрі досы, әрі даңқты батыры болған әйгілі кісі. Деріпсалдың Сандыбай, Маңдай, Әбіле атты үш ұлынынан үлкен әулет тарады. Маңдайдан — Қосшығұл, Асайын, Үсейін, Сандыбайдан — Бөпіш (Мейіз), Шалғымбай, Ыбырай, Әбіледен — Үлияс, Кенжеғали, Молдағали туған. Асайыннан тарған Смағұл, Мырзағұл болса, әйгілі ақын, үздік

әнші Мұса Асайынов (1929-1976) Мырзагүл мен менің шешемнің апасы Бағи – апамыздан туды, Смағұл қарт ауылымыздың ақсақалы, қарт ұста соғыстан үш ұлы оралмай, тоқсаннан асып қайтыс болды. Шалғымбайдан тараған Сүлейменнің балаларын, Дәуіттің өзін көріп өстім. Жалпы алғанда Деріпсалдың ұрпағы қапсағай тұлғалы, ірі денелі келеді. Бауырым Мұса да бойшаң денелі, қыран мұрын, қалың жонды, өткір үлкен көздері ойнақы келетін жігіт еді. Ол ән салғанда ерекше күш бітіп кеткендей, әу дегенде тыңдаған жанды селк еткізетін. Ыбырайға тартып туған асыл тұяқ деп ел еркелетті, өзі де еркелетуге лайық еді.

✓ Үкілі Ыбырайды сипаттағанда Сәкен Сейфуллин:

“Кең алқым, кең көмейлі, даусы керней,  
Ақырмай ән салмайды, көкірек кермей.  
Астына алты қырдың естіледі,  
Шырқаса екіленіп құлаш сермей”, –

десе, бұл Ыбекеңнің жетпіске тақап қалған шағы, әлгі Мұсадай кезінде кездесе не дер еді.

Біржан сал жас Ыбырайды алғашқы рет тыңдағанда Ақан серіге қарап: “Ақанжан-ай, ертіп келген шәкіртіңе қанықтым, қазақта жылқының перісі Құлагер болса, ақынның перісі осы екен. Қазақ әніне өзім жеке-дара тұрмын, өзгелерге Ыбырай жеткізбес” – деген сөзін Молақмет Тырбаевтен естіп едім, кейін осыған ұқсас сөзді Е. Ысмайловтан да кездестірдім. Бұл ағамыз: “Ыбырай – шын мәніндегі ұлы өнерпаз”, – деп жазып кетті.

Сол дарабоз дүлдүлдің кеңес үкіметі келіп, әсіресе кәмпеске мен коллективтендіру науқандары ел тұрмысын күйзелткенде Ыбырай ақын өткір тілін шындық жолында аямады. Ақыры 1930 жылғы қарашаның 4-жұлдызында қамауға алынды. Асыл жерлестерінің тілі де батқан шығар, сол кездегі ақынды көрсеткен, НКВД-ге қол шоқ-

пар болған өзінің жақын туыстары Шаймұқанды да, Ақыпты да бала кезімде көрдім.

Үкілі Ыбырай "Халық жауы" атанып ұсталып кеткеннен соң үй мүлкі талан-таражға салынды, шығармалары шырылдап отқа түсті, атын ататқызбас, әндерін айтқызбас әлем-тапырық аласапыран заман туды. Бірақ алмас кездік қап түбінде жатпады, туған елі өз жүрегінде сақтады. Ол атылып кетсе де мінезі үлгі, қайсарлығы аңыз, әнжыры ұмытылмады. Кейбір әндерін халық әні деп, кейбір әндерін әлде кімдікі деп сақтаса да Тәуелсіз Қазақстан дүлдүл ұлына құшағын кеңдеу ашты. Бұл күндері Ыбекеңнің әндері өзіне қайтарылып келді. "Гәккуге" тиіскендердің де бетін қайтардық, ал "Аңшының әніне" әлі күнге "Халық әні" деген лақап тарап жүрсе — ол қателік. Әйгілі классик жазушымыз, академик Сәбит Мұқанов "Қазақ әдебиеті" газетінде бұл мәселенің басын ашып, ашық айтқан. Осы жинақта ақынның өлеңдері мен толғау айтыстары орын алса, келесі жолы әндеріне деген де ақиқатты орнату қажет.

Үкілі Ыбырайдың композиторлық, әншілік мол мұрасы жайлы жазылған еңбектер баршылық, мен ақындық ерекшеліктерін сөз етпекке бой ұрдым. Қазақстанның халық ақыны, Үкілі Ыбырайдың төл шәкірті Молдахмет Тырбиұлының айтуынша ол алдына жан салмаған әншілігімен қатар, қай сайысқа салсаң да дес бермейтін ағынды айтыс ақыны. Оған қоса қаламгерлігі де мол, араб, парсы тілінде оқи білген көрінеді. Ыбекең хат танығаннан кейін қолына түскен кітапты оқығыш болыпты. "Мұңлық-Зарлық", "Қыз Жібек", "Жүсіп пен Зылиха", "Тотының тарауы", "Сейфіл-Мәлік", "Мың бір түн" іспеттес лира-эпостық, батырлық һәм ғашықтық жырлармен қисса, дастандарды жақсы білген. Әсіресе "Ер Тарғын" мен "Мың бір түнді" өз ырғақ, нақышымен әнге қосып жатқа айтуға шеберлігін танытыпты. Кейде қара сырнаймен, кейде үкілі домбырасымен қоса шырқап, поэзияның желісіне

қарай ән мақамының өрісін жатық үйлестіре білгені үлкен өнер. Ұзақ поэманы әндеткенде, кейде қолындағы домбырасын жерге қоя салып, тақпақтатып кетіп, отырған жерінен ілгері, кейін жылжып қызғылықты қимылдармен жалықтырмас әртістерше тыңдаған жанды жіпсіз байлағандай баурапты.

Бойға қонған жан-жақты өнердің арқасында ауыз әдебиетінен әбден сусындап, жазба әдебиетіне иек артып, өз ақындық өрісін кеңіте білгені біз үшін алыстан-ақ, көрініп тұр.

Үкілі Ыбырай өзіне үлгі болған Арыстан, Орынбай, Шал ақын, Сегіз сері, Тезекбай, Шөже, Нүркей, Біржан сал, Ақан сері, Мұстафа сияқты саңлақтардың әндерін, айтыстарын ел арасына тарата білгендігі бір төбе. Қолына домбыра алғанда мынау Орынбайдың, мынау Біржанның, мынау Ақанның домбырасын қолына алғандағы өз ырғағы, өз құлақ күйі деп, әуезімен, әуенімен, әр кімнің өзі сүйген сарынымен орындауға жетіктігін шебер айғақтапты. Молдекеңнің өзі де ұстазынан көргенін елге таратып кеткені көпке айғақ.

Ыбекең тек қана ауыз әдебиетінің өкілі емес, ол өзінің ең жақын һәм жанашыр пір тұтқан ұстазы Ақан сері секілді суырып салма төкпе де, ойланып жазар жазба да ақын. Негізінде олар ауыз әдебиеті мен жазба ақындарының ортасындағы табиғи алтын көпірлер іспеттес жол салды. Ыбекеңнің ақындық ерекшелігіндегі басты көрініс сол жанжақтылықта жатыр. Керегінде ағыл-тегіл құйғытып, қай сайысқа болсын іркілмей кірісе кетеді. Күрделі ән, не өлең туарда ішіндегі нәрестесін тоғыз ай, тоғыз күн көтеретін анадай ұзақ уақыт толғатып аққудың қос қанатына байлардай етіп жетілдіреді. Ақындық ерекшеліктің қайнар көзі нәзік сезімге оранған ақыл мен ойдан туса, сол көкейкесті түйткісін Абай айтқандай: "Тіл ұстартып, өнер шашардай" дәрежеге жеткізеді. Ақындық дерті — тілде. Ыбырайдың тілі де жебедей жеткіш өткір тіл. Жас

кезінде әрлі сөз, ұлғая келе мәнді сөз, ашынғанда зәрлі сөз таба білген Үкілі Ыбырайдың тілінде ақындық ерекшелігінің басты арқауы жатыр. Ақынның тіл байлығы шерлі сөзімен зерлі сөзін қоса жекеше талдауды талап ететін үлкен қазына. Ол ержүрек, тапқыр да айтқыр, тіксілтегіш қайсар ақын.

Үкілі Ыбырайдың тіл өрнегіне аздап қана назар аударсақ, оның мейірімі мен қайырымы тартып, өзгеден айырымы ашық көрініске жолығамыз. "Гәкку" деген сөздің өзі де қазақтың поэзиясы мен бүкіл тіл әлеміне алтын айдардай болып кірген ғажайып. "Үлпікер сүт бетінде балдай қаймақ" — десе "үлпікері" үздік тілдің белгісі ғой. "Қарақат көзді, сым саусақ" — теңеуге жүйріктігі. "Көк зеңгір, жасыл жартас Жалғызтауым" — дегені қандай әсем. "Қайқақтамай көтерер, досы үшін тау-тасын" — дегені де нағыз қазақы тіл. Ал: "Бір атым насыбайдан көңіл қалар, айта бер, айтсаң сағың сынбағанға". — дегені тереңдіктің көрінісі. Майталман ақынның қай өлеңін алсақ та, ұлттық суреткерлікті білдіретін бояуы ашық ояу сөзді, ішкі маңызы мен айтар ойға дәлме-дәл келтіріп, тап басқыштығына қайран қаламыз. Тіл мен жаққа құр сүйену емес, өткір тілі әсем әндеріне де дәйек болып ескек желдің табиғи сыбырындай поэзия әлемін кеңейте түсуге сенімді семсер міндетін атқарды.

Ыбырайдың ақындық талантынан әншілік дарынын да бөле жаруға болмайды. Ол алдындағы көсемдері Біржан сал, Ақан серіге еліктеп алғашқы өлеңдерін де әнімен қоса шалқытты. Уыз туындылары ғашықтық сарында, әзіл күлкі ауқымында дәстүрлі лириканы байытқаны анық. Қазақтың ежелгі салты бозбалалықтың қызығын күйтгеу Ыбырайға да бастау берді. Шөбектің Мұқанының Мәлике атты сұлу қызын бір жинада Ақан серінің ойынды басқару салты мен нұсқауы бойынша алқа топта бірінші болып қасына өлеңмен шақырышты.



"Бозбалаға бұл бір сын жеке-жеке,  
Әркімнің қасындағы сәулесі ерке.  
Бұйрығы ханзаданың екеу емес,  
Жаныма келіп отыр, ей, Мәлике", —

деген өлеңі сонда туыпты. "Ханзада" деп отырғаны Ақан-ағаң ғой. Ақан серіні ағайын ел іші әуелі "ақ жігіт" деп атап, артынан "Ақан-аға" деуге көшіпті. Ал, бұл Мәликеге байланысты шумақтың жарық көруіне ол кезде жігіт ағасы болып қалған Ақан серінің жастардың ойынын бастап беріп, бірінші кезекті сенімді шәкірті Ыбырайға сілтеуінде жатыр. Жас Ыбырай "Көсем қиында, шешен жиында" дегендей көш бастап, өзі міндетін атқарыпты. Ол нағыз ішкі сенім мен қанына туа біткен жүректіліктің белгісі. Міне, сол сәтте шыдай алмай буыны бусап, күміс шолпысын әсем үнмен сылдырлата, сызыла басып, сиқырлы сылқым Мәлике сұлу ашық ажарын жайната түсіп, жас ақын Ыбырайдың қасына отыра кетіпті. Сол ғажайып жастық шақ деген асыл дәурен әрі қарай жетелей береді. Күндер жылжып озған сайын өлеңі де маңызданып, жанға жайлы, көңілге жылы тиер дәрежеге жете бастайды.

"Ән салып Сері болып талаптандым,  
Ақылын тыңдау қайда барлық жанның.  
Бөркіме үкі тағып, сәндеп киіп,  
Жолына түспей кеттім дүние малдың", —

деп өзінің ана сүтімен ере келген ақындық, әншілік өнеріне белді бекем бұғанын ұғымға жеңіл, жинақы тілмен осылайша қиыстырыпты. Әкесі Сандыбайға тартып ұста болмады, немере ағасы Әбілге еліктеп саясатқа кіріспесе де, ақындықтың сұрша құсы жебеп өнер жолына сиқыр күшпен еліктетті.

Өмір өрісіндегі жаңа белесіндей ақынның "Жирма бес" атты өлеңі жарқ етті. Міне, ақындық жолында ауызға лектірген бастамасы осы еді.

"Қызды ауылдың сыртынан,  
Қылаң еткен жиырма бес.  
Қызды көрсем қайқайып,  
Құлай кеткен жиырма бес.  
Суга келген жеңгейге,  
Ұнай қалған жиырма бес  
Жеңге халің қалай деп,  
Сұрай қалған жиырма бес  
Бесіктегі баладан  
Алғыс алған жиырма бес,  
Төрде жатқан кемпірден  
Қарғыс алған жиырма бес..." —

деп төгілте жөнелсе, ақындық қуаты да жасына қарай жаңарып, жауқазын гүлдей құлпыра түсіп, көз тарта бастағанын айқындайды. Бұл кезде суреттеу тәсілі, бейнелеу әдісі келесі бір биік белеске көтеріле бастады. Тап осындай ыргақпен келетін "Жиырма бестер" Ыбырайдан бұрын да болды, "Күлдір, күлдір кісінетіп, күреңді" мінізді. Ыбырайдың "Жиырма бесінде" өз көзіңмен көріп тұрғандай өмір көріністері айнадай айқын, тартымды беріледі. Әні де ә дегенде алдына мал салмас жүйріктей ұшқыр, қызғын шабысқа бастап кетеді. А.С.Пушкиннің "Ескерткіш өзіме орнаттым келмес қолдан" деген өлеңіне шейін бірнеше "Ескерткіштер" болған. Бірақ Пушкиннен кейін бола қойған жоқ. Ыбырайдың "Жиырма бесі" де заманындағы аттас өлеңдердің ең сүйкімдісі болып кең тарап кетті. Бұл күнде байтақ елдің қай түпкіріне барсақ та Ыбекеңнің "Жиырма бесі" алдымыздан шығады. Әсіресе Қайрат Байбосыновтың орындауында есту бір ганибет.

"Ауылым қонған Сырымбет саласына, болдым ғашық ақ сұңқар баласына" — деп Ақан серінің "Сырымбет" әнінің сөзі Ыбырайға екі жақты үлгі тастады. Өз әдрісін анық айтып, жаны құштар ғашығына деген ішкі сезімін ашық жеткізді. Ұстазы секілді Ыбырайдың да ынтық сөздері әнінің

асқақ қарқынынан кем соқпайды. Ол алдындағы даналардың ел сүйсінген үлгісінен алған дәрісін жасырған да жоқ.

"Өлеңмен екі өкпенді қалқыттайын,  
Қорғасындай денеңді балқыттайын.  
Біржаннан алып қалған әнім еді,  
Азырақ "Шалқымамды шалқыттайын", —

деуі әлгі ойға ден қояды. "Шалқыма" Ыбырайды толқыға түсті, өлеңіне орнықты ырғақ, жүйелі тың сарын ұсынды. Оның ақындық болмысы өз арнасын тапқан өзендей, өз шалқар теңізіне қарай аспай-саспай аға бастады.

Бара-бара бұл өзен тасқынды сайлары мен қарқынды құламасын тапты. Ол көңілі ауған, шабыты желген жерде еркін сілтеп, алты қырдың астына жетердей шырқауға дағдыланды, ерен ақындыққа ере туған қанатты әндер елді жалт қаратты. "Үкілі Ыбырай" атанды. Дарқан ақындығы қай думанға кірсе де ел құлағын елеңдетті, жан құшырын қандырды, әрдайым өрелі дәрежеге жетеле, өрге шапса өршеленер жүйріктей заулатты. Тамаша ғалым, белгілі әдебиеттанушы Есмағамбет Смайылов 1966 жылғы "Жұлдыз" журналының №11 санында осы ойды шегелеп бекіткендей айтыпты. "Халық тарайтын емес, ағылып келіп жатыр. Ыбырай іркілген жоқ, бұл жолы термелері жәрмеңкеге келген халықты қошаметтеп, әр ұлдың руын, тарихын таратып бірталай жырларды үйілтіп, төгілтіп айтып тастады... Арасында күлдіретін әзіл-сықақ сөздер де, бұрыңғы-соңғы ақындардан нұсқалы, нақыл сөздер де аузынан шықты" — дей келе: "Бұл менің онбес жасымда Ыбырайды тұңғыш көруім... Бәрінен де Ыбырайдың дарқан ақындық, әншілік өнері, алғыр шешендігі есімнен кетпейді", — деп тебіреніпті. Міне, әдебиет білгірі де "дарқан ақындық", "алғыр шешендік" — деп баса айтып отыр. Хан базарлы жәрмеңкеде еркін төгілу де әркімнің

қолынан келе бермейтін ағедендік. Ал "әр ұлдың ... тарихын" тәмамдауы Ыбекеңнің тайга таңба басқандай айта білер мәттақам қабілетін, толайым зеректігін танытады.

"Гәкку" жайлы талай сырды шертер едім, бірақ өнін де, тамаша сөзін де байтақ ел түгел біледі ғой, сол асқар шыңына қолтықтас тұрған тумаларын көрсетейін деп, "Гәккуге" көп тоқталмадым. "Құс салып айдын көлде дабыл қақтым" — деген сөзі де қанатты сөз болып кетіп, кейінгі талай тарланға үлгілік көрсетті. Үкілі Ыбырайдай ақиық ақынның қазақ поэзиясындағы асыл орнын сөз етіп отырғандықтан "Гәккуден" кемшін түспестей, "Қарақат көзді сым саусақ" атты өлеңіне молырақ зер салғым келді. Шынайы сезім мен шалқар шабыт түйіскенде, шықтай мөлдір шындық сырын шашпай-төкпей ашық айтудың үлгісіндей тамаша туындысы осы. Бұл өлеңі Абайдың ғашықтық тақырыбына жазылған әйгілі толғаныстарын амалсыз ойға оралтады, дана жүректердің махаббатшыл нәзік лүпілдері де алыстан ұласып жатқандай сезім білдіреді.

"Қарақат көзді, сым саусақ,  
Ләбізің сенің бал қаймақ,  
Жолыңа сенің сарп етпей,  
Неге де керек малды айдап.  
Қарақат көзді, ақ білек,  
Айтайын бір сөз үлгілеп,  
Қайғың алды денемді,  
Жүректің басын тілгілеп.  
Етің ашпақ қояндай,  
Қызығыңа тоям ба-ай,  
Алыстан аңсап келгенде  
Не қыл деп жатсың оянбай", —

деп наздана тебіренгені ақынның жан қияр ғашыққа деген үздігіп тұрған құмарлығы, ынтықтығы һәм өзінің де осал еместігі қатар көрініп тұр. Сәкен ағамыз "Тау ішінде" атты өлеңінде

"Білгейсің келгенімді жалғыз өзің" — десе, өзім де "Аққу жеткен" атты өлеңімде: "Ей, қалқа таң мезгілде сырласайық, толқынға тербегіліп жатшы оянбай" деп сызыла қалыппын. Ал, Ыбекең: "Алыстан аңсап келгенде не қыл деп жатсың оянбай" деп, өзінің аңсаған жүрегінің ыстық лебі мен гашықтық ерке назын қосақтай ашықтан ашық тосады. Сырт қарағанда қатаңдау, қысаңдау, сәл бәлсінгендей көрінгенмен "Не қыл деп жатсың оянбай" деудің өзінде де бал ләззаттың үзім шырынын тезірек татуға құлшынғандық жатыр. Қимастық, сыйластық, күрт сағынышқа оранған шыдамсыздық шырылдап тұр. Ақындық ақжарма мінездің бұл да бір айқын айғағы. Үкілі Ыбырайды жақсы білетін классик жазушымыз Сәбит Мұқанов: "Қарақат көзді" деген өлең 50-60 ауыздай бар. Бәрін де "Қарақат көзді" — деп бастайды. Бұл өлең осы күнгі махаббатшылардың өлеңдерін маңайына отырғызбайды" — деп жазған екен. Одан артық не айтпақпыз.

Не десек те поэзияның бұл кесек үлгісінде Үкілі Ыбырайдың ақындық ерекшелігін тауда өскен әсем шынардай, алыстан айқын танытқандай тамашалық бар. Ақын сөзін өз әнімен шырқасақ қазақтың керемет әні, ал романс сазына салсақ өз көркемдігін, сезімталдығын, толқымалығын аша түсетіні сөзсіз. Жалғыз өлең ұзақ поэмадан кем емес, шағын роман, даланың романсы секілді. Бір өлеңді тамаша поэма дәрежесіне жеткізе білу де үлкен шеберлік. Мұхтар Әуезовтың "аз көлеммен көп мағына беретін шеберлігін" академик Зейнолла Қабдолов айтқандай, Ыбырайдың да ақын тілімен аз сөйлеп, көп ой қозғай білгіштігі көп өлеңдерінде соқырға таяқ ұстатқандай көрініп тұр. Шеберлік деген ұғымның шырқау шебі де осы шығар.

Композиторлығын баса айтып дағдыланғандықтан Ыбекеңнің ақындық мұрасына зерттеушілер көп мән бермей келді. Ол кемшілікті түзету қажет. Әрі ақын, әрі композитор, әрі үздік

орындаушылық бір өзіне қонғандықтан логика жүйесіне салсақ; өлең сөзі бірінші, содан кейін ән, ең соңында орындау тұрады. "Бес ғасыр жырлайды" (Алматы. 1984. "Жазушы") атты белгілі жинаққа Үкілі Ыбырайдың кірмеуі мені қатты қынжылтты. "Ала қойды бөле қырыққан жүнге жарымайды" деген сөз көкейімнен кетпей қойды. Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырайды бөле жаруға болмайды. Бәрі де ең әуелі ана сүгімен ере келген ақындыққа бөленді, содан кейін әнге құндақталды, одан әрі орындап берудің құдіретті күші бітті. Үкілі Ыбырайды да қазақтың үлкен ақыны деп танып, қатардан қалдырмаған ләзім.

Ыбекең қай тақырыпқа барса да көкірегінің көзі жеткен, ақындық сөзі жеткен шырқау шыңға шықпай тынбайды. Құштарлық пен құлшыныстың мөлдір ләззатқа өле құмар қарқыны қазақ ақындарының ішінде "Сүй, жан сәулем, тағы тағы да сүй, тағы да" немесе "Бұл ләззәттің бір минутын бермеймін, патша тағы бүкіл дүние малына" — деп тұрған Мағжанда айқын кездеседі. "Қарақат көзді сым саусақтың" бір шумағында:

"Мұхиттың сенсің құндызы,  
Аспанның сенсің жұлдызы,  
Өзіңнен сәулем аспайды,  
Пейіште жүрген хор қызы", —

дегенін естігенде, өзі барып пейіште жүрген қызды көріп келгендей сенесің. Сүйген қызын жер-көкте, фани-бақида бар сулулардан асырып жіберуі бұл ғаламда бар шырғалаңға әуестіктің нағыз өзі, қазақ поэзиясының тәңір берген асыл төрінен орын алар кемел деңгейін айқындағаны. Ыбекеңнің өлеңдерінде тың суреткерлік, тұлғалы да үлкен ойшылдық, ғашыққа деген ақжарма ашықтықтың нәрі бар ғаламаттың бәрі бар. "Қарақат көзді, сым саусағы" сол ерекшелігін айқын танытады.

Жорықта сес көрсеткен батырлардай асқақ-тап, ақындардың өздерін-өздері көтермелеулері

дағдылы үрдіс. Ыбекең де бұл бәйгеден озық келген намыскер. Тілге тиек болар "Қайран Гәкку" деген өлеңінде:

"Қыздан да қылықтымын жүрген жерде,  
Ханнан да қадірлімін туған елге.  
Ақ тамақ, шұбар бауыр қоңыр қаздай,  
Сала алмас "Гәккуіме" еш бір пенде", —

деп, мәреге жетерде алдына жан салмас Құлагерше еркін қарқындайды. "Ханнан да қадірлі" болса да, ел алдында қыздай тәлімді қылығын көрсетеді. Дарияның ішкі ағыстары мен сыртқы толқындары табиғи араласып жатқандай ақынның ішіндегі қызу құйылымдар ерік бермей жұлқынып сыртқа шығады, асау толқындарға айналып бірде бұрқанып, бірде сылқым ғана сылдырлап "құлақтан кіріп, бойды алады". Адамның жан дүниесі мен тән сезімін ашық көрсетуде Ыбырайдың өзіндік ерекшелігі бар ерен ақын.

Үкілі Ыбырай Абылай ханның батыры атанған Сәбден дауылпаздан тарап, немере ағасы Әбіле Шыңғыс Уәліұлының хатшысы болып, өзі атақты ақын, әнші ретінде дүниенің қызығын көріп, көрешектің есесін қайтарғандай ән-жырын іркілмей төгілтіп өтсе де, оның тағдырының тәбдел бермес қиындығы да зор болды. Әсіресе жасы ұлғайған кезде жазған өлеңдерінде сол баяғы ерке екпінмен өмір шындығын бояусыз бүркемесіз шертеді. "Сүм дүние сумаңдаған сен бір қақбас, үйінде сені қуған үш күн жатпас" — деп тегіннен тегін айтпаған ғой. Біреулер үйінде үш күн жатпай, қара бастың қамын ойлап шылқып жүр, біреулер бұрынғыдан жүдей түсті, әне, сондайды байқағыштығы тебіреністің ашық түрі болып ет-жүрегін жарып шығады. Ақынның әлеуметтік сарындағы өлеңдері толағай толғаулар іспеттес аз сөзбен шексіз ұғым береді.

Үкілі Ыбырайдың көңілге бір естігенде не бір оқығанда жеп-жеңіл қона кетер қанатты сөзге

айналған иірімдері де жетерлік. Академик Аманжол Қошановтың әкесі, Шал ақынның шөбересі Қошан Жантілеуұлы ақсақалдың Ыбырайдан қалған сөз деп, айтып жүретін шумаққа зер салайық:

"Қосылған жолдан шүйкебас,  
Жан қияр жерде жар болмас.  
Айыр өркеш нар болмас,  
Әкенің сөзі балаға  
Канша айтсақ та ар болмас", —

депті. Бұл фәлсәфалы толғаныс қай заманда болсын өз құндылығын жоймайтын ойлы көкіректен туған жан сыры. Ыбекеңнің ақыл-ойға толы терең психологиялық толғаныста туған өлеңдері де баршылық.

"Шаш алмас өтпес пышақ қайрағанға,  
Томар су суат бермес жайлағанға.  
Талықсып қорғасындай денең балқыр,  
Таңртең қара торғай сайрағанда", —

деп теңізде жүзіп бара жатқан нән кемедей асықпай, саспай кемеліне келе тебіренер жерлері сүйсіндірмей қоймайды. Бұл шумақты "Қараторғай" атты өлеңінен алып отырмын. Сол өлеңде: "Қиянат қылмау керек тимегенге, жанасып неге керек сүймегенге" — деуі де философиялық қарымды, психологиялық танымды меңзейді. Есіл, Көкше өңіріндегі үлкендер бала кезімізде бұл сөздерді тілдеріне тиек ететін. Тоталитарлық қыңыр, біртоға идеология ақын сөзін қанша қараласа да құлыштай алмады. Ақынның талай сөздері есті адамға күш беріп, ел аралап жүре берді.

"Қалдырған" атты өлеңі туған елге деген аманат атанған соңғы сөзіндей ел ішінде түгелдей жатталды. Осы күнде қазақ елінің қай түшкіріне барсаң да алдыңнан шығады. Бұл өлең алғы буын ағалар мен соңғы түлек інілерді жалғастырып тұрған, өмірдің мархабаты мен мехнатын жасыр-



май көрсетіп, жасы ұлғайғанда тәубаға келгендей ғақыл сөзі іспеттес татымдылығымен ел жүрегiнен қоныс тептi. Одан кейiн:

"Қызығың дүние өткен күн,  
Кейiнгi қуып жеткен күн.  
Байланбаған асаудай  
Сырт айналып тепкен күн", —

деп өмiрiнiң шуағы өтiп, шөлейттi келеңсiз кезеңдерi тебiрендiре бастағанын үлкен күрсiнiспен айта бiлуi нағыз шеберлiк. Өйткенi "Сырт айналып тепкен заманның зардабына қазақ халқының көнiп отырғанына жаны ашиды, қиындыққа арқа жонын тосып, жауапкершiлiктi өз мойнына алып отыр. Бұл үлкен астарлы өлеңде түгел айтып сiлкiлемей, ымдап қана сiлтеу бар. Бұл да үлкен ойлы ақынның азаматтығын айғақтайды.

"Жолдас болсаң жақсымен,  
Терең ойлы, ақылы кең,  
Кiшiпейiл сыр шашпас,  
Мiнез, бiлiм келсе тең", —

деп, өмiрдегi үзеңгiлес, сырлас, сыйлас болар жолдастың қандай болуын жырласа, мiнезге бiлiм сайлығы қажеттiлiгiн әдемі келтiрген. Бұл мың түрлi сарында ерте де, кеш те айтыла беретiн тақырыптың ол кездегi поэзиямызға қосылған ойлы үлесi деп түсiнерлiк туынды.

"Қыс келсе қадыры кетер өткен жаздың,  
Әр iсi паш келедi өнерпаздың.  
Шөл жайлап, томар қонған күнi құрсын,  
Болмаса көл саясы қоңыр қаздың", —

деуiнде адам жанын толғандыратын, жақсыны қимастық, жаманға көңiл толмастық наз жатыр. Бұл өлең Ақан серiнiң:

"Өмірдің көбі өтіп, азы қалды,  
Қос көлдің қуы кетіп, қазы қалды.  
Ей, қалқа бұл ауылдан сен кеткен соң  
Ертайдай келіп жүрер тазы қалды", —

дегенідей елестейді, бірақ өз заманының дертін айтқандай, өз ерекшелігі, өз байқампаздығы бар, өз дертін Ыбырай басқаша жеткізеді. Ақындық толғаныстың ішкі монолог жүйесінде төгіліп түскен мөп-мөлдір түріне қосылады. Міне, осындай адами толғаныстар ақынның поэзия деп аталатын көркемдік өресін, психологиялық парасатын, ашық ақындық үздік шеберлігін көрсетеді.

Қошан ақсақал Ыбырай ұсталғанда артынан тоқғы сойып, қымыз апарған екен. Сонда Ыбекен:

39027  
"Атығай мен Қарауыл,  
Бірің — тіл, бірің — көмейсің.  
Жақыңдығың осындай,  
Қайсысың маған өгейсің.  
Ашыққанда ас беріп,  
Әлсіздерді демейсің.  
Нәсіліңе тартып сендер де,  
Елдің қамын жегейсің", —

деп әндете толғаныпты.

Бұл сонда Үкілі Ыбырайдың 72 жасқа келген кезі. Ел асылы, ел ағасы жалғыз Атығай мен Қарауыл емес, бүкіл қазаққа аты әйгілі ақынның айтып отырған ел бірлігін көксеткен гүлама гибраты да осы. "Әлсіздерді демейсің" — дегенде өзін айтып отырған жоқ, ел ішіндегі аштыққа ұшыраған кем-кетікті айтып отыр, "Нәсіліңе тартып" — деуі ұлтыңа тартып дегені емес пе. "Елдің қамын жегейсің" — дегені әмсе ұрпаққа бірдей қажет ел ұраны біздің бүгін көрген тәуелсіздік заманымызға да ауадай қажет болып отырған жоқ па. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың бүгінгі таңдағы барша елге айтып жүрген ақ тілегі ғой.

Елдің қамын ойлаған азамат ақын Ыбырайдың бұл сөздері оның шығармашылық өнерінің шырқау шыңы, ақындығының "Гәккуи".

"Қаумалап халқым келгенде,  
Қияға қанат қомдадым.  
Би-болысты мысқылдап,  
Қыр соңынан қалмадым", —

деп ақ патшаның кезінде қағытқаны жалын жұтып, шоқ шайнаған ызалы да, кекті де кезі. Ал шал тартқан шаққа:

"Сақал мұрттың ағында,  
Өлерімнің шағында,  
ГПУ — деген мекеме,  
Ішінде ұстап қамбаның  
Әлде қайда қамадың?  
Қысқарып өріс тұрғанда,  
Биікке қалай өрлейін.  
Асылды білмес нағанды  
Айтып қалай емдейін", —

деп торықса, абақтыда отырып елден келген адамдарға шынын, сырын, көкірегін кернеген мұңын айтқаны бір жағынан кеңестік дәуірдің зорлығы мен қорлығын әшкерелеген азаматтық жан дауысы болып естіледі. Көз жұмардың алдында тап осылай айта білу де Махамбеттік мінездің ұшқынындай әсер қалдырады.

Ыбекеңнің ақындығын сөз еткенде: "Сүйгенім кете барды соңыма еріп", "Қалдырған", "Көкейкесті", "Көкшетау" секілді туған елге ынтық мархабатты, шапағатты өлеңдерін ұмытпаймыз. Олардың бәрін және айтыстары мен термелерін толық қосып, толағай зерттеу шағын мақалаға ауыр болар деп қана, қадау-қадау жерлеріне тоқтадым. Әйтпесе Дәнеш Рақышев сынды әйгілі әнші айтып өткен "Аңшының әні" деген өлеңнің "де сөзі ғаламат қой. Ол өлеңді Сәбит Мұқанов аға-

мыз рабфакта Орынборда оқып жүргенінде жазып алыпты, шығармаларында толығымен бар. Менің өзімнің бала кездегі блокнотымда да Молдахмет Тырбиұлынан жазып алғаным сақталыпты. Әйтеуір бірінен түсіп қалған жерлері бірінен табылардай жөні бар. Орнында бар оңалар деген даналықтың дәл келгені де осы шығар.

"Бірге өскен кішкентайдан асыл еркем,  
Көңілімді қалай менің қалдырасың.  
Құр айтқан асыл сөзің алдағаның,  
Сандықтың аштырмасаң абдырасын.  
Ай жарық терезенің дәл түбінде,  
Төсекте қара шашың салбырасын", —

деп ағындататын "Қалқа баласын" ақын жүректен қалай ғана үзіп тастарсың. Үкілі Ыбырайдың ақындығы дегенде айтар сөз аз емес, қайсы бірін тізбектеп тауысармын. Бірақ, азаматтық өжеттігін көрсететін бір өлеңін һәм ақырғы өлеңін ертең Көкшетаудан Қызылжарға әкелерде абақтының қабырғасына жазып кетіпті. Абақтыдан шығарғанда милицияның айдауылдары көріп қалып, ішіндегі бір жуастау қазақ баласына сүртіп таста деп кете барыпты. Әне, сол жігіт өлеңнің біразын өнері жеткенше жақтап, кей жерін асығыс жазып алып бір туысына жасырын айтып беріпті. Қайырымсыз ГПУ-ге, Кеңес үкіметіне деген ашық келемеж бен улы сықақты бұл өлеңді бұрын естіле бермегендіктен қолымда барын толық келтірейін:

"ГПУ" — деген сотымыз,  
Жүріп тұр ғой хотыңыз.  
Жетпісте шалды айдаптың,  
Кесілді ғой кө...міз.  
Атаңа нәлет Николай,  
Қырсығың тиді-ау бір талай.  
Білместі талай білгіздің,  
Мақпалдан шалбар кигіздің,

Жібектен дамбал кигіздің,  
Жүйрік пен жорға мінгіздің.  
Ханнан да асты қадірім,  
Алғыс пен құрмет үйгіздің.  
Айналайын советім,  
Теріден шалбар кигіздің,  
Кенептен дамбал кигіздің.  
Жел жаққа тура қаратып,  
Тік тұрғызып сизгіздің.  
ГПУ-ді салып соңыма  
Жамандыққа қиғыздың.  
Алыстан келген жауым жоқ,  
Ауылдың итін үргіздің.

Міне, ақынның жанған оттан, төнген оқтан тайынбас дауылпаз мінезін көрсететін тоталитарлық қысымда кек кернеген толғауын нағыз ғасыр үні деуге әбден болады. Ақын "Көкейкесті" — деген өлеңінде терең оймен толғана түсіп: "Әулиесі бақсының қараса да, жүрегімді жазуға табылмас ем" — десе, жүрегін жазуға жарарлық ем — елдің жүдеу халінің түзелуі еді ғой. Ол жылдарды қайтып көзі көрместей, құлағы естіместей қамыққаны да сол да. Келе жатқан аштық пен жұттың алдынан шығып, тойтарыс бермекке ұлыққа қарсы сөз айтамын деп, Кеңес үкіметінің қиянатшыл қаһарына жазықсыз тап болды. Адуынды арқалы ақын дүниеден қамығып өтті. Біреулер "Барса келмеске", біреулер "Көк аралға" айдалды дейді, енді бір дерек Қиыр Шығысқа сілтейді. Менің ұғымымша соның бәрі бекер һәм шығарып салма сөз, алдамшы сөз секілді көрінеді. Үкілі Ыбырай атылды деп есептеймін. Сәкенді де "анда көрдік", "мында көрдік" дегендерінің бәрі де далбаса болып, далада қалған жоқ па. Сәкен де ГПУ-дің "үштіктігінің" шешімі қабылданған күні атылып, Алматының түбіндегі бір ескі ауылдың топырағында көппен бірге көмілді. Ыбырайды да сол қатыгез тағдыр жұтты ғой деп ойлаймын. Осындай мұң ұялаған уақытта:

"Ардақтап атамаймын атын бекер,  
Жетпісте жолбарыстай батыл екен.  
Атылған ел, қырылған аштықты айтып,  
Үкілі Ыбырай қайда жатыр екен?" —

деген сияқты шумақтар жүректен тамшы жас-  
тай үзіліп түсе қалды.

Ақынның поэзиялық ерекшеліктері туған жері,  
өмір сүрген қоғамдағы ортасы, соған байланыс-  
ты әлеуметтік һәм саяси құбылыстарды өз жү-  
регінен өткізіп, өзінше тебіреніп көңіл күйін,  
жүрек сезімін, ақыл-ой толғаныстарын ақ қағазға  
түсіре білуінде жатыр. Ерекшелік деген әркімнің  
өз болмысы, өз мінез-құлқының айнадағы  
бейнесіндей көрініс қой. Өмірде қаншама адам  
бар, соншама мінез-құлық бар, стиль — деп ата-  
латын айқындауыш түрі бар. Сол стильде ақын-  
ның да ерекшеліктері әр теңіздің өз тасқынын-  
дай толқын ұрып жағалауға жетіп жатады.

Үкілі Ыбырай да тап солай өзге еш ақынға да  
ұқсамайтын өзіндік мінез-құлқымен, өзіндік ашық-  
тығы, айқындығы, турашылдығы, шапшаңдығы  
мен салмақтылығы бар ақындық дара құбылыс.  
Ыбырай кейбір халық ақындарынша бір сарын-  
да, бір ғана ырғақта, бір ғана өлшемде қалған  
ақын емес. Оның шығармашылық ақындық тәсіл,  
әдістері сан қилы құбылмалы келеді. Оған қоса  
ол қазақтың жазба әдебиетіне де, суырыпсалма-  
лығы бар ауыз әдебиетіне де қатысы молынан  
бар қаламгер, сегіз қырлы бір сырлы парасатты  
дарын. Бір сөзбен айтсақ шындықты тура сіл-  
теуден жалтармайтын, қай заманда өмір сүрсе  
де өзінің өжет қалпында өршелене қала беретін  
бірбеткей ақын. Оның қай өлеңін, термесін, тол-  
ғауын алсаңыз да жаңалық пен ақиқаттан, нәр  
алған өткір де шешен, терең де ерен жалтару-  
сыз мінезіне қанығасың. Дүниеге мейлінше  
гашық ақын, дүниені соншалық айқын, ашық  
жырлап өтті. Өз қара басының қамын күйттеген  
жоқ қоғамдық талас тартыстарға қатынасып, сол

елім деп еңіреп жүрген жолында қатыгез заманның аяусыз ажал оғынан қаза тапты. Үкілі Ыбырай сал-серіліктің сайранында қалып қоймай, бойына Махамбеттің мінезі сіңген қайсар ақын, алғыр айтыскер, үлкен сықақшы, ержүрек азамат ақын. Оған қоса айтарым: "Көкіректе қайнаған шер оңдыра ма, көңілді бір орынға қондыра ма?" — деп өткен нағыз мұңлы ақын.

Ұлы композитор, алдына жан салмай өткен дүлдүл әншінің ақындығы да сол ғажайып талантына сайма-сай туган тұтас дүние. Ақын үшін ескерткіштің ең үлкені — артында қалған еңбектерін толық жинастырып, ел қолына беру деп білемін. Міне, осы мақсатқа жету жолында Үкілі Ыбырайды зерттеп, жинастырып жүрген ақындар, әншілер, сазгерлер, жазушылар, ғалымдар бірігіп еңбек етсек, ел қуанар іс бітпек. Сол қасиетті ұмтылысқа қозғау салып, түрткі болардай ел құлағын елеңдетер деген үмітшіл сезіммен асыл бабамыздың ақындық ерекшеліктерін қысқаша сөз еттім. Айтар пікірім бұл мақаламен шектелмейді, келер күндер дарқан дарынның абзал есімін аялай түсер деп сенемін. Бар айтарым: Үкілі Ыбырайды тек қана ұлы композитор, бұлбұл әнші деп қоймай, көркемдігі мен кемелдігі мол дүлдүл ақын деп қарауға шақырамын. Үкілі Ыбырай жалаң ақын емес, ол ел қамын жеп ақындық сөзбен айқасқа түскен қайраткер ақын, жанжақты біртуар ақын, оны алдыңғы қатардағы ақындық санаттан қалдырмайық, қатал заманда қасірет шеккен, елі үшін құрбан болған Алаштың арыстарының қатарында азаматтық биіктен де көрсете білу адал парыз. Осы жинаққа кірген Үкілі Ыбырайдың поэзиялық еңбектері ақынның қай дәрежедегі ақын екенін анық көрсетер деп сенемін.

*Қазақстанның Республикасының еңбек  
сіңірген қайраткері — Кәкімбек Салықов  
Астана, 2005.*



---

ӨЛЕҢДЕР

---



# ГӘККУ

*(I-түрі)*

Құс салып айдын көлді дабыл қақтым,  
Ән салып талай жердің дәмін таттым.  
Жетсін деп осынау даусым "Гәккуіме",  
Гәккуді қайтқан қаздай қаңқылдаттым.

Таранған аққудайын айдын көлде,  
Көз тартқан шолпыдағы алтын теңге.  
Қарағым, айналайын, кез келдің ғой,  
Атанған әнші Ыбырай бізде ерге.

Түрлентіп тоқсан түрлі ән саламын,  
Жай тастап құлашымды кең жаямын.  
Түскенде сен есіме ерке "Гәкку",  
Құлпыртып осынау әнді толғанамын.

## ҚАЙРАН ГӘККУ

Таранған айдын көлде сіз бір аққу,  
Мұндай сөз естіп пе едің, бек ләззәтлу?!  
Сырнай мен домбыраның арасында,  
Балқыған қорғасындай қайран Гәкку.

Асығыс бара жатыр өмір өтіп,  
Өрт шалған табар ма екен көңіл тетік.  
Көргенде ажарыңды айдан аппақ,  
Алайын қайғы шерді жеңілдетіп.

Шомылған дарияда сен қоңыр қаз,  
Әнімді естіртейін айтып бір наз.  
Айрылып сенен сәулем қалған күні,  
Дұшпаным масайрайды-ау, болып бір мәз.

# ГӘККУ

## *(III-түрі)*

Таранған айдын көлде сіз бір аққу,  
Мұндай сөз естіп пе едің, бек ләззатлу?  
Сырнай мен домбыраның арасында,  
Балқыған қорғасындай қайран Гәкку.

Шүрегей көлден ұшқан сен бір тарғақ,  
Мұхиттың дариясына салдым қармақ,  
Іліксе қармағыма іздегенім,  
Басайын аяғымды алғақ-шалғақ.

Дарияның ортасында сіз қоңыр қаз,  
Қалқама көңілім сүйген айтамын наз.  
Толықсып мың құбылған "Гәккуімді",  
Өзімдей үйреніп ал, бір сал маңғаз.

## ГӘККУ

*(IV-түрі)*

Қыздан да қылықтымын жүрген жерде,  
Құлақ сал сөз сөйлеген біздей ерге.  
Ақ тамақ, шұбар бауыр қоңыр қаздай,  
Сала алмас "Гәккуіме" ешбір пенде.

Ақынға қиын емес өлең деген,  
Адамның ойында жоқ өлем деген.  
Ақ көйлек, үкілі бөрік қыз секілді,  
Басайын "Гәккуіме" көлбеңдеген.

Шомылған дарияда сен қоңыр қаз,  
Әнімді естіртейін айтып бір наз.  
Айрылып сенен сәулем қалған күні,  
Дұшпаным масайрайды-ау, болып бір мәз.

# ГӘККУ

*(V-түрі)*

Таранған дария көлде-ай, сіз бір аққу,  
Мұндай сөз естіп пе ең, бек ләззатлу?  
Сырнай мен домбыраның, ей, арасында,  
Балқыған қорғасындай қайран Гәкку.

Ақынға қиын емес өлең деген,  
Адамның ойында жоқ өлем деген.  
Талай жыл сағынғаным жарқ еткендей,  
"Гәккудің" ақ дидарын көрем сенен.

Құс салып айдын көлде дабыл қақтым,  
Ән салып талай елдің дәмін таттым.  
Жиналып қыз-бозбала отырғанда,  
"Гәккуді" қайтқан қаздай қаңқылдаттым.

# ҚАЙРАН ГӘККУ

*(VI-түрі)*

Қыздан да қылықтымын жүрген жерге,  
Ханнан да қадырлымын туған елге.  
Ақ тамақ, шұбар бауыр қоңыр қаздай,  
Сала алмас Гәккуіме еш бір пенде.

Таранған айдын көлде сіз бар аққу,  
Мұндай сөз естіп пе едің, бек ләззатлу.  
Сырнай мен домбыраның арасында,  
Балқыған қорғасындай қайран гәкку.

Дүниені сайран қылған мен бір сері,  
Бұл әнді салып жүрмін көптен бері.  
Ақ тамақ үкілі бөрік қыз секілді,  
Басайын "Гәккуіме" әрлі бері.

Құс салып айдын көлде дабыл қақтым,  
Ән салып талай жердің дәмін таттым.  
Айта алмай "Гәккуімді" еш бір пенде,  
"Гәккуді" қайтқан қаздай мамырлағтым.

## ГӘККУ

*(V-түрі)*

Таранған дария көлде-ай, сіз бір аққу,  
Мұндай сөз естіп пе ең, бек ләззатлу?  
Сырнай мен домбыраның, ей, арасында,  
Балқыған қорғасындай қайран Гәкку.

Ақынға қиын емес өлең деген,  
Адамның ойында жоқ өлем деген.  
Талай жыл сағынғаным жарқ еткендей,  
"Гәккудің" ақ дидарын көрем сенен.

Құс салып айдын көлде дабыл қақтым,  
Ән салып талай елдің дәмін таттым.  
Жиналып қыз-бозбала отырғанда,  
"Гәккуді" қайтқан қаздай қаңқылдаттым.

# ҚАЙРАН ГӘККУ

*(VI-түрі)*

Қыздан да қылықтымын жүрген жерге,  
Ханнан да қадырлымын туған елге.  
Ақ тамақ, шұбар бауыр қоңыр қаздай,  
Сала алмас Гәккуіме еш бір пенде.

Таранған айдын көлде сіз бар аққу,  
Мұндай сөз естіп пе едің, бек ләззатлу.  
Сырнай мен домбыраның арасында,  
Балқыған қорғасындай қайран гәкку.

Дүниені сайран қылған мен бір сері,  
Бұл әнді салып жүрмін көптен бері.  
Ақ тамақ үкілі бөрік қыз секілді,  
Басайын "Гәккуіме" әрлі бері.

Құс салып айдын көлде дабыл қақтым,  
Ән салып талай жердің дәмін таттым.  
Айта алмай "Гәккуімді" еш бір пенде,  
"Гәккуді" қайтқан қаздай мамырлағтым.



## ҚАРАТОРҒАЙ

Шөш алмас жасық темір қайрағанға  
Томар су суат бермес жәйлағанға.  
Белің бу тәуекелге, ей, жігіттер,  
Жазудан артық болмас ойлағанға.  
"Тоймасқа құймас" — деген бір мақал бар,  
Сый құрмет неге керек тоймағанға.  
Көңілің тас та болса бір жібиді,  
Таңертең қараторғай сайрағанда.

Шекерден сөзім тәтті тыңдағанға,  
Алтыннан артық деп біл бұлдағанға.  
Бай болса мың жылқылы неге керек,  
Айтысқан уағадада тұрмағанға.  
Бір атым насыбайдан көңіл қалар  
Айта бер айтсаң сағың сынбағанға.  
Жатсаң да шырт ұйқыда оянарсың,  
Сәскеде қараторғай шырқағанда.

Жанасып неге керек сүймегенге  
Қиянат қылмау керек тимегенге.  
Әуелде заты жаман төрге шықпас  
Қолтықтан жоғарыға сүйрегенге.  
Шын жақсы бір айтылған сөзден таймас,  
Сыртынан өзімсініп билегенге.  
Толықсып қорғасындай денең балқыр  
Тал түсте қараторғай күйлегенде.

\* \* \*

Ақылды сөзге шаң қонбас.  
Қайғысыз, мұңсыз жан болмас,  
Ай жарығы таң болмас.  
Қара су қайнап бал болмас.  
Қосылған жолдан шүйкебас,  
Жан қияр жерде жар болмас.  
Айыр өркеш нар болмас.  
Әкенің сөзі балаға  
Қанша ұрысса да ар болмас.  
Еңбегің елге сіңбесе  
Артыңнан іздеп зар болмас.  
Түңіліп тұрмын заманға,  
Болар деп тірек, қай жолдас.  
Есі бар сергек інілер  
Намысқа басып бол, қолдас.  
Ұқласаң сөзді кәрі-жас,  
Ортайғаның бір толмас.

## АЛТЫБАСАР

Қыз қайда қалқатайдай көңіл ашар,  
Өмірім, сәулем, кетіп болады нашар.  
Айрылып жан қалқадан қайтқан күні,  
Әніме бір басайын "Алтыбасар".

Айрылдым сенен, қалқам, жылай-жылай,  
Боламын неғып адам бұдан былай.  
Қапаға мені, сәулем, салып кеттің,  
Алты жыл гашық болған қарағым-ай.

Келуші ем кеш болғанда көңілім түсіп,  
Ежелден қадірлестік бірге өсіп.  
Астынан ақсаңдықтың аттандырып,  
Қалушы ең есендесіп, қолды қысып.

Ей, қалқа, талпынушы ең, бала құстай,  
Аулыңа неше келдім ала қыстай,  
Бір жаман мал бердім деп алар, кетер,  
Тұйғыннан жем айырған қара құстай.

Ей, қалқа, сен маған жоқ, сен маған жоқ,  
Басыңда кәмшат бөркің үкілі шоқ.  
Көзіме шырт үйқыда елестейсің,  
Оянып тұра келсем, дәнеме жоқ.

Ей, қалқа, сен ақ қоян құмнан қашқан,  
Аспанда мен ақиық шабыт құшқан.  
Қан қылмай ақ жүніңнен бір ілейін,  
Қарасын тамашалап қас пен дұшпан!

## ЖАЗҒЫТҰРЫМ

Наурыз келді, қар кетті,  
Кеңшілік келді, тар кетті.  
Қара жерге жайылып,  
Бетіменен мал кетті.  
Сұрша бұлтты жамылып,  
Көкше мұзды тебініп,  
Талма-қазан зарыққан,  
Жылқышы баққан таң кетті.  
Байларға қосқан аз малын,  
Өзді-өзіне меңгертті.  
Балалар, бақ малыңды,  
Ұмытпа адал еңбекті.

Қалың бұлтты қақ жарып,  
Күн көрсетті шуақты,  
Алты ай жатқан ақ күртік,  
Қимады жатқан тұрақты.  
Сол жақтан шыққан суық жел,  
Ақ күртіктің арасын  
Дем салғандай үшкіріп,  
Үңгірлеп ішін құлатты.  
Шын келгенін білген соң,  
Денесіне суық жел  
Ызғарланып кірген соң,  
Қар да бекіп тұрмапты.  
Жердің жүзі саз болып,  
Сазы жоқ жер аз болып,  
Сай-сайдан жылжып су ақты  
Жол-жолын тауып бұрмаштап,  
Биіктен ақса құлаштап,  
Демін алып кідірмей,  
Көзі ілініп мүдірмей  
Қаншама күндер түн қатты.

Тіке тартып кете алмай,  
Жалпақ жерде ылбырап,  
Биіктен ақса сылдырап,  
Терең жерде түнжырап,  
Тұрымтайдай құлдырап,  
Ақылға салсаң, халайық,  
Жалтаң-жұлтаң бұлт еткен,  
Көрсеткен аз күн бұлғақты.  
Бастап жүрген басшы жоқ,  
Бұраңдап жүріп бұлтыңдап,  
Құятын барып жөн тапты.

Күстар келді шуылдап,  
Қанаттары зуылдап,  
Білгенімше айтайын  
Бас-басына буындап.  
Көк мойын "Таған" құс алды,  
Көрдік міне нысанды,  
Жалаңаш жалпы шуылдап,  
Бала-шаға қотанда  
Алты ай қыс көрген қысанды,  
Жасыл шұбар жүні бар,  
Бұлбұлдайын үні бар,  
Қараторғай деген құс,  
Оның да атын біліп ал.

Қоңыр қаз келді қаңқылдап,  
Қауырсыны жалпылдап,  
Сұқсыр мен көгал жаңа да,  
Көгалдың даусы барқырап,  
Көл қорыған қызғыш құс,  
Бауыр жүні жалтылдап.  
Жер жүзі тойды ыңқылдап,  
Буланып беті дымқылдап  
Ителгі келді сыбанып,  
Сұлу қаздай назданып,  
Көмейден даусы сыңқылдап.  
Сегіз найза қолыңда,  
Тұяқтың, ұшы жылтылдап.  
Екі көзі мөлдіреп,

Шабыттанып сымшылдап.  
Бізғарын төгіп суық жүз,  
Аузынан жалын бұрқылдап.

Жұмыртқа іздеп балалар,  
Өзекті, шілік көлдерді,  
Ізденіп жүріп аралар.  
Балалықпен байқамай,  
Аяғын шөгір жаралар.  
Бұдан басқа мың түрлі  
Ғажаптары және бар.  
Ойлап тұрсаң бұл кезді,  
Қиялға қиял жамалар,  
Құбылысты мың түрлі  
Қай ақын түгел шамалар.

## АҢШЫНЫҢ ӘНІ

Бір қызық ит жүгіртіп, аң ауласа,  
Мінген ат шабуылмен танауласа.  
Кигенің іші қызыл орман түлкі  
Құлпыртып жез сабаумен сабауласа.

Болғанда биенң жарау, атың қату,  
Жігітке ылайық па қарап жату.  
Серілік, жастықта ерлік бойға қонып,  
Аңшылық бір қызық іс дуылдату.

Қызыл жел көңіліңді қыздырмалап,  
Тұрмай ма тағатынды бұздырмалап.  
Жүйрік ат, қыран бүркіт, алғыр тазы  
Үшеуі ер жігітке құйрық, қанат.

Тақтай бет, салыңқы төс, қамыс құлақ,  
Бөп-бөлек ойынды еті жатса құлап.  
Қимастай бір досыңнан сұрап алып,  
Кежімдеп кереуетте жатсаң сұлап.

Бүркітің сонда тұрса саңқ-саңқ етіп,  
Күтіліп саятшымен бабы жетіп.  
Қанды көз, қайқы тұмсық қарауытып,  
Ұмтылып көрінгенге тап-тап етіп.

Қарғылы тұрса тазың, құмай анық,  
Керіліп бір сілкінсе бұраң қағып.  
Таңертең аңға шығар мезгілінде,  
Еркелеп келсе жетіп сылаң қағып.

Сол күні келе қалса аң құмарың,  
Көңілің соғып тұрса, ынтызарың.  
Бүгілтіп жылқыдағы жарау атты  
Әкелсең төгілдіріп жібек жалын.

Серік боп аңға шықса құсты біреу,  
Еріне алтын балдақ қылып тіреу.  
Жігіттің бес күн жарым ғұмырында,  
Уа, шіркін, қиял жеткен бұл бір тілеу.

Таулардан қашса түлкі бұлдыр ағып,  
Соңынан құса тазы сылдыр қағып.  
Кейінгі дабылшының айқайымен  
Қайқақтап қыран ұшса бұлтты жарып.

Алғанда бірі бастан, бірі таңнан,  
Құтылмас қашқан түлкі құс қыраннан.  
Жігіттер бес күн жарым өмірінде  
Мұншама қызық өтпес бұл жалғаннан.

Сол күні түлкі қуып, тауды айналып,  
Қарайып, күн кеш болса көз байланып.  
Түлкіні қанжығаға байлап алсаң,  
Қонуға қызды ауылға ыңғайланып.

Желіккен сол көңілмен қайтқанда елге,  
Мінген ат қырауыртып батса терге.  
Өлеңші домбырашың қасыңда боп,  
Кез болсақ қоналқаға, бұраң белге.

Самауыр ақ шәйнекпен тұрса қайнап,  
Отырса бір сұлу қыз көзі жайнап.  
Сол күні қыз әкесі үйде жоқ боп,  
Отырсақ әзілдесіп күліп, ойнап.

Шешесі желөкпелеу жастау келсе,  
Ол қызға бір жеңгесі қастау келсе.  
Бір жігіт жақуімен түлкі сойып,  
Әзілмен қалжың сөзін бастай берсе.

Сол жігіт бастай берсе әзіл сөзін,  
Толқысаң төртеу болып екі көзің.  
Тиісер қиыстырып сөз таба алмай,  
Ұнатып қыз отырса істің тезін.



## ҚАРАҒЫМ, ҚАЛҚАМ, СЕНІ АЙТАМ

Көп ойлаймын, көп айтам,  
Қарағым, қалқам, сені айтам.  
Табынтты саған жаратқан,  
Сүйгізші аппақ тамақтан.

Дүние жалған демеші,  
Қолдашы мені жебеші.  
Ертеңім артық бүгіннен,  
Сүйгізші қалқам тіліңнен.

Құштармын ғашық кезіңе,  
Еліктім ынтық сөзіңе.  
Құшақтап тұрып ерінген  
Сүйгізші балдай ерніңнен.

Сағынып қайғы жеп айтам  
Аққуым көлде деп айтам.  
Өзгені қайтем сөз қылып,  
Қарағым, қалқам сені айтам.

# ӘР-ӘР-ӘЙ

(I-түрі)

Мөлдіреп қарақаттай көз жанарың,  
Ер жеттің, енді келді сөз жазарым.  
Сыртыңнан талай ғашық зарланып жүр,  
Сіз қалай жұбатпақсыз көп назарын.

## *Қайрымасы:*

Айтар сөзім әр-әр-ай,  
Қалмасын сөзім жарамай.  
Әр-әр-ай,  
Әр-әр-ай.

Қарағым, бізге құрмет сақтағайсың,  
Іштегі жан тілегін ақтағайсың.  
Жарайды мен білгенді сен де білсең,  
Өзгеге құпияны ашпағайсың.

## *Қайрымасы:*

Айтар сөзім әр-әр-ай,  
Қалмасын сөзім жарамай.  
Әр-әр-ай,  
Әр-әр-ай.

## ӘР-ӘР-ӘЙ

*(II-түрі)*

Ыбырай отыр оң жақта,  
Сақал мұрты аққудай.  
Кәрілік деген не, пошом,  
Қалыңдық жас, көңіл жай.  
Әр-әр-ай,  
Әр-әр-ай.

Ыбырай отыр оң жақта,  
Сақал мұрты аққудай.  
Қызды әкелді жеңгесі,  
Кірмеді үйге өңгесі.  
Әр-әр-ай,  
Әр-әр-ай.

# ҚАРАҚАТ КӨЗДІ, СЫМ САУСАҚ

*(I-түрі)*

Қарақат көзді сым саусақ,  
Лебізің сенің бал қаймақ,  
Жолыңа сенің сарп етпей,  
Неге де керек малды айдап.  
Қадірін білмес ақымақтар,  
Атын бір қалсын борбайлап.

Қарақат көзді ақ білек,  
Айтайын бір сөз үлгілеп.  
Қайғың алды денемді,  
Жүректің басын тілгілеп.  
Жанапай сөзді қой, сәулем,  
Қалмасын көңіл құр жүдеп.

Қарақат көзді ернің бал,  
Сен кеткен соң не дүр хал.  
Жолдасың теңдес болмаса,  
Керексіз қалар жиган мал.  
Ұшып кетер қызыл гүл,  
Жан-жағыңа көзің сал.

Шоланның едің жұлдызы,  
Мұқиттың едің құндызы.  
Ардақтаған жұмаққа  
Өзіңнен аспас хор қызы.  
Өмірімнің еркесі,  
Балбырап тұрған қырмызы.

Көктемнің көркем айындай,  
Қытайдың қағаз шайындай.  
Еркелейсің жан сәулем,  
Қысырдың арда тайындай.  
Жарқ етіп шықшы алдымнан,  
Еш адамнан тайынбай.

# ҚАРАҚАТ КӨЗДІ, СЫМ САУСАҚ

*(II-түрі. Алғак)*

Қарақат көзді сым саусақ,  
Лебізің шекер, бал қаймақ,  
Жолыңа сенің сарп етпей,  
Неге де керек малды айдап.

Қарақат көзді ақ білек,  
Айтайын бір сөз үлгілеп.  
Қайғың алды денемді,  
Жүректің шетін тілгілеп.

Мұхиттың сенсің құндызы,  
Аспанның алтын жұлдызы.  
Өзіңнен сәулем, аспайды,  
Пейіште жүрген хор қызы.

Етің аппақ қояндай,  
Қызығыңа тоям ба-ай!  
Алыстан аңсап келгенде,  
Не қыл деп жатсың, оянбай.

Қарақат көзді, сүмбіл шаш,  
Оймақ ауыз, қиғаш қас.  
Өкпелеп көрген жоқ едің,  
Еркелеп, сәулем, қойныңды аш.

Көрпеңде жатсаң көрінбей,  
Көлденең келдім ерінбей.  
Жабысып қалшы құшаққа,  
Қағазға тиген желімдей.

## МӘЛИКЕГЕ

Бозбалаға бұл бір сын жеке, жеке,  
Әркімнің қасындағы сәулесі ерке.  
Бұйрығы ханзаданың екеу емес,  
Жаныма келіп отыр, ей, Мәлике!

## БІР АЙТҚАНДА ҚАРМАҒАН

Тас балқитын сөз шықса,  
Қабылдай бірін алмаған.  
Залымға қалар көңілің,  
Жарқ етіп көзін салмаған.

Ат-жөні басқа естінің,  
Алудан ғибрат талмаған.  
Бір жақсы көрсе, қасынан,  
Өле-өлгенше қалмаған.

Сертке берік ер жігіт,  
Сөз бұзуға бармаған.  
Жұмағын көрер жалғанның,  
Ақ жолда тәңірім таңдаған.

Әне, сондай адамның,  
Қылығына жанданам.  
Әніңмен сөзді бұлжытпай,  
Бір айтқанда қармаған.

## ЫБЫРАЙДЫҢ ТЕРМЕСІ

Ыбырай ақын сөйлесін,  
Қайғысыз-мұңсыз жан болмас,  
Ай жарығы таң болмас,  
Қарасу жайнап көл болмас.  
Айыр өркеш нар болмас.

Ата-ана сөзі балаға,  
Қанша ұрысса да ар болмас.  
Түрі бірдей болса да,  
Желең мен шапан пар болмас.

Көлденең тапқан жолдасың,  
Жанын қияр жар болмас.  
Боз қырау қалың қар болмас,  
Тәтті желке жал болмас.

Қара нар жатып қартайса,  
Күні өткен сөз пұл болмас.  
Біткен істе мін болса,  
Күлбадам ұста дым болмас.

Жаман мен жақсы бір болмас,  
Жақсы құста сын болмас.  
Тәтті желке жал болмас,  
Өзіңнен тумай ұл болмас.

Аспанда құс боп ұшса да,  
Дүние, малсыз күн болмас.  
Адал жолдан адасқан  
Ұрының сөзі шын болмас.

Бірлік қонған ауылда,  
Шуылдаған үн болмас.



Адал жолдан адасқан,  
Ұрының сөзі шын болмас.

Ақын Ыбырай атандым,  
65 жасқа таяндым,  
Басқармаға келгенде,  
Үндемей кету жөн болмас.



## ҚАРАКӨЗ

*(II-түрі)*

Ақ алма, қызыл алма жемедің бе,  
Тәтті алма шықты қайдан демедің бе.  
Жүгіртіп бір баланы жіберіп ем,  
Шырағым, неге келдің демедің бе.  
Аппақ етің қояндай,  
Шошып сәулем оянды ай.  
Ғашық болған Қаракөз,  
Қызығыңа тоя алмай.  
Ей, сүмбіл шаш,  
Қаракөзім, тәтті-ау сөзің.  
Білсейші келгенімді жалғыз өзің.  
Қарағым, сен ар жақта, мен бер жақта,  
Ойнайды торы арғымақ тал шарбақта.  
Ойымнан жатсам, тұрсам бір кетпейді,  
Сенімен қосылсам деп қай уақытта.

# ҚАРАКӨЗ

*(III-түрі)*

Шіркін ай, жақындығы қандай еді,  
Құрбының өзі теңдес маңдайы еді.  
Ахау айым, Қаракөз айым,  
Кез болған кезең жерде сәулетайым.

Бағдат шаһарында гүл жазира,  
Мақсатқа жетемін бе, уа, дарига.  
Ахау, бұлбұл, мойның бұргыр,  
Бұралып тал шыбықтай жолда тұрғыр.

Лағыл тас су түбінде жатады алтын,  
Суының беті жылы, түбі салқын.  
Суынан сол лағылдың сүзіп алып,  
Азырақ көрер ме еді рахатын.

# ҚАРАКӨЗ

*(IV-түрі)*

Кез болдың тәтті ұйқыда биыл маған,  
Жел көңіл жігіттік те тыйылмаған.  
Бір дұшпан арадағы қас ойлар деп,  
Қалмады елде құрбым сыйынбаған.

Қардан аппақ етің бар,  
Қаннан қызыл бетің бар.  
Қайта айналып келгенше,  
Көкіректе зарлы дертім бар.  
Уа, Қаракөз, қалдың кейін,  
Мен не дейін.

## ӨЗІМ ЖАЙЛЫ

Ән салып сері болып талаптандым,  
Ақылын тыңдамадым барлық жанның.  
Он үш жаста ән салып ел алдында,  
Жолына түспей кеттім дүние-малдың.

Аймаққа "Сал" атандым он сегізде,  
Қайғысыз ендім шалқар бір теңізге.  
Ән қаулап, он тоғызда отғай лаулап,  
Бой бермей ойнақ салдым кемеңгізде .

Жігіт боп жетіп қалдық жиырмаға,  
Үйден дәм кезегенге бұйыра ма?!  
Өнерге өңмен салып ұмтылмасаң,  
Жастықта нәпсі, шіркін, тыйыла ма.

Аралап, талай елдің дәмін таттым,  
Сұлудың асқақ әнмен бабын таптым.  
Қалаған Сәмекеден қара қалпақ,  
Қос буын шекесіне үкі тақтым.

Білмей-ақ, шаш алуды салбыраттым,  
Көк желкеден түсіріп жалбыраттым.  
Пері ме, диуана ма, бақсы ма? — деп,  
Айнала көрген жанды таңырқаттым.

Әкенің тыңдамадым үкімін көп,  
Жүректің өмірінен құтылу жоқ.  
Өнерді құдай берген аямадым,  
Кәрі, жас атаған соң "Үкілім" — деп.

## ПА, ШІРКІН

Па, шіркін! Осылай ма еді айтқан сертің,  
Бір ғой деп ойлаушы едім ақыл көркің.  
Мен сені қиянатпен зорлағам жоқ,  
Бұл күнде не қылсаң да өзің еркің.

Қыс келсе қадыры өтер өткен жаздың,  
Әр ісі паш келеді өнерпаздың.  
Шөл жайлап, томар қонған күні құрысын,  
Болмаса көл саясы қоңыр қаздың.

Жүрекке нешік түрлі белгі жаздың  
Талындай ыргалаңдап біткен саздың.  
Өкшелес замандасым болмаған соң,  
Үзіліп түрі кетті өзіл наздың.

О баста нем бар еді, жүрсем жәй-ақ,  
Кетті ғой қалың қайғың түсті бояп.  
Ізіңе қарға басқан көзім түссе,  
Құшақтап жата қалам төсім таяп.

## ЖЕЛДІРМЕ

Заулап қал тілім, мүдірмей,  
Аққан бір судай, кідірмей.  
Еркін жүйрік белгісі -  
Бауырын жазбас жүгірмей.  
Пенденің бітпес жұмысы  
Қара да жерге көмілмей.  
Жайқалды, шіркін, қызыл тіл,  
Күзгі бір піскен егіндей  
Сараңнан қайыр тимейді,  
Жайлаған жылқы тебіндей.

Жолдас болсаң жақсымен,  
Терең ойлы, ақылы кең,  
Кіші пейіл, сыр шашпас,  
Мінезі, білім келсе тең.  
Жанған отқа бір кіріп,  
Жау қолына тастамас,  
Ішіңе кіріп тор құрып,  
Алдап сені қастамас.  
Қайқақтамай көтерер,  
Досы үшін зілдей тау тасын.  
Таза жүрек, ақ пейіл  
Ренжітпейді жолдасын.  
Өзің жалтақ, өсекшіл  
Болсаң, өмірі оңбассың.  
Іші құлық, сүрқия,  
Кездесең соған сорларсың.



## КЕРЕЙ ЕЛІНЕ

Атыңнан айналайын, Керейім-ай,  
Тар жерде тары төксең терейін-ай!  
Тағдырға тоқсан тоғыз алғыс айтам,  
Керейдей берген құтты мерейін-ай!

Төгілсе өнім көмейден,  
Мерейлен, жаным, мерейлен.  
Әнші, ақынды сыйлауда,  
Ел аспайды Керейден.

Әр жерде тиіп еді пайдаң, Керей,  
Ортаңда салып едім сайран, керей.  
Астыма ат мінгізіп, шапан жапқан,  
Тақуа мырза мейір, қайран, керей.

Керейдің өңшең кербез жігіттері,  
Бірі сал, бірі балуан, бірі сері.  
Табылар талай тарлан ақтаңгерлер,  
Қысылсаң пана болар жігіт ері.

## ШАЛҚЫМА

Өлеңмен екі өкпеңді қалқытайын,  
Қорғасындай денеңді балқытайын.  
Біржаннан алып қалған әнім еді,  
Азырақ "Шалқымамды" шалқытайын.

Салайын "Шалқымамды" ырғақтатып,  
Үкілі домбырамды бұлғақтатып.  
Шығарған әнім еді Көкшетауда,  
Оңаша Торшолақпен келе жатып.

Өлеңмен болдым таныс ой мен қырға,  
Құлақ салып, халайық, әнімді тыңда.  
Біреуге айдай алмас малды беріп,  
Мол қылған ән-өлеңмен мені жырға.

Өлеңмен талай жерді тегістедім,  
Қадір білмес адаммен келіспедім.  
Атығай, Қарауыл мен Керей, Уақ,  
Сен алма, мен бір тауық, жеміс тердім.

## СЫРҒАҚТЫ

Ақ түйғын құс қолымда сырғақты ма.  
Басып-басып алайын ырғақтыма.  
Бозбала, саған айтар өсиетім:  
Жақын жүр әлпештеген ардақтыға.

### *Қайырмасы:*

Беу, дәурен-ай жалған-ай,  
Өтеді арман деген-ай.

Жанып тұрған жас өмір — алқызыл гүл,  
Сипаттауға қызығын жетпейді тіл.  
Жауқазын желбіреген жастық шағым,  
Өмірдің мағынасын түсіне біл.

### *Қайырмасы:*

Беу, дәурен-ай жалған-ай,  
Өтеді арман деген-ай.

## СҮЙГЕНІМ КЕТЕ БАРДЫ ҚАСЫМА ЕРІП

Аузыма дүрия, гауһар сөзім келді,  
Өзіңменен бірге өскен серің келді.  
Қолға алып қу қарағай зарланайын,  
Бекетжан, мүң шағатын кезім келді.

Не сыймас адамзаттың денесіне,  
Құлақ сал, құрбы-құрдас, кеңесіме.  
Тайпалған төрт момынның жорғасы едім,  
Ойнаған хан, қараның төбесінде.

Бұл кезде аяқ емес, бас та емеспін,  
Шаруаға олақ туған жан да емеспін.  
Білмейтін алды-артымды, оңды-солды,  
Ішіме кек сақтаған қас та емеспін.

Бір соғар содыр түбі дүние малға,  
Өсіп ем залалым жоқ ешбір жанға.  
Тырнақтап жиғанымды шашып-төгу,  
Әуелден жазды ма екен мендей сорға.

Бір іске белді байлап мінген кезім,  
Сымбатты бір сұлуды көрді көзім.  
Айтқан сөз, уағадаға белді байлап.  
Жөнелдім Мақпалды алып жалғыз өзім.

Ертерек қамданбадым артымды ойлап,  
Нар кескен болат едім қойған қайрап.  
Атығай, Қарауыл мен Керей, Уақ,  
Баласын төрт момынның жүрдім жайлап.

Жігіттің ең асылы мендей болмақ,  
Үлпікер сүт бетінде болдым қаймақ.

Маңдайым жақсылардан қағылмаған,  
Қамданбай жұртқа сеніп шықтым жайдақ.

Мен келдім жауға бермес елім бар деп,  
Қорғайтын сал-серісін ерім бар деп.  
Жасекем, Масекем мен Жақып ағам,  
Шеті суат дария көлім бар деп.

Артымнан қуып келді жауым бар деп,  
Мал берген қалыңдығым, жарым бар деп.  
Қол жайып ақсақалдар дұға қылса,  
Өмірде ойламаспын кемім бар деп.

Болмаған кімдер ғашық көрген түске,  
Келмейді тәңір ісі қол мен күшке.  
Сайрандап дүрілдетіп жүрген шақта,  
Сүрлеусіз жолға түстім жіп-жіңішке.

Қыз алар қалтам тақыр қалың беріп,  
Жаным қалса жарайды елге келіп.  
Күйеу келіп сайрандап жатқан түні,  
Сүйгенім кете барды қасыма еріп.

## ЖИЫРМА БЕС

Қызды ауылдың сыртынан,  
Қылаң еткен жиырма бес.  
Қызды көрсем қиқайып,  
Құлай кеткен жиырма бес.  
Суға келген жегейге,  
Ұнай қалған жиырма бес.  
Жеңге, халің қалай? — деп,  
Сұрай қалған жиырма бес.  
Қыз-бозбала жиналып,  
Қызып кеткен жиырма бес.  
Алдында мың қамалды  
Бұзып кеткен жиырма бес.  
Іздесең де табылмас,  
Өтті-ау, кетті-ау жиырма бес.

Күлдір-күлдір кісінетіп,  
Күреңді мінген жиырма бес.  
Күрек тісін ақситып,  
Сұлуды құшқан жиырма бес.  
Тастан қашқан түлкідей,  
Сылаң қаққан жиырма бес.  
Жастық шақтың қызығын,  
Ұраңдатқан жиырма бес.  
Төрде жатқан кемпірден  
Қарғыс алған жиырма бес.  
Бесіктегі баладан  
Алғыс алған жиырма бес.  
Іздесең де табылмас,  
Өтті-ау, кетті-ау, жиырма бес.

## ТОЛҚЫН

Әуелі бұл толқынды бастау қиын,  
Екінші көптің сөзін тастау қиын.  
Төрт сөзің түгелімен шықпаған соң,  
Барқырап топ ішінде қақсау қиын.

Толқынды айту керек жайлап қана,  
Өзінің нақысымен сайлап қана.  
Дариядай шалқып жатқан болмаса да,  
Бұлақтай көзі шыққан сайрап қана.

Толқынды айту керек жалындай боп,  
Екпіні емен жыққан дауылдай боп.  
Мамырда майда мақпал жауып өткен,  
Төгілтіп, нөсерлеткен жауындай боп.

## АЛАЙ КӨК

Дария ағып жатқан суда мін жоқ,  
Хайуан, өлдім дерге малда тіл жоқ,  
Құрбылар, тіршілікте ойна да күл:  
Бұл дәурен екі айналып келмегі жоқ.

### *Қайырмасы:*

Мақпалда-мақпал алай көк,  
Үкілі сәулем, ай, көк,  
Үкілі қоңыр үйрек,  
Кеткенде жерің шалғай,  
Шіркін-ау, қалдым жүдеп.

Салганда қара өлеңге тілім майда,  
Тілімнің майдасынан көрдім пайда.  
Әрдайым медег берсе тіл, жағыма,  
Салайын түрлендіріп осындайда.

### *Қайырмасы:*

Мақпалда-мақпал алай көк,  
Үкілі сәулем, ай, көк,  
Үкілі қоңыр үйрек,  
Кеткенде жерің шалғай,  
Шіркін-ау, қалдым жүдеп.



## АҚЛИМА ҚЫЗҒА АЙТҚАНЫ

Көңілім жабырқайды жаман десе,  
Өмірім жарқырайды аман десе.  
Кісіге сенен өзге мойын бұрман,  
Таласса нұры көкке, маған десе.

Сарқырап менің сөзім таусылмаған,  
Ақиық мұзбалақпын саңқылдаған.  
Күніне тыным таппай сілтесең де,  
Мұқалмас қылыштай мың жарқылдаған.

## ШОЛПАН ҚАҚҚАН

Бір жұлдыз бар аспанда Шолпан қаққан,  
Шарайнаның бетіне күміс жапқан.  
Бөгелді, көп ағалар, сөге көрме,  
Артың жүйрік аяғын томар қаққан.  
Сәулем, сені сағындым, еркем-ай,  
Сәулем ай, ай-яй, сәулем-ай.

Орамалдың шетіне түйдім өрік,  
Жүзің сұлу болғанда қасың керік.  
Қасың керік кәмшаттың құндызындай,  
Екі-ай көзің Шолпанның жұлдызындай.  
Сәулем, сені сағындым, еркем-ай,  
Сәулем ай, ай-яй, сәулем-ай.

## ЫБЫРАЙДЫҢ МАҚПАЛ ҚЫЗБЕН АЙТЫСЫ

### *Мақпал:*

Қызы едім Ақтентектің шұға Мақпал,  
Жігітті талап қылған тәңірім сақтар.  
Кірмейтін ешбір жанның өсегіне,  
Айтыссам Ыбыраймен Алла жақтар.

### *Ыбырай:*

Айтамын саған қалқам мен де бастап,  
Қап пен би бір ләмға қалмас ақсап.  
Мезгілсіз ауылыңа бара қалсам,  
Қужайтын кәрі-жасың шығар аңсап.  
Түтіктен су, түндіктен күн көрсек те,  
Екеуміз жолығармыз ебін тапсақ,  
Кез болған кезең жерде қайран құрбым,  
Кетпесің тойған жерге сені тастап.

### *Мақпал:*

Ей, құрбым, ризамын сертке жетсең,  
Жерлер көп, қиын-қыстау аман өтсең.  
Сен үшін жақынымнан болдым алыс,  
Тапсырдым бір өзіңе келмей кетсең.  
Кез болған кезең жерде қайран құрбым,  
Өзің біл ғашығыңды зар еңіретсең.

### *Ыбырай:*

Құдыретің жетеді алла бар қылғанда,  
Біреудің кең дүниесін тар қылғанда.  
Қабырғам сынбаса да қайысады,  
Артымда мен қалдым дер зар қылғанда.  
Өлгенше айырылман деп ойлаушы едім,  
Не болар сонда күнім айрылғанда.

**Мақпал:**

Біліп ем, төгілген соң толмасыңды,  
Ақ сұңқар қайтып қолға қонбасыңды.  
Қалайын амандасып, су перизат,  
Біліп ем өмір жолдас болмасыңды.  
Әлім жоқ енді ұшқанмен алысатын,  
Күн қайда жүйрік мініп жарысатын.  
Жайлауға қой қоздатып шыққан елдей,  
Маңырап бір-бірімізге табысатын.

**Ыбырай:**

Біраз күн жеңгесіне салдым салық,  
Артымда зарланамын Мақпал қалып.  
Кез болған кезең жерде қайран құрбым,  
Қасіретің өзегімді кетті-ау жарып.

## ЖАЛҒЫЗТАУ

Жалғызтау төбең биік бұлттан асқан,  
Сырласып сұлу күнмен құшақтасқан.  
Оқалап қызыл пүліш шапан киіп,  
Құлпырыш май айында жұпар шашқан.

Сылдырап қойнауыңнан бұлақ ағып,  
Қарағай, қайың, терек үкі тағып.  
Сырласып қыз-келіншек көлеңкеде,  
Назданған ғашықтықтың отын жағып.

Бауырыңнан қыран ұшып бұлттан асып,  
Түйіліп тұлкіменен жағаласып.  
Тыңдасаң жүрегінді тербетеді,  
Кеткенде бұлбұл, торғай әнге басып.

Көпіріп Жаманкөлде күміс көбік  
Бетінде толқын ойнап көрік беріп.  
Арудың алмасындай жұмарланып,  
Көк толқын жатыр әне төсін керіп.

Жоталы Жалғызтауым, асқар бөлім,  
Кір жуып кіндігімді кескен елім.  
Ойнақтап ор киіктей тастан тасқа,  
Құр-құрлап ағаш атпен өскен жерім.

## ЫБЫРАЙДЫҢ ҚАНТАЙ СҮЛЕЙМЕНГЕ АЙТҚАНЫ

Мен Ыбырай, жасымнан әнге басқан,  
Талай жақсы-жайсаңмен жем сауласқан.  
Сенің әкең Малдағұл кешегі өткен,  
Қажы қолымен қамбаның аузын ашқан.

Жасың кіші болсаң да, ағам сенсің,  
Қарағаштай алдымда панам сенсің.  
Соңында мен қоңыр тай, телі емген,  
Ішетін пісіп-пісіп сабам сенсің.

Сен шолпан көтерілген жарық таңнан,  
Кем емес, бір басыңа бағың ханнан.  
Құдайым қу жағымды аман қойса,  
Бағыңды көтерермін одан әрман.

Сені көрсем үндемей отыра алман,  
Шыға келер сол кезде топыр алдан.  
Әлі де қызарғанға көзім түссе,  
Мәстектей желпінемін оқыранған.

Бір төмен, бір жоғары өрлейін де,  
Көкке өрлеп домбырамды сермейін де,  
Қарағым, Сүлейменжан, сен болмасаң,  
Басқаға мен осындай терлеймін бе.

## АҚАН СЕРІГЕ

Көз қайда, айнадай боп жайнайтуғын,  
Тіл қайда, бұлбұлдай боп сайрайтуғын?  
Ән қайда, қанша естісең тоймайтуғын,  
Ақыл қайда жер түбін болжайтуғын?  
Айтысқанды аз сөзбен байлайтуғын,  
Асыл қайда бұрқырап қайнайтуғын?  
Өзің ақын, өзің би Ақан аға,  
Күн туды-ау, саған жоқтау арнайтуғын.  
Құлады тауым алдымда,  
Есімнен танып қалдым ба?  
Тойымсыз туған қара жер,  
Ақанды да алдың ба?!  
Жайлы болсын тұрағың,  
Пейіште жансын шырағың.  
Шұрқырап шығып қарсы алсын,  
Құлагердей пырағың.  
Салтыңа мәңгі ерейін,  
Жабыққан жанды жебейін.  
Ақан-аға, бақыл бол,  
Одан артық не дейін.

\* \* \*

Қиналдық қиын іске кіруге де,  
Ойландық әр харіпті білуге де.  
Көңілдің жас күндегі зауқы сөніп,  
Шабандап барамыз ғой жүруге де.

Досыңды мәңгі даяр телуге де,  
Себепсіз қиын болды көруге де.  
Бетімен шауып барып түсетуғын,  
Үй де азайып қалды ғой кіруге де.

## МАЙДАҚОҢЫР

Жігіттің бір қызығы — сауықты өмір.  
Шырқатып ән салғанда қайғың кемір.  
Кешегі бес болыстың съезінде  
Әні еді Ыбырай салған "Майда қоңыр".

Сұлу ат, жақсы қатын — ер қайрағы,  
Жігіттің болып өстім боз ойнағы,  
Қағаз шай, тәтті қымыз — ер азығы —  
Қайғыңды шығарады қай-қайдағы.



## КІСІГЕ КІСІ ЖАРЫ ЖАР БОЛМАЙДЫ

Ұшады бозша торғай аспанменен,  
Бұйрықсыз жан шықпайды сасқанменен.  
Кісіге кісі жары жар болмайды,  
Бауырына балапандай басқанменен.

Су аспас биік жардан тасқандағы,  
Жігіттің жары құдай сасқандағы.  
Жасыңда өнер үйрен талаптанып,  
Қол жетпес еш нәрсе жоқ аспандағы.

## ЫБЫРАЙДЫҢ МАҢМАҢКЕРІ

Маңмаңкер, кекілің келте, жалың майда,  
Бал татыр шекер қосса қағаз шайға.  
Жүрісің желмаядай, жануарым,  
Көрейін қызығыңды осындайда.

Маңмаңгер, ән қосайын жүрісіңе,  
Дер екен қалқа қалай келісе ме?  
Сыдыртып Маңмаңкермен келе жатып,  
Осы әнім құйқылжыған түсті есіме.

Жүйріктің келмей отыр әрбір жері,  
Шығады шапқан сайын аттың тері.  
Жорғаша мұзға салған майда жалды,  
Шырқаған Ыбырайдың Маңмаңкері.

## БАЛҚУРАЙ

Домбыра екі ішекті қолға алайын,  
Қайырып он екі алуан ән салайын.  
Нұр жауар талапты ерге деген сөз бар,  
Мен неге бұл талаптан құр қалайын.

### *Қайырмасы:*

Домбырам басы бал құрай,  
Басына қонар бозторғай.  
Бақ ішінде бұлбұлдай,  
Сайрайды ән бір тынбай.

Домбыра екі ішекті мойыны ыргай,  
Тартқанда он саусағым кетер зырлай.  
Құрбылар жастық шақта ойна да күл,  
Бұл дәурен әлі-ақ өтер бір күн тұрмай.

### *Қайырмасы:*

Домбырам басы бал құрай,  
Басына қонар бозторғай.  
Бақ ішінде бұлбұлдай,  
Сайрайды ән бір тынбай.

## КІДІК-АЙ

Жақсы күйден қанады құлақ құрышы,  
Қалың төсек, тәтті ұйқы — жанның тынышы.  
Жүйрік ат, түзу мылтық, сұлу қатын,  
Жігітке мал мен перзент дәулет құсы.

### *Қайырмасы:*

Ей, кідігай, қыздар-ай, шіркін-ай,  
Уай, кең, кідігай, кідігай.  
Әку-дәку дәрім ай-ай,  
Ігі-гігі, гу-гу, гу-гай.

"Кідігайға" кім салар мен тұрғанда,  
Бір-екі ауыз аузымда жел тұрғанда.  
Қызды ауылдың сыртынан кідігайлап,  
Құйысқаның сарт етер ұмтылғанда.

### *Қайырмасы:*

Ей, кідігай, қыздар-ай, шіркін-ай,  
Уай, кең, кідігай, кідігай.  
Әку-дәку дәрім ай-ай,  
Ігі-гігі, гу-гу, гу-гай.

## ҚАЛДЫРҒАН

Жасымда болдым балдырған,  
Халқымды сөзге қандырған.  
Айналайын, халқым-ау,  
Маңдайдан шырақ жандырған  
Мәжілісімді көркейтіп,  
Мырзалар қалап алдырған.  
Сол балдырған кезімде,  
Ғашықтық оты жандырған.  
Бір сағатта он көрсе,  
Көсіліп әнім жаңғырған.  
Сүмбіленің бұлтындай,  
Сөзім қалың жаңбырдан.  
Алпысқа келген мендей шал,  
Есін білмей қаңғырған.  
Құрбы-құрдас, замандас,  
Іздеп кеп атын шалдырған.  
Кейінгі жастар айтсын деп,  
Атын бір қойдым қалдырған.

Шіркін, дүние, кең едің,  
Бір аз күн алдап бөгедің,  
Орта жүздің ішінде,  
Ән шырқаған мен едім.  
Сарыарқаны сайраңдап,  
Жал мен жая жеп едім.  
Қартайған да дүние-ай,  
"Кайдасың Ыбырай" демедің,

Қызығың дүние өткен күн,  
Кейінгі қуып жеткен күн.  
Қарлығып қарттың дауысы,  
Жастар желдей ескен күн.  
Қара бура қартайса,

Жар басына көшкен күн.  
Байланбаган асаудай  
Сырт айналып тепкен күн.  
Беремін, жастар, батамды,  
Сендерге тізгін көшкен күн.  
Кәрілер бесік тербетіп,  
Жастар гүлдеп өскен күн.

Жасымда өстім қындай боп,  
Күмістен тартқан сымдай боп.  
Болам деген ой бар ма,  
Аппақ қу шұнақ мұндай боп.  
Алпысқа келдім аманат,  
Шықпады-ау ешбір жаманат.  
Қалдырғанды тапсырдым,  
Сұраған саған аманат.

# ҚАЛДЫРҒАН

(II-түрі)

Суаты құмдық көл қайда?  
Жағалай қонған ел қайда?  
Қыз, бозбала бас қосса,  
Ыбырай ақын, сен қайда?

Шіркін бір дүния, кең едің,  
Біраз күн алдап бөгедің.  
Өкпеледім, дүние-ай,  
Жолдас едің демедің.

Жан-жаққа гүлің балбырап,  
Қызықты дүния сен едің.  
Орта жүзді қыдырған,  
Жалғыз да бұлбұл мен едім.  
Арғын, Найман ұлынан,  
Талайдан сарқыт жеп едім.  
Алпыс жасқа келгенде,  
Сақал, мұртым куарып,  
Тамыр біткен суалып,  
Неліктен мұнша жүдедім.

Алпысқа келдім азамат,  
Халыққа шықпай жаман ат.  
"Қалдырғанды" тапсырдым,  
Сұраған саған аманат.

# ҚАЛДЫРҒАН

(III-түрі)

Жасымда болдым балдырған,  
Айтысып сөзге қандырған.  
Айналайын, халқым-ау,  
Маңдайдан шырақ жандырған.  
Мәжілісімді көркейтіп,  
Мәжілісімді көркейтіп,  
Мырзалар таңдап алдырған.  
Сол балдырған кезімде,  
Ғашықтық отын жандырған,  
Ғашықтық отын жандырған.  
Бір сағатта өзгеріп,  
Халқыма өнім жаңғырған.  
Сөз сөйлесем жұртым-ай,  
Сөзім жиі жаңбырдан.

Алпысқа келген мендей шал,  
Алпысқа келген мендей шал,  
Есін де білмей қаңғырған.  
Құрбы-құрдас, замандас,  
Іздеп кеп атын шалдырған,  
Іздеп кеп атын шалдырған.  
Шіркін, дүние, кең едің,  
Қызығы қайтпас төбе едің,  
Орта жүздің ішінде,  
Әнші бұлбұл мен едім.

Сарыарқаны сайраңдап,  
Сарыарқаны сайраңдап,  
Тойдан сыбаға жеп едім.  
Сарыарқаны сайраңдап,  
Тойдан сыбаға жеп едім,



Тойдан сыбаға жеп едім,  
Қартайған соң дүние-ай,  
"Қайдасың Ыбырай" демедің,  
Қартайған соң, дүние-ай,  
"Қайдасың Ыбырай" демедің,

Қара бура қартайса,  
Қара бура қартайса,  
Жар басына көшкен күн,  
Ұстаппаған асаудай  
Сырт айналып кеткен күн,  
Сырт айналып кеткен күн,  
Беремін, жастар батамды,  
Сендерге тізгін көшкен күн,  
Беремін жастар батамды,  
Сендерге тізгін көшкен күн.

Кәрілер бесік тербетіп,  
Кәрілер бесік тербетіп,  
Жастар гүлдеп өскен күн,  
Кәрілер бесік тербетіп,  
Жастар гүлдеп өскен күн,  
Жастар гүлдеп өскен күн.  
Жасымда өстім қындай боп,  
Төске соққан сымдай боп.  
Болам деген ой бар ма,  
Аппақ қу шұнақ қудай боп.

Алпысқа келдім азамат,  
Алпысқа келдім азамат,  
Шықпады-ау ешбір жаманат.  
Алпысқа келдім азамат,  
Шықпады-ау ешбір жаманат.  
Шықпады-ау ешбір жаманат.  
Қалдырғанды тапсырдым,  
Сұраған саған аманат.  
Қалдырғанды тапсырдым,  
Сұраған саған аманат.

## **БІЛМЕГЕН ДОС КӨҢІЛІН ЖАРАЛАЙДЫ**

Әр түрлі тілек, мақсат бар болған соң,  
Тірлікте сөйлер тілің бар болған соң,  
Жігіттер, дер кезінде ойна да күл,  
Күркілдеп отырарсың шал болған соң.

Әр адам өз ісінен шамалайды,  
Білмеген дос көңілін жаралайды.  
Неше жыл тәрбиелеп асыраған,  
Кейбір ит иесіне абалайды.

## АРАРАЙ

Мөлдiреп қарақаттай көз жанарың,  
Ер жеттiң, ендi келдi сөз жазарым.  
Сыртыңнан талай ғашық зарланып жүр,  
Сiз қалай жұбатпассыз көп назарын.

Сүйгенiм бұл дүниеден ғашық жарым,  
Өзiң бас жүрегiмнiң ынта зарын.  
Тәуекел дариясына салдым кеме,  
Бiлмей-ақ түн аяғын, күн шығарын.



Үкілі Ыбырай



Үкілі Ыбырай жайлы (көптеген) алғашқы  
мақалалар жазған Қазақтың ұлы жазушысы  
Сәбит Мұқанов пен ақын Кәкімбек Салықов  
Көкшетауда



Үкілі Ыбырайдың шәкірті, әндерін елге таратушы халық ақыны Молдахмет Тырбиұлы



Үкілі Ыбырайдың дәстүрін жалғаушы жиені,  
халық ақышы Тайжан Қалмағамбетов

Қазақстанның  
еңбек сіңірген  
мәдениет қызметкері  
халық ақыны, әнші  
Үкілі Ыбырайдың  
әндерін кеңінен  
таратқан немересі  
Мұса Асайынов



Үкілі Ыбырайдың әні  
“Гәккүді” орындаған  
Күләш Бәйсейітова  
(Бейіт басындағы  
ескерткіш)





Үкілі Ыбырайдың әндерін үздік орындаушы  
Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген әртіс  
Қапаш Құлышева




ұса Асайыновтың құдағиы Бақыт Арғынбаева,  
әмересі Шыңғыс Ерешұлы, Кәкімбек Салықов



Яхия қажы, Кәкімбек Салықов, Елемес  
Есепқызы - Үкілі Ыбырайдың немересі,  
Мәрия Салықова



Қайрат Байбосынов - Қазақстан Республикасының халық әртісі, Мемлекет сыйлығының лауреаты, Үкілі Ыбырайдың әндерін орындаушы, жинақтаушы; Кәкімбек Салықов - Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Үкілі Ыбырайдың шығармаларын жинақтаушы



Кәкімбек Салықов және Үкілі Ыбырайдың немересі Тұрғын Есепқызы, жоғарыда - ақын Тайжанның портреті

## ЖАҚСЫЛАРҒА

Қазақтың бірдей көрген кедей, байын,  
Айтпай-ақ білетұғын ердің жайын.  
Сегіздің Мұстафасын ұстаз тұтып,  
Шырқадым ол шығарған "Қамажайын".

\* \* \*

Екі дайға келгенде,  
Ұлыққа есеп бергенде,  
Қазақты тура қорлаған.  
Әскерге алып баласаң,  
Сақтай алмай даласын,  
Барар жері болмаған.  
Құрығанын ұнатты,  
Жыласаң өтірік жұбатты,  
Адамдыққа баламай.  
Итеріп жардан құлатты,  
Абақтыда сұлатты,  
Жас, көріңе қарамай.  
Көргенімнің бірі осы,  
Кешегі күннің түрі осы.

## ОТАРБА

Дүрілде, шіркін, отарбам,  
Оза шап қалмай қатардан.  
Алға қарай жоса бер,  
Қалды артыңда ат, арба.

Жылдам жетіп бүгін бар,  
Көкшетаудан Қызылжар.  
Дүрілде, шіркін, дүрілде,  
Жүрісіңнен сүрінбе.

## ҚАЗАҚТЫҢ ЕСКІ ХАЛІ

Мал бағып, шаруа қуған қазақ еді,  
Қоршылық көрген күні азап еді.  
Ел қоры жұрттың соңы есепте жоқ,  
Қазақ байғұс әркімге мазақ еді.  
Қоршылық күні өткен қараңғыда,  
Кешегі Романовтар заманында.  
Жер жүзінің үстінде қанша халық,  
Қазақ жұрты қатарда саналды ма.  
Жуықтап гранына малың барса,  
Қуып алып кетеді-ау көп алдында.

Дүниесін судай төгіп қазақ байы,  
Болысың онан артық шен алды ма.  
Қақалғанның үстіне жұдырық деп,  
Бір қисайған кезінде оңалды ма.

# ШӨРЕНГЕ

## *1-олең*

Арықты бекер мініп төпелейсің,  
Кедейдің жауырына төпелейсің.  
Касыңа қан сонарда ертіп алып,  
Несіне қара көкті жетелейсің.  
Қайырып ақ түйгынды салғандай боп,  
Қолға алып кезқұйрықты мәпелейсің.

Мінгенің астыңдағы өгіздей-ақ,  
Қарамай алды-артыңа төпелейсің,  
Сөзіме менің айтқан түсінбесең,  
Наз қылып маған неге өкпелейсің?  
Қақтығып үлкенге де кішіге де.  
Аптығып айтпас сөзді төкпелейсің.

## *2-олең*

Сөзіңді кім тыңдамас, жүйе болса,  
Ғашықтық балбыраған шие болса.  
Ақ жүзің кімге дәрі керек емес,  
Жұқпалы, оты сөнген күйе болса.  
Нартайлақ, жез бұйдалы деп жүргенім,  
Тайлақшам жабу жапқан түйе болса.

Атымды көкорайға шалдырғаным,  
Қолыма ақ түйгында қондырғаным.  
Ақ түйгын деп жүргенім қара болып,  
Отырып шаппай желмей болдырғаным.  
Жамылдым жанат ішік деп жүргенім,  
Жанатым шекпен болып тоңдырғаным.

## ҚАРАКӨЗ

Кез болдың тәтті үйқыда биыл маған,  
Жел көңіл жігіттікте тиылмаған.  
Бір дұшпан арадағы қас ойлар деп,  
Қалмады елде құрбым сиынбаған.

### Қайырмасы:

Қардан аппақ етің бар,  
Қаннан қызыл бетің бар.  
Қайта айналып келгенше,  
Көкіректе зарлы дертім бар.  
Ал Қаракөз  
Қалдың кейін,  
Мен не дейін,  
Уа, шіркін-ай.

Ой, қалқа, мендей адал, сертке жетсең,  
Жерлерден қиын-қыстау аман өтсең.  
Жанымды өз жолыңнан аямайын,  
Өзің біл ғашығыңды зар еңіретсең.

### Қайырмасы:

Қардан аппақ етің бар,  
Қаннан қызыл бетің бар.  
Қайта айналып келгенше,  
Көкіректе зарлы дертім бар.  
Ал Қаракөз  
Қалдың кейін,  
Мен не дейін,  
Уа, шіркін-ай.



## БАБЫҢДЫ, ДҮНИЕ СЕҢІҢ, ЕШКІМ ТАППАС

Бабыңды, дүние, сенің ешкім таппас,  
Үйінде сені қуған үш күн жатпас.  
Әлемді он сегіз мың алдап-арбап,  
Алдамыш кемпірдейсің сен бір қақпас.

Ит дүние қысырақтағы айғырдайсың,  
Бетіңмен еш адамды бай қылмайсың.  
Кетесің кейде оған, кейде бұған,  
Қысырақты тыныштықпен  
жайғызбайсың.

Сұм дүние соғып кеткен жел секілді,  
Келеді жылжи көшкен сең секілді.  
Басыңа жаман адам бітсе дәулет,  
Үстінде дарияның сел секілді.

Дүние-ай жарға салған лақтайсың,  
Қайнаған, сарқыраған бұлақтайсың.  
Қолымды қанша жұмсап жұғының жоқ,  
Жылтылдап, суылдаған сынаптайсың.

## **БІЛМЕГЕН ДОС КӨҢІЛІН ЖАРАЛАЙДЫ**

Әр түрлі тілек, мақсат зор болған соң,  
Тірлікте сөйлер тілің бар болған соң.  
Жігіттер, дер кезінде сөйле де қал,  
Күркілдеп отырарсың шал болған соң.

Әр адам өз ісінен шамалайды,  
Білмеген дос көңілін жаралайды.  
Неше жыл тәрбиелеп асыраған,  
Иттер де иесіне абалайды.

## ТОПЖАРҒАН

Шұқанақ су түскенмен көл болмайды,  
Құдыққа суалмалы ел қонбайды.  
Біздерге сіздер сөйле дегеннен соң,  
Азырақ сөз сөйлемей жөн болмайды.

Топжарған сал көзіңді шабысыма,  
Түсейін тартынбай-ақ намысыңа.  
Белгілі ортаңдағы жүйрігіңмін,  
Сала бер аш-тоқ демей жарысыңа.

Мұхаммед құдай досы өзің қолда,  
Сүрінген ер Ғали да қазған орға.  
Алдына абзалдардың келгеннен соң,  
Қарағай екі шекті алдым қолға.

Халайық, тыңда кеңес біздей ерден,  
Пенде өлмес, ажал жетпей, қайғы-шерден.  
Орта жүз Аргын, Қыпшақ, Қоңырат, Найман,  
Жүйрікпін жақсылардың қасына ерген.

Мәжілісі жақсылардың дүкенмен тең,  
Кімге ырыс болар дейсің, алған берген.  
Желді күн көлді айналған лашындайын,  
Баптаған жүйрігіңмін жиынға енген.

Қанжардай екі жүзді теңдей тілген,  
Қақпаған шаужайымнан жүйрік желген,  
Тайпалған төрт аяғым бірдей жорға,  
Таймас деп мұзға салса халқым сенген.

Қырымнан қиқу салып дабылға ерген,  
Қыранға Алла жар боп барын берген.  
Жігіттер дер кезінде қимылдап қал,  
Кәрілік тосып алар сары белден.

## МАЛАЙСАРЫ

Арғыннан шыққан батыр Малайсары,  
Тайсалмас жолбарыстан жан қайсары.  
Қолынан жаһаннамға аттаныпты,  
Қалмақтың талай қырғын жандайшабы.

Жараспас бар шындықты тоғандаған,  
Беріпті ұшқыр қанат оған заман.  
Бауырым, Бәсентіін, масайрап қал,  
Батыры батырлардың туған бабаң.

Артында асыл ісі, сөзі қалған,  
Көреген көкірегінің көзі бар жан.  
Абылайды тұтқындағы құтқаруға  
Алдына Қалдан Сереннің өзі барған.

Арқадан Алатауға асып қонған,  
Олжаның сан талайы нәсіп болған.  
Батырдың қарындасы Гауһар қызға  
Қара Керей Қабанбай ғашық болған.

Жеңістің сәті кетпес ақ жолынан,  
Жолбарыс жонда жортса бақ қорыған.  
Тасадан жауы атып мерт болыпты,  
Кеткен жоқ арпалыста жат қолынан.

Осыны білмегенге сын болады,  
Білгенге әруақ, қыдыр шын қонады.  
Мақтансам Малайсары бабамды айтып,  
Айтысқан талай ақын жым болады.

## КӨКЕЙКЕСТІ

Қатгы соқан кәрілік жынменен тең,  
Көзім көрмес болған соң, құлағым кем.  
Әулиесі бақсының қараса да,  
Жүрегімді жазуға табылмас ем.

### *Қайырмасы:*

Дегеніңе жеттің бе,  
Қайран дүние өттің бе?  
Сырнайменен домбыра,  
Мені тастап кеттің бе?

Бірді алдап жүргем жоқ, бірді қарғап,  
Жігіттікті өткіздім өмір талғап.  
Күрмеуіме қысқа жіп келмеген соң,  
Ұш жағына жібердім кендір жалғап.

### *Қайырмасы:*

Дегеніңе жеттің бе,  
Қайран дүние өттің бе?  
Сырнайменен домбыра,  
Мені тастап кеттің бе?

## ҚАЛҚА БАЛА

Жүректің отын, қалқа, жандырасың,  
Лебізіңнен алуа, шекер қандырасың.  
Бірге өскен кішкентайдан асыл еркем,  
Көңілімді қалай менің қалдырасың?  
Ғашықтық қайғы дертің қамағанда,  
Төскейді ақ мойныңмен жарғызасың,  
Есімнен қарап тұрып тандырасың.  
Құр айтқан әзіл сөзің алдағаның,  
Сандықтың аштырмасаң абдырасың.  
Айбатпен сотқа кірген прокурордай,  
Алыстан таққан шолпың сылдырасың.  
Ай жарық терезеңнің дәл түбінде,  
Төсектен қара шашың салбырасың.  
Ұядан жаңа шыққан балапандай,  
Алдымда екі көзің жаудырасың.

## ЖАЙМА ҚОҢЫР

Жігітке өлең де өнер, өнер де өнер,  
Жүйріктей ат өрге салған өршеленер.  
Бозбала, жастық шақта ойна да күл,  
Шамшырақ мың күн жанған бір күн сөнер.

Жігіттің бір қызығы сауықты өмір,  
Шырқатып әнге салсаң қайғың кемір.  
Кешегі бес болыстың жиынында,  
Жайқалтып Ыбырай салған Жайма қоңыр.

## ҚҰРАМА

Әнім бұл салған — "Құрама",  
Дауысым тозған шағында.  
Бұл жалған мәңгі тұра ма?  
Орамай бұлдыр сағымға.

Ән сал десең әлеумет,  
Шырқайын қуат барында,  
Қалмай да қойды ескі әдет,  
Шашымның мынау ағында.

Тарлан көк енді жорғалар,  
Көп думан келсе ағылып  
Домбырасын қолға алар,  
Қалған екен сағынып.

Біраз шырқап берейін,  
Дариядай шалқар ағылып.  
Әлеумет, өссін мерейің,  
Қалмаса күшім тарылып.



## ИМАНБАЙҒА

Айналайын Имекем,  
Бұрынғыдай би ме екен.  
Бастықтары келгенде,  
Бұтына қалай сиді екен.

Осыған ешкім нанбады,  
Келді ғой елдің далбары.  
Бұтына сисе сақтады-ау,  
Май сіңген қара шалбары.

## ҚАРАЛДЫМ

Артық туған Қаралдым,  
Өзіңді ойлап жаралдым.  
Құрмалдық шалып сарп етпей,  
Бар малын сенен аяр кім.

Биікте асыл тұрағың,  
Жайқала шыққан құрағың.  
Ақылың дария мұхиттай,  
Қолымда жанған шырағым.

Ақ сұңқар ұшса қолымнан,  
Бөктергі түссе соңыңнан.  
Басқа да жаққа ұмтылып,  
Адаспа, қалқам, жолыңнан.

Жүйрік міндік жиынға,  
Қызығып кеттім ойынға.  
Бір сен үшін, Қаралдым,  
Басымды тостым сойылға.

Таяқ жеп он күн ағаңнан,  
Түк қалдырмай жағамнан.  
Келуден саған бас тартпас,  
Сұңқармын артық жаралған.

## ЕРЛІ-БАЙЛЫ ЕКЕУГЕ

Па, шіркін!

Ат тұрманның келіскені,

Тырашпан қара майлы жегісті еді.

Мендей-ақ бір адамның еміншегі

Ақ көңіл ашық ықлас қарағыма,

Құдайдың кез келтірген келіншегі.

## АЙМАҚ МЕКТЕБІНЕ

Қайырлы болсын азамат,  
Мерекелі тойларың.  
Жаңа өспірім жастарым,  
Мұратқа жетсін ойларың.

Гүлденер күнге келгенде,  
Мына қазақ Аймағың,  
Той үстіне келгенде,  
Осы еді менің айтпағым!

## МАЙМАҚҚА

Бұқшантайдың баласы Маймақ едің,  
Өлі жүнің түспеген тайлақ едің.  
Әкеңді көрмесем де, естуім бар,  
Арбаңа жалғыз сыйыр байлап едің.

Көбештің қойын жаяу айдап едің,  
Күйген нан қыгтырлатып шайнап едің.  
Бұл күнде болыспын деп күшілдейсің,  
Сол кезде Маймақ болсаң қайда-ақ едің.

Танымай өтсең, нені ойлап едің,  
Шұқшиып мен де сырттай қоймап едім.  
Ақ майды осы кезде жей алмайсың,  
Ұмытпа, жылында бір тоймап едің.

Төс қағып менен қайда бармақ едің?  
Аяқтан әлде мені шалмақ едің.  
Ұмытпа, бес тиындап ақша ұрлаған,  
Посселщик боқтық қазған парнақ едің.

Бір қатынға беруге малың жетпей,  
Отызбеске келгенше бойдақ едің.  
Мен сені жамандайын дегенім жоқ,  
Сен қаспақ, мен халқымның қаймағы едім.

## ЖАН БАСПАС

Қарай көзің сүзіліп,  
Қынай белең үзіліп.  
Сіз-біз деген отыз тіс  
Меруерттей тізіліп;  
Ұйықтамадым ой ойлап,  
Жүре алмадым той, тойлап.  
Санаменен сарғайдым,  
Қарағым, қалқам, сені ойлап.

Үйден шықтым аттанып.  
Барайын деп баптанып,  
Ақ дидарын бір көріп,  
Қызыққа қандым шаттанып.  
Жадырап кеттім жайнадым,  
Жәннатын жердің жайладым.  
"Жан баспас" атты әнімді  
Өзіңе қалқам байладым.

## АБЫЛАЙДЫҢ АҚ ҮЙІНЕ

Абылайдың ақ үйі,  
Қызылжар деген қалада.  
Жарға жақын салынған,  
1824 жыл шамада.  
Орысқа қазақ бағынған,  
Сахарада кенде өскен жұрт,  
Бұларға басшы табылған,  
Күніміз түсті орысқа,  
Болмаспыз ие қонысқа,  
Есінен қазақ жаңылған.  
Мұхамметшіл ақсақал,  
Көзінен жасы ағылған.  
Қайырсыз өскен күндерін,  
Қойдай шулап сағынған.  
Меңгеріп орыс алған соң,  
Қоғалы көл, қолқалы өзенің,  
Учаскеге алынған.  
Кем болмады қабырдан...  
Абылайдың ақ үйі,  
Соншама жылдан салынып,  
Тас болып есігі жабылған.  
Қара жүрек залымдар,  
Білімді бізден жасырды.  
Жасасын Кеңес, жасасын,  
Қазақты қырдан асырды.  
Асырғанның белгісі,  
Жабылған Қазақ ордасы.  
Оқуға есік ашылды...  
Ақмола мен Қызылжар,  
Жаңа өспірім жеткіншек,  
Үйірсек тайдай қосылды.  
Трехэтажный төбесі,

Екі жақта көп есік,  
Білмеймін есік нешесін.  
Есіктей қос терезе,  
Айтуға бұл сөз өнеге...  
Көңілім қандай көнеге.  
Шықсын қазақ баласы,  
Жаңадан саты өреге.



## ҚЫЗЫЛ АСЫҚ

Қыз емес қыздың аты қызыл асық,  
Жастар көп қыз балаға болған ғашық,  
Әзілмен ебін тауып сөйлеспеген,  
Жігіттің түбі шикі, өзі жасық.

Қыз емес қыздың аты қызыл киік,  
Таранған тоты құстай шашын түйіп.  
Қымбатты мінездері-ау балдан тәтті,  
Қызығар көрген жерден көңілің сүйіп.

Тұрмай ма көзің шалса, көңілің ауып,  
Әзілмен сөйлеу керек ебін тауып.  
Білетін құрбы жайын адам болса,  
Ілгегін өзі ашпайша есік жауып.

Жақсылар түбі жылдам ұғысады,  
Табуға бірін бірі тырысады.  
Есті қыз сөзді сыйлап, тосып алса,  
Жайылар оңашада шат құшағы.

Жақсы қыз иіс майдай құтыдағы,  
Жағуға әр кім құмар оны-дағы.  
Болғанда қыздар шабақ су ішінде,  
Мені шортан қуа тартқан жылымдағы.

Қыз емес қыздың аты қызыл қыршын,  
Ойнаған меніменен дымың құрысын.  
Уәдеңнен күндіз берген түнде тайып,  
Қойдың ғой сипалатып жүктің бұрышын.

## ЕЛДІ САҒЫНҒАНДА

Мүдіртпе қызыл тілімді,  
Көңілге алып білімді.  
Айтып бір халқым өтейін,  
Өсіп бір өнген жерімді.  
Аса самал қоңыр жай,  
Есмырза өзен, көлім-ай.  
Шілдеде келіп жайлайтын,  
Қоңыр салқын көк орай.  
Тізілтіп бие байлаған,  
Қызыл, жасыл киініп,  
Қыз-келіншек жайнаған,  
Ерлер қайда сондағы-ау.  
Айтар сөзге тоймаған.  
Колчак деген жау шығып,  
Қазақты жерден айдаған.

### *Қайырмасы:*

Өзен-суың бал татыр,  
Ақ шабағың май татыр,  
Қайткен сүйткен жерім-ай  
Атығай мен Қарауыл,  
Артта қалдың, елім-ай...

Қызыл аяқ жас бала,  
Сексендегі кемпір-шал,  
Өмірі байлық көрмеген,  
Сондай сорлы және бар.  
Мынау шалың кім дейді,  
Бір құдайым білмейді.  
Безіп байдан партияға,  
Оның аузын тілдейді.

Жалған дүние, тағдыр-ай,  
Күгіп алдым зарменен.  
Одан басқа дәрмен жоқ,  
Бұған қылар пәрмен жоқ.

***Қайырмасы:***

Өзен-суың бал татыр,  
Ақ шабағың май татыр,  
Қайткен сүйткен жерім-ай  
Атығай мен Қарауыл,  
Артта қалдың, елім-ай...

## ҚАРА КӨЗ

Шіркін-ай жақындығы қандай еді,  
Құрбының өзі теңдес маңдайы еді.  
Ахау, айым, қара көз айым,  
Кез болған кезең жерде сәулетайым.

Бағдаттай кең шаһарда гүл жазира,  
Мақсатқа жетемін бе, уа, дарига.  
Ахау, бұлбұл, мойның бұрғыр,  
Бұралып тал шыбықтай жолда тұрғыр.

Лағыл тас су түбінде жатады алтын,  
Суының беті жылы, түбі салқын.  
Суынан сол лағылдың сүзіп алып,  
Азырақ көрер ме еді бар рахатын.  
Ахау, айым, жорға тайым,  
Кез болған кезең жерде қалқатайым.

## “ЖАЛҒЫЗТАУ”

“Бісмиллә” — деп бастайын,  
Жадымда алып алланы.  
Бісмиллә жүрсе аузыңда,  
Жан тәніңнің қорғаны,  
Дәулет пен бақ ауру сау,  
Бір алланың пәрмені.  
Шешен деп айтса, біреуді,  
Аузына құдай салғаны.  
Тіл жақсысын бермесе,  
Пәнденің нешік дәрмені.  
Қайырсыз пәни сүм дүние,  
Баяны жоқ жалғаны.  
Жеріне жетіп шаппаса,  
Ешкім бабын таппаса,  
Жүйріктің кетер арманы.

Жүйріктіктің белгісі,  
Артында үлгі қалғаны.  
Қас ақымақтың белгісі,  
Қиюсыз сөзге нанғаны.  
Жомарттықтың белгісі,  
Мұхтар жи нашар алғаны.

Жұрты келсе үймелеп  
Кетпесе дұшпан кимелеп,  
Маңдайдан шырақ жанғаны.  
Дариялықтың белгісі,  
Шөлдеген мақұлық тойғаны.  
Қорқақтықтың белгісі,  
Айтқан бір сөзден танғаны.  
Ақсүйектің белгісі,  
Бергенін қайтып алмайды,  
Қайырылып көзін салмайды.

Сүйегі тату кей жаман,  
Айтқан бір сөзге нанбайды.  
Ақырғы күнім нешік деп,  
Хақ мұсылман зарлайды.  
Өлерін кәміл білген жан,  
Жұмақтан орын қамдайды.  
Тауықсыз болса пендесі,  
Сүйместен ұлын қарғайды.  
Аллаға мойын қойған жан,  
Бұл сөзімнен аңдайды.  
Аманат тұр жаныңыз,  
Жазуда риыздық дәміңіз,  
Қайсынды ажал таңдайды.

Өлімге дауа таппаған,  
Оплогон, Хакім, Даниэл,  
Табармыз деп салған бал,  
Алланың ісін кім бұзар,  
Пәнделіктен не дүр хал.  
Иләиел ғаламен,  
Тұғирлық жолға өзің сал.  
Еһтияр жүзі екі жол,  
Жанға айтты бірін таңдап ал,  
Тәніңнен жаның шыққан соң,  
Артыңда қалар жиган мал,  
Бұл дүниеден пайда жоқ,  
Болсаң да патша Даль мен Зал.

Жаңғалақтың белгісі,  
Айтқанға кетер тоқтамай.  
Парақордың белгісі,  
Ит аузында соқтадай.  
Жеті атасы бергенді айт,  
Ұлы қызын көргенді айт.  
Тұрайын неғып мақтамай,  
Жақсының сөзі алтынды,  
Адал сөз бұзбас халқыңды.  
Ағайының мол болса,  
Дәулеті шалқар көл болса,  
Қара ағаштай барқыңды.

Ағайын аузын қақпаса,  
Бойыңнан мінді таппаса,  
Топта бір жүзің жарқынды.

Кей жақсының мінезі,  
Аялаған мақтадай.  
Аузынан бөтен шықпайды,  
Қиюы келген қақпадай.  
Артыңда жатып қалың жол,  
Дұшпанға салсаң салқынды.  
Дәулеті келте ер жігіт,  
Баулы құстай талпынды.  
Бұл күнгі кеңес малды да,  
Қалмады қуат жарлыда,  
Бұрынғы тәртіп сарқылды.  
Арғымақтан жал кетіп,  
Мәстекке кілем артылды.  
Ер боп өткен атам деп,  
Мен не ғып жайға жатам деп,  
Талайдың беті шарпылды.  
Томар судан көз шығып,  
Бұрынғы дария тартылды.  
Томар су дария көл болды,

Ойпаң өсіп, дөң болды.  
Көлде жүзген қоңыр қаз,  
Қарақұсқа жем болды.  
Қойыңды баққан қызметшің,  
Көбейіп алып, ел болды.  
Атыңды ерттеп, ас ішкен,  
Өзіңменен тең болды.  
Уағадалы бір жан жоқ,  
Қылған бір қайыр сел болды.  
Мәстектен жүйрік көбейіп,  
Тұлпардан жүйрік кем болды.  
Осындайда көрген соң,  
Теріс азу қайран сабаздар,  
Ақылы кетіп, мең болды.

Жер жүзіне қазақтың,  
Ақылы ауды сайлауға.  
Бай малын шашып бақ үшін,  
Қызыгына тоймауға.  
Мал мен сатып бақ алып,  
Адалды қоям дегенге,  
Жібермеді таңдауға.  
Болыстық билік бақ беріп,  
Жыландай келді арбауға.  
Күш-қуатыңды алуға,  
Әуелде келген алдауға.  
Денеңнен қуат кеткен соң,  
Келе ме тілің қарғауға.  
Жапырақты жайқалтып,  
Жорға мініп тайпалтып,  
Көшуші едік жайлауға.  
Жүрер жолың бекініп,  
Енді түстік қармауға.  
Керегін кәпір алып тұр,  
Жеріңе қала салып тұр.  
Тастаған байлап құлындай,  
Зират, молаң қалып тұр.

Қиындықтың белгісі,  
Атаң қонған жер қалса,  
Көз үйренген көл қалса,  
Бір жағынан бөлініп,  
Ағайын туған ел қалса.  
Қатты тәтті сөйлескен,  
Құрбы-құрдас тең қалса,  
Шыға алмайсың бұлқыныш,  
Кәпірдің құрған торынан.  
Қайырылып келіп қонарсың,  
Тартып бір қалса бауынан,  
Өз еркің болса өзіңде,  
Құлан да кетпес қағынан.  
Кім еркімен кетеді,  
Айырылып жеке табынан,  
Тағдырда жазса болмайды,  
Істің бір қара ағынан,



Қойдай шулап жөнелдік,  
Атамыз қонған тауынан.  
Көңілге кірді жабырқау,  
Осы ма бізге таңырқау.  
Оқ атпай, қылыш шабыспай,  
Мұнысы несі, япырмау?  
Қиындық көрсе бір адам,  
Кемшілік соның басында-ау.  
Алыстан төбең көрінген,  
Көрінумен хабар берілген,  
Қош, есен бол, Жалғызтау!  
Бауырыңда қыстап, жас жайлап,  
Атамыз қонған тау едің,  
Жел жағымда пана едің,  
Ешкімнен көрмей кемдікті,  
Бетімен өскен жан едім,  
Мүліктенген бұл тауды,  
Атамыз өтті билеген,  
Мүдірмей топта сөйлеген,  
Бір құрықтық ағашқа,  
Сұрамай ешкім тимеген.  
Мейманамыз тасты ма?  
Болды ма бір іс сүймеген?  
Сылымадай шауып балтамен,  
Бір сұмдық көрдік бүй деген.  
Меңге түсті кемшілік,  
Алланы хақ деп бірлеген.  
Қолы шебер, тіл шешен,  
Атамды жұрт жоқ білмеген,  
Жұрт иесі сұлтан да,  
Маңайға батып келмеген,  
Бір нәрсеге бет қойса,  
Жалғыз тәңірім жөн деген,  
Тәңірінің берген кезінде,  
Талайларды емдеген,  
"Жалғызтау" сенің себебің,  
Елдегі жүйрік жорғадан,  
Қалған жоқ шығар мінбеген.  
Осындай болып тұрғанда,  
Талай жақсы күндеген,

Қамалып келіп, жау кәпір,  
Жан жағыңды күрмеген,  
Жайылып жатқан кең күнде,  
Кімнің бір малы жүрмеген,  
Кімдер келіп кірмеген,  
Қала қылып жеріңді,  
Жүндей түтіп еліңді.  
Сылымадай шауып өлтірді,  
Аты атанған еріңді,  
Көп екен күнің көрмеген,  
"Жансуыр", "Бұлақ", "Суылдақ",  
Жұрт жиылған жер едің,  
Төре, қара дуылдап,  
"Шалқар" көл сенің ығыңда,  
Бағусыз қара қыбырлап,  
Топырағың — алтын, суың — бал,  
Жұрт кетпейтін тұғырлап,  
Осындай болған жерлерім,  
Көкіректің қозғап шерлерін,  
Енді кеттік "Жалғызтау",  
Табысқан қойдай шуылдап.  
Қош, есен бол "Жалғызтау",  
Табысқан қойдай шуылдап.  
Қош, есен бол "Жалғызтау",  
Сыртыңда биік мұнар бел,  
Суыңды ішіп, шөбің жең,  
Күнөлткен сенен қанша ел.  
Ол заман қайтіп келмейді,  
Соғып бір өткен ол — бір жел.  
Ел мен жер еске түскенде,  
Көзімнің жасы болар сел.  
Мына сүм дүние алдаған,  
Адамзаттың талайын,  
Кім еркімен бұзады,  
Қондырған ата сарайын.  
Атаң қонған сарайдың,  
Кім кетер қиып пана айын,  
Басына келген біледі,  
Қиыны мен оңайын.  
Біздерден сізге аманат,

Кейінгі қалған ағайын.  
Кейінгі қалған зираттың,  
Алып тұр кәпір маңайын,  
Зиратты олар қорласа,  
Алла берсін сазайын.  
Зиратты қорлап жүрмесін,  
Аманат сізге тағайын.  
Қош, аман бол ұрықтар!  
Аққан бір бұлақ тұнықтар,  
Тауды айналған бұлттар,  
Саған біткен қарағай,  
Құйылған шамдай құрықтар,  
Жалмауыз жалған сұм дүние,  
Қайсыңызға тұрақтар.  
Риыздық дәмің біткен соң,  
Күннен күнге ажал жуықтар,  
Қарағай, қайың, терегің,  
Көп еді сенің себебің,  
Сыпырған тас па ағашың,  
Талайдың көріп өнерін,  
Пеңде ұлық бұзар ма,  
Бір алланың дегенін.  
Еһлұмға патша болсаң да,  
Алла бір салса, көнерің,  
Көретұғын күн болар.  
Талапты ердің жігерін,  
Еркін жүйрік талмайтын,  
Жіберсең алып шілдерін.

## ЫБЫРАЙДЫҢ БЫЛҚЫЛДАҒЫ

Жігіттің жас кездері — алтын шағы,  
Шешеннің сөйлейтұғын тіл мен жағы.  
Тұғырын ақ сұңқардың ителгі алып,  
Ақ сұңқар осы күні көңілі жабы.

Жүректің бола бермес күнде бабы,  
Сынбаған алты алашта әнім сағы.  
Үкідей, буыны жоқ былқ-сылқ еткен,  
Сал, сері Ыбырайдың "Былқылдағы".

## МЕНИҢ АТЫМ ЫБЫРАЙ

Менің атым Ыбырай,  
Қалмасын сөзім жарамай.  
Қартайған осынау шағымда,  
Қыздар қойды қарамай.  
Арманым жоқ заманға,  
Талай әнді салам-ай.

Қайран дүние өттің бе,  
Жетпіске мен де жеттім бе.  
Гармонь менен домбыра,  
Мені тастап кетгің бе.

Менің атым Ыбырай,  
Қалмасын сөзім жарамай.  
Қартайған осынау шағымда,  
Қыздар қойды қарамай...

## АҚТАЙЛАҚ

Сөзімді кім тыңдамас жүйе болса,  
Ғашығың балбырағыш шие болса.  
Көңілің ақ қағаз деп ойлаушы едім.  
Кір шалып ақ дегенім күйе болса.

Нар тайлақ жез бұйдалы деп жүргенім,  
Боздаған үй артында түйе болса.  
Бағасы жүз теңгелік тай дегенім,  
Күзеулі қойшы астында бие болса.

Шешендік, батыр, ерлік неге керек,  
Қайтеді өз басына ие болса.  
Ай жүзің кімге дәрі, керек емес,  
Жұқпалы оты сөнген күйе болса.

Атымды көк орайға шалдырғанмын,  
Қолыма ақ түйгынды қондырғанмын.  
Ақ түйгын деп жүргенім қарға болып,  
Отырып, шаппай, желмей болдырғаным.  
Жамылдым жанат ішік деп жүргенім,  
Қарашы, шекпен болып тоңдырғанын.

## ҚАЙЛАУ

Ағалар, өлең бізден, ұрықсат сізден,  
Үлгі алған қызыл тілім ескен желден.  
Елімнің ардақтаған мен ақыны,  
Серпіліп қанат қаққан айдын көлден.

Ежелден елге таныс шапқын үнім,  
Қайлаудың ғажап әнін таптым бүгін.  
Таңертең ерте тұрып шырқап, шырқап.  
Жүректің көптен бергі қақтым жүгін.

## ҚАРАТОРҒАЙ

Құс болсаң, жібектен бау тағар едім,  
Күмістен тұғырыңды жабар едім.  
Мойныңа сары алтыннан алқа тағып,  
Қолға алып, сылап-сипап бағар едім.

Салайын мен әніме,  
Қараторғай, қараторғай.

### *Қайырмасы:*

Хала-ла-ла  
Ли-ла-ла-ла  
Ли-лай-ла

Болғанда қасың қара, шашың сүмбіл,  
Албырап екі бетің жанар гүл-гүл.  
Бейіштің гүл жамылған сарайында,  
Сайраған тоты құстай сен бір бұлбұл.

### *Қайырмасы:*

Хала-ла-ла  
Ли-ла-ла-ла  
Ли-лай-ла



## **ЖОЛЫНА МЕН ДЕ ТҮСТІМ ҚЫЗЫҚ ӘННІҢ**

Ән салып, серілікке талаптандым,  
Тыңдамай әке-шеше барлық жанның.  
Бөркіме үкі тағып, сәндікпенен,  
Жолына мен түстім қызық әннің.

## **ШАЛҚАҢДА, ЖАСТАР, ШАЛҚАҢДА!**

Сайрап, сайрап алайын,  
Шаруа сенің ортаңда,  
Республика арқаңда,  
Көгенделіп қалып ең,  
Кешегі күнде арқанға.  
Қалың бөгет ішінен,  
Жаңа шықтың жалтаңға.  
Лениннің салған жолымен,  
Шалқаңда, жастар, шалқаңда!!

## ПАТША ҮКІМЕТІНІҢ САЯСАТЫ

Қазақ халқы ішінде,  
Бай болғанын ұнатты.  
Жарлыны жардан кұлатты —  
Зар еңіретіп жылатты,  
Абақтыда сұлатты,  
Барар жер, басар тауы жоқ,  
Қөшенің бойын таптатты  
Жалбыратып тымағын,  
Қайда барсын сорлылар.  
Сөндірген соң шырақты!..  
Тілеуі қабыл бұл қазақ  
Ақырын зарлап сұрапты.  
Сандалып халық тұрғанда —  
Бір сәуле шығып таң атты!

## ОТАРШЫЛДЫҚ ҚЫСПАҒЫ

Айрылып туған жерінен,  
Бишара қазақ талып тұр.  
Қолынан келер шама жоқ,  
Ішің бір отғай жанып тұр.  
Еркі болса өзіңде,  
...Құлан да кетпес қағынан  
Тағдыр жазса болмайды,  
Жасқанбасқа жауынан.  
Қойдай шулап жөнелді,  
Атамыз қонған тауынан.  
Алыстан төбең көрінген,  
Көрінуге хабар берілген,  
Қош-есен бол, Жалғызтау  
Бауырыңды қыстап, жаз жайлап  
Атамыз қонған тау едің,  
Жан-жағымда пана едің,  
Ешкімнен көрмей кемдікті,  
Бетіммен өскен жан едім.  
Қош-есен бол, Жалғызтау  
Сыртыңда биік заңғар бел,  
Суыңды ішіп, шөбін жеп,  
Күнелткен сенен қалың ел.  
Ол заман қайтып келмейді,  
Соғып өткен ол бір жел.  
Ел мен жер еске түскенде  
Көзімнің жасы болар сел.  
Сұм дүние алдаған  
Адамзатты жалмаған  
Кім бұзады еркімен  
Қондырған ата сарайын.  
Ата қонған сарайдың  
Кім кетер қиып маңайын.

Қиыны мен оңайын,  
Аманат сізге, ағайын.  
Қош-есен бол, рухтар  
Аққан бұлақ тұнықтар  
Жалмауыз жалған дүние  
Қайсыңызға тұрақтар.  
Ризық дәмің біткен соң,  
Күн сайын ажал жуықтар.



## АЗАМАТ СОҒЫСЫ

Бұрынғы тәртіп жойылды,  
Сындырды жуан мойынды.  
Сұмырай көздер ойылды  
Тастатты қамшы, сойылды.  
Жуан білек, жұдырық,  
Келген соң Қеңес қойылды!  
300 жыл жұртты билеген,  
Найзасын тасқа түйреген,  
Белінен басып шойырды,  
Биік тауды құлатып,  
Теңіздерін сұлатып  
Қайғымен басын қуартып,  
Жер жүзінде нашардың  
Шат қылып көңілін қуантып  
Жауыздарға салды "ойынды!" ...

## ОКТАБРЬ ТӨҢКЕРІСІ

Зор қуаныш күн болды,  
Ескі дүние құм болды.  
Николайшы байларға,  
Жарық дүние түн болды.  
Қуылған соң ол байлар  
Кеңшілік міне нұр болды.  
Жуан жұмырық залымдар  
Биік таудың тасы еді,  
Бытырап ұсақ құм болды.  
Дариядай тасып жүргенде,  
Суланып батпақ дым болды.  
Жүрмейтұғын арық шабандар,  
Көтеріп еңсе тың болды.  
Жасасын кеңес, жасасын,  
Жөн білмеген кедейге  
Осындай шаттық күн болды.

## КӘМПЕСКЕ

Қызығың байлар таусылды,  
Мүлік-малың шашылды.  
Шылбыр, тізгін біреуде,  
Қолыңнан алды қамшыңды.

Қайрат қылар күні жоқ,  
Қайғыға әбден малшынды.  
Шынжыр балақ жуанның,  
Жалынға беті шарпылды.

Жазасын алып сұмырай,  
Әділ заңға тартылды.  
Қуана бер, кедейлер,  
Сенің бағың ашылды.

## 1917 жыл

Күн күркіреп, жел шықты,  
Тарлық кетіп, кең шықты  
Суалып қалған өмірден  
Тасыған дария — сел шықты!  
Тәнін-жанын пида кып  
Құлашын жайып көсіліп,  
Ақ жібектей есіліп  
Большевик атгы ел шықты!...  
Большевик халқын бастаған,  
Залымды жойып тастаған,  
Ленин  
деген ер шықты...



## СӘБИТ МҰҚАНОВҚА

Қолыңдағы шырағың  
Алдыңдағы жұмағың,  
Ленинді бердің бе?!  
Қара жерге көмдің бе?!  
Пайғамбар асып, саспайтын,  
Әділ жолды бастайтын,  
Ленин еді күндерің.  
Енді қалды кімдерің?  
Кәрілік жау боп жеңгелде  
Жетпіске тақап келгенде,  
Естіді құлақ қазаны,  
Білдірер көңіл сендерге.

## СОВЕТ

Зор қуаныш күн болды.  
Ескі дүние түл болды,  
Николайшыл байларға —  
Жарық дүние түн болды...  
Жуан жұдырық залымдар,  
Биік таудың тасы еді —  
Бытырап ұсақ құм болды...  
Дариядай тасып жүргендер  
Суалып батпақ дым болды.  
Жүрмейтін арық шабандар,  
Көтеріп еңсе тең болды  
Жасасын Совет, жасасын!  
Жөн білмеген сорлыға  
Осындай шаттық күн болды.

## ЖАҢА ЖОЛ

Ұмытпа, қазақ, ұмытпа!  
Қараңғы сасық тұманнан,  
Көзіңді ашқан бабаңды!  
Ленин салған түзу жол!  
Жатыр міне жосылып!...  
Жидек терген баладай  
Жиыстырып ел қылды,  
Кетіп едің шашылып!  
Өткен күнді еске алып,  
Жаңа жолмен топтанып  
Қызметке кіріс ашылып...

## ЖАҢА ҮКІМЕТ

Бұрынғы тәртіп жойылды,  
Сындырды жуан мойынды.  
Ала көздер ойылды,  
Тастатты қамшы сойылды.  
Жуан білек жұдырық,  
Келген соң совет қойылды.  
Үш жүз жыл жұртты билеген,  
Найзасын елге түйреген,  
Патша белден шойырылды,  
Жаңа үкімет жарылқан.  
Кедейлерге ой бұрды.  
Биік тауды құлатып,  
Теңіздерін суалтып,  
Қайғымен басын қуартып,  
Жер жүзінде нашарды,  
Шат қылып көңілін қуантып,  
Байларды белден баса алды.

## ЛЕНИН ІЗІНЕ

Қараңғы түнде жол таппай,  
Тұман басып, ел таппай.  
Қанаты сынған қоңыр қаз,  
Жүзейін десе көл таппай  
Жаралы жүрек зарланып,  
Ауруға ем таппай,  
Қабырға сынып, қысылып,  
Өлімге мойын ұсынып  
Қамалған сорлы халық едік.  
Тарлықтан шығып кең таппай,  
Сөйлейтұғын сөз таппай,  
Қарайтұғын кез таппай,  
Көзсіз жандар қармалап,  
Іздеген ісін тез таппай,  
Қарап тұрған халқың деп,  
Жарқырап шыққан алтын деп,  
Патшаға мұңды шаққанда  
Алтын түгіл, жез таппай,  
Ел едік жүрген шет қақпай.

Осындай күндер кез келді,  
Аспандағы күн мен ай,  
Нұры кетіп өзгерді,  
Мұндай зәлім патшаға,  
Керемет күн кез келді.

Владимир Ульянов —  
Биікке қолын созған ол.  
Мекелай атын өшіріп,  
Алтын тақтан түсіріп  
Жарыста ұлы озған ол.  
Ніл дариясын суалтып,  
Бәйшешегін суартып,

Патшаның көрін қазған ол.  
Тастан бұлақ ағызып  
Өнермен халқын суарғыш,  
Жер жүзінде нашарды,  
Шат қылып көңілін қуантып,  
Патшаның тағын талқан ғып,  
Тас-талқан таж тахытын,  
1824 жылында,  
Поддан қазақ болғаны,  
Үш жылда сайлау бір болып,  
Болысты қазақ алғалы,  
Ауылнай, болыс, уезнай,  
Қүніміз соған қалғаны.

Жүз жыл поддан болғалы,  
Теңдікке бізді кім алған,  
Қайғы мен қасірет жүдетіп,  
Сақал-мұртын қуарған,  
Тасыған бұлақ кез шықты  
Құдық едің суалған.  
Ленин шығып бақытқа  
Жетім-жесір қуанған.  
Сол Лениннің жолымен  
Еңбекші тап ту алған.  
Ленин-ақ сені аяды,  
Жылаған қарап көзіңе,  
Бірақ Ленин жетпеді  
Толып жеткен кезіне.  
Көзіңді салып айрылма,  
Онын, жүрген ізіне.

## ЛЕНИН БАБАМ

Лениндей басшы іңкәрім,  
Халық сүйген сұңқарым.  
Асқар биік дер едім,  
Көрініп тұр төбесі.  
Ақылы дария дер едім,  
Бірақ кейде дарияның,  
Қайраңдайды кемесі.  
Шыққан күнім дер едім  
Әттең, шіркін, түнде жоқ,  
Туған Айым дер едім,  
Әттең, шіркін, күндіз жоқ,  
Айтсам сөздің керегін:  
Түнде де бар,  
Күндіз де бар  
Батыр тұлға еренім.  
Ұлы көсем данышпан  
Ел шырағы дер едім.

## КІСІЛІК ТУРАЛЫ

Желбегей, жеңіл, бейпіл тіл,  
Досыңа мазақ болдың жыр.  
Орынсыз күлкі күншілдік,  
Лайық емес, саған бұл.

Аластат бәрін бойыңнан,  
Қастықты шығар ойыңнан.  
Кісілікке бара алмас,  
Бейпілдікке тойынған.

Тәңірім өзі септейді,  
Ақ тілекті жөндейді.  
Қарапайым, елгезек,  
Мінезге өнер жетпейді.

Ата-Анадан жаралдық,  
Ақ сүттен асыл нәр алдық.  
Бәрінен қымбат ағайын,  
Ар алдында адамдық.



## КӨКШЕ

Арқаның асау туган ардагері,  
Кім сүймес, кім жырламас Көкше сені.  
Суың бал, қойның ырыс, шөбің шүйгін,  
Дүниеде бағаң қымбат сен бір сері.

Жарқырап жатқан жүзбен тал сұлуы  
Тербеліп жатыр толқып қалың нуы.  
Ер Көкше, ерке Көкше күлімдейді,  
Желбіреп күмбезінде бақыт туы.

Көз тоймас кербез сұлу Көкшетауым,  
Ән-күйге толқып жатыр омырауың.  
Сені аңсап асқақтаған ащы әнімнің,  
Ұшарда сыпырайын балақ бауын.

Құс салдым сексен көлді жарқыратып,  
Жан құмар сан қызыққа қалдым батып.  
Арнаған Көкшетауға әнім еді,  
Бүлкілдеп Торшолақпен келе жатып.

## КӨКШЕТАУДА КЕЗДЕСУ

Отырмын Сәкенмен қия таста,  
Ыбырай өнеріңді енді баста.  
Шырқайын сұлу әнді осы жерде,  
Естісін ну қарағай, бұлбұл құс та.

Өнерпаз қара жерге салар қайық,  
Жан-жақтан тағылым алар қанат жайып.  
Көкшетау өзі сұлу, жері шүйгін,  
Жаз болса, семіртуге малы лайық,

Оралған Көкшетаудың шөбі балғын,  
Балауса балбыраған нағыз шалғын.  
Жаз болса Көкшетаудан табылады,  
Маржан тас, күміспенен ылғи алтын.

## КӨКШЕТАУДАН АТТАНАРДА ҚОШТАСУ

Ал, жұртым, қоштасайын, халқым, енді?  
Кең дүние бұйыртқызды салқын желді.  
Атығай, Қарауылға дұғай сәлем,  
Сүм дүние сумаңдаған артын берді.

Амалсыз мен аттандым алыс жолға,  
Тапсырып ғазиз басты бір Аллаға.  
Еңкейіп, егде тартып қалсам-дағы,  
Қамады түрме деген бір қордаға.

Білгендер құлағың сал біздің іске,  
Бармадым бас кессе де жүгініске.  
Туған ел баршаңызға дұғай сәлем,  
Бір қиын жолға түстім жіп, жіңішке.

Төрт ру бір Момынның баласы едік.  
Жайқалған қызыл гүлдің саясы едік.  
Кең дала Сарыарқадан қоныс алған  
Атығай, Қарауылдың баласы едік.

Біздерге дәмді жазды әлде қайдан,  
Болмады бұл сапарға ешбір қайран.  
Айқайлап күңірететін Көкшетауым,  
Бір кезде басты қосып, қылған сайран.

Отарба Қызылжарға жүреді енді,  
Көк будақ көкке шапшып түрегелді.  
Дабылы Ыбырайдың айқайындай,

Болса да, бермеді Алла тілегенді.  
Хан, қара, алаш демей қолымды арттым,  
Жасымда жақсыларды таңырқаттым.  
Ортаңда бұлбұл құстай сайраушы едім,  
Жазықсыз бұл уақытта қайғы тарттым.

Желпініп етек жайған жерім қалды,  
Тізерлес бірге өскен ерім қалды.  
Ортаңда ақиықтай саңқылдаушы ем,  
Есембай, Шұңғыршадай елім қалды.

Ақ орда, алтын бесік, аппақ майың,  
Жарасқан кең қонысқа көкорайың.  
Жаз жайлап, қыс қыстайтын еліміздің,  
Көкшетау туып - өскен жер шұрайым.

Дәм айдап ауыр сапар шықтым шетке.  
Қылмаса тәңірім рахым, үміт етпе.  
Дүниеден қазам жегіп, өтіп кетсем,  
Бақұлдық сөзім осы ақиретте.

## ҚОШТАСУ

Ал жұртым, мен аттандым алыс жолға?  
Тапсырып Ғазиз басты бір алаға.  
Аяқтан кәрілік келіп шалған шақта  
Кездестім шідер торлы бұл шаруаға.

Өтедім ел алдында өлең сертін,  
Тұңғиық қара су ем тереңдейтін.  
Тұйық жол, межесі жоқ, мезгіл білмес,  
Қайрылып қашан қайтып келем дейтін.

Көкіректе қайнаған шер тыйыла ма,  
Шыбын жан қасыретген қиыла ма?  
Жұмыстың ақ-қарасын шешер күн боп,  
Туған Жер топырағың бұйыра ма?

Ал, жұртым, хош аман бол, мен аттандым,  
Қаныда жаман атқа құлақтандым.  
Әйтеуір һәм көңілде жалғыз медеу,  
Көрген жан, естіген дос жылап қалдың.

Көкшетау мұнарланып көрінесің  
Көзден жас, көңілден наз егілесің.  
Қайыспас қалың дертке қайратты едім  
Қабырғам мұнша неге сөгілесің.

Жалғыз тау, айналайын, ата мекен,  
Қоштасу жанға қатты батады екен.  
Соңымнан іздеп түсер бір жігіт боп,  
Менің де таңым қайтып атар ма екен.

Қамсақты, Жарқын, Жалтыр, Есілдерім,  
Байлауда бара жатыр есіл ерің.  
Айдарлы, Сандық, Қылыш, Тас бұлағым,  
Кір жуып кіндік кескен бесік едің.

Қалдаман, Тоғайменен, Жерін, Даубай,  
Барамын өздеріңнен кетіп шалғай.  
Ерге серт, мерт боп кетсем осы жолда,  
Оқи көр ақ дұғанды бізге арнай.

Атығай, Қарауылмен, Керей, Уақ,  
Артымнан елі-жұртым шықтың шұбап.  
Қор болған көз алдында қиын екен,  
Барамын шықпаған жан әрең шыдап.

## ЖАЛҒЫЗТАУМЕН ҚОШТАСУ

Айғайлап ән саламын халқым енді,  
Қарауыл аруағың білер мені.  
Жамиғат құлақ салып тыңдасаңыз,  
Арнадым баршаңызға бұл өлеңді.  
Межесіз алыс жолға аяқ бастық,  
Кең жайлау туған елмен амандастық,  
Көк зеңгір көрінетін Жалғызтауым,  
Топырағың бұйырмас деп бақылдастық.  
Төрт ата біз момынның баласы едік,  
Шырмалған қызыл құлан саласы едік.  
Сарыарқа көк орайға қоныс салған,  
Атығай, Қарауылдың баласы едік.  
Адамға жазды нәсіп әлде қайдан,  
Болмай тұр бұл сапарға ешбір айлам,  
Күңіретіп Көкшетауда салған әнді,  
Тапсырдым жалғыз саған алтын ордам.  
Теміржол, міне, келдік аяқ басып,  
Алыста ағайынмен амандастық.  
Ішінде өңкей маңғаз зар еңіреді,  
Көзінен қанды жасы араласып.  
Желпініп етек жайған жерім қалды,  
Тізелес бірге өскен серім қалды.  
Үстінде ақиықтай саңқылдайтын,  
Есенбай, Шоқтыбайдай елім қалды.  
Ақ орда алтын бесік өзен, сайым,  
Жарасқан ел қонысқа көк орайым.  
Ғарып пен ғасырға кәсіп болған,  
Дариядай Торанғұл мен Жалғызтауым.

## АБАҚТЫДАҒЫ ТОЛҒАУ

Атығай мен Қарауыл,  
Бірің — тіл, бірің — көмейсің.  
Жақындығың осындай  
Кайсың маған өгейсің.  
Ашыққанда ас беріп,  
Әлсіздерді демейсің.  
Нәсіліңе тартып сендер де  
Елдің қамын жегейсің.  
Сөз сұрасаң өреннен  
Алармын тартып тереңнен.  
Артта, қалған балалар!  
Ыбырай айтты дегейсің.

Олай болса, шырағым!  
Көрейінші қарыштап!  
Тыңдаушылар келіссе  
Ақынға қайда жалықпақ,  
Танытайын өзімді  
Кім екенімді анықтап.  
Бақшадағы бұлбұл ем,  
Сайрап ұшқан қалықтап.  
Елдің көркі сері едім,  
Көтерген халқым — анықтап.  
Күмістей қақтап шырқадым,  
Сөз асылын парықтап.  
Шарықтап, шарлап кетсек те,  
Ұлғайып жасың жеткенде,  
Оңай екен шырағым,  
Бәлеге басың жолықпақ.

Еркелетіп ел сүйіп.  
Атап жүрді саңлағын,  
Сөз нөсерін тыңдасаң,



Қыран құстай самғадым.  
Ел арасы бас қосса,  
Жақсыға толды жан-жағым.  
Қаумалап халқым келгенде,  
Қияға қанат қомдадым.  
Би-болысты мысқылдап,  
Қыр соңынан қалмадым.  
Мырзалардан ат-айғыр  
Алудан да талмадым.  
Сақал-мұрттың ағында,  
Өлерімнің шағында,  
ГПУ деген мекеме,  
Ішіне салды қамбаның.  
Бірге отырған бесеуің,  
Бір рулы елдейсің.  
Құмар болып сөзіме,  
Өлең жазып бер дейсің.  
Тар қапаста отырып,  
Құлашты қалай сермейсің,  
Қысқарып өріс тұрғанда  
Биікке қалай өрлейсің?  
Асылды білмес наданды,  
Айтып та қалай жөндейсің.  
Туысынан жаманды  
Үшкіріп қалай емдейсің.  
Қалдырған сырым артыма,  
Айтып жүрсін халқыма,  
Аузының ебі бар еді,  
Беркімбайға бергейсің.

## ҮКІЛІ ЫБРАЙДЫҢ АБАҚТЫДА ҚАЛҒАН СӨЗІ

"ГПУ" — деген сотымыз,  
Жүріп тұр ғой хотыңыз.  
Жетпісте шалды айдаттың,  
Кесілді ғой, кө...міз.  
Жылы жерде жатқызбай,  
Ыстық дәмді татқызбай.  
"Үштікке" қайта піштірдің,  
Ақырғы сөз айтқызбай.  
Әділет жолын тыйғыздың,  
Тар түрмеге сыйғыздың,  
Аппақ құдай шал күнде,  
Қияметке қиғыздың.  
Жақпады асау ақындық,  
Кінәм жоқ іске татарлық.  
Үндемей үнсіз әкеттің,  
Жасатқызбай бақылдық.  
Аямадың, қаматтың,  
Қаматтың да сабаттың.  
Алғысым сол айтарлық,  
Өлеңге толсын абақтың.

Шуақты күндер сарқылды,  
Қызықты думан тартылды.  
Бетіңді берген дүние-ай,  
Тостың ба бүгін артыңды.

"Едрене майт Николай,  
Қырсығың тиді-ау бір талай".  
Сыбасам да сыр бермей,  
Демедің — "достым бұл қалай?".  
Атымды елге білгіздің,  
Жүйрік пен жорға мінгіздің.

Мақпалдан шапан, шалбармен,  
Жібектен дамбал кигіздің.  
Төремен төрде жүргіздің,  
Алғыс пен сыйлық үйгіздің.  
Пәуеске парлап жеккіздің,  
Сауық пен сайран шеккіздің.  
Ұлыққа сыйлы еткіздің,  
"Гәккулетіп" ән салсам,  
Сөзімді көпке өткіздің.  
Жал менен жая жегіздің.  
"Үкілі Ыбырай" дегіздің.

Айналайын Советім,  
Өлімге тартты тәбетің.  
"Аша тұяқ қалдырмай",  
Асқыңды масыл гадетің.  
Зобалаң келді тонаған,  
Сыпырдың малды қорадан.  
Сол үшін мақтап өзіңді,  
Өлеңім қардай бораған.  
Теріден шалбар кигіздің,  
Кенептен дамбал кигіздің.  
Отырып дәрет алғызбай,  
Түрегеп тұрып сигіздің.  
Басыма пәле жиғыздың,  
Жамандыққа қиғыздың.  
ГПУ-ді салып соңыма,  
Басыма жала үйгіздің.  
Ыбырай ақын демедің,  
Құрыққа мойын ілгіздің.  
Алыстан келген жауым жоқ,  
Ауылдың итін үргіздің.



---

АЙТЫСТАР

---

## ҮКІЛІ ЫБЫРАЙ МЕН ДОСКЕЙ

*Ү к і л і Ы б ы р а й:*

Кім келіп, кім кетпей жүр бұл жалғанға,  
Тілегім — кез келтірме пейілі тарға!  
Сәт түсіп жігітшілік қызу күнде,  
Бір ақынмен айтыстым Атбасарда.

Әрбір айтқан өлеңім халқыма аян,  
Сараңдарға біткен мал шаққан шаян.  
Байды сабап, жарлыны жаншып өткен,  
Кеше, он екінші жыл да өтті "тақыр қоян".

Өлеңге жастан қанық менің ойым,  
Мәжіліс, алты алаштың, көрдім тойын.  
Сол жылы Есен — Мөржан асыраған,  
Бірі қалмай қырылды-ау, елу қойым.

Қойым өліп, көңіліме түйін толды,  
Дуылдап жүрген жерім жиын болды.  
Елу қойдан бес саулық қалмаған соң,  
Бойды жазу ақынға қиын болды.

Ойладым Атбасарға барайын деп,  
Айқайды жиын топқа салайын деп.  
Қараған Атбасарға он бір болыс,  
Жиырма-отыздың, тұяғын санайын деп.

"Біз жатпайды,— деген бар, — қап түбінде",  
Ойладым талай сынап қалайын деп.  
Жел сөзден егер жазған нафқам болса,  
Бұйырғанын мен жиып алайын деп.

Жасымнан өнер бітгі қызыл тілге,  
Пенде қуып жетпейді өткен күнге.

Атбасарда үйіп қойған ақшам бардай,  
Белді буып жөнелдім тәуекелге.

Тізгінді тәуекелге түйіп алдым,  
Өзімде жоқ, жұртта бар, жиып алдым.  
Ылғи кастөм-трико қайдан болсын,  
Жай, ақ шапан кенептен киіп алдым.

Аралап, әрбір елдің дәмін таттым,  
Қызыл тілмен халқымның бабын таптым.  
Самекеден қалаған қара қалпақ,  
Шекесін қос буын үкі тақтым.

Шаш сәндеуді білмей-ақ салбыраттым,  
Құлағымнан түсіріп жалбыраттым.  
Пері ме, диуана ма, бақсы ма? — деп,  
Айтқандай, көрген жанды таңырқаттым.

Сол кезде өткір сөзбен әнім ұнап,  
Құм-қайрақ тастан аққан мен бір бұлақ,  
Бегәлінің баласы Кенжеболат  
Мінгізді көптен таңдап жүйрік кер ат.

Жақсының сыбағасы — жая-жамбас,  
Сөзіме қалай халқым мейірің, қанбас.  
Ат бағудан басқаға мұқтажы жоқ,  
Жаныма бір қарт адамды қылдым жолдас.

Өзімді жолдағы елге таныстырдым,  
Қызыл тілді халқыма жағыстырдым.  
Жеткенше Атбасарға сайран етіп,  
Бес шапан, жиырма теңге қағыстырдым.

Біреудің біреу алмас бақ, ырысын,  
Өлеңмен қандырайын құлақ құрышын.  
Сералы, Мырзалыдан сөз сөйлейін,  
Ыбырай сол жөнімен бара түрсын.

Ойласам мына дүние жалған екен,  
Опасыз талайлардан қалған екен.

Есенгелді — Мөржанға шөп шықпай қап,  
Сиырын сол жылы Есілге салған екен.

Күйлісін жазғытұры айдап келіп,  
Қотыр мен көтеремі қалған екен.  
Қалған малдың хабарын білейін деп,  
Жанына бір жолдас ертіп барған екен.

Шырағын кей пенденің жандырмаған,  
Қас жақсы айтқан сөзден тандырмаған.  
Аққошқар, Сайдалы аулына барған жерде  
Сералы, Мырзалыны қондырмаған.

Базарда пұл болады піскен қауын,  
Қызыл алма алады көздің жауын.  
Қозған, Қақсал, Төртуыл әдеті сол,  
Желілеп байлап, базарға сауар сауын.

Қона алмай Атбасарға барған екен,  
Наданның құлшылығы жалған екен.  
Жөні келсе бұл елді бір ұялтып тастайын деп  
Бір тай мен бес саба қымыз сатып алған екен.

Дәулетін Сыр суындай сапырыпты,  
Дұшпанға айдаһардай ақырыпты.  
Әлменбай, Қара, Бұзау, Мағзұм болыс,  
Сол төртеуін қонаққа шақырыпты.

Сол күні маған пәтеріне келсін депті,  
Біздің қылған құрметті көрсін депті.  
Үйде, түзде дәміміз бұйырмай ма  
Келіп сау-саламаттығымызды білсін, — депті.

Базарға халық толып соғылысқан,  
Тұс-тұстан өрен-жаран құйылысқан.  
Төрт-бес болыс бас қосты дегенменен,  
Әр жерден, саңлақ ақын жиылысқан.

Одағы ата аруағы асып жүрген,  
Көп жүйріктің көңілін басып жүрген.  
Өр Алтай Омар болыс қол астында,  
Доскей деген ақын бар деп қашып жүрген.

Одағы сөйлейді екен жүйе-жүйе,  
Оған да артық тіл берген жаппар ие.  
Ығысып өз елінен мұнда кепті,  
Жаласы жабысқан соң елу бие.

Елінен кемшілікті көрді деген,  
Жапқан жала кемшілік берді деген.  
Әр Алтай Қозғанымен кіндігі бір,  
Есімсейіт қолына енді деген.

Жақсының кім жүрмейді панасында,  
Қармақ салдым мұхиттың саласына.  
Төрт-бес болыс бас қосты дегенменен,  
Одағы кірген екен арасына.

Жақсыдан кім жүреді күдер үзіп,  
О да жүрген әр топта бұйрық сүзіп.  
Біздің болыс, қарауыл, Мағзұмнан,  
Ат орнына алыпты алтын жүзік.

Осылай тыңдатайын сөздің түрін,  
Тегістеп айтып болмас мыңнан бірін.  
Ертеңіне базарға мен де келдім,  
Бұл жиын тарқапты ғой бір күн бұрын.

Біреуді біреу білмес жүрген жайға,  
Шықса да атым Қарауыл — Атығайға.  
Мәмбеталы, Балқожа, Жаналы мен  
Құлыбекұлы жыр айттым Қалманбайға.

Шат болып Қалманбайдан күліп шықтым,  
Нәсібіме жазғанды іліп шықтым.  
Алдым да билеріне сегіз теңге,  
Өзінен бір кер дөнен мініп шықтым.

Жақсылар келіп жатыр — өңшең қыран,  
Біреуі Ертіс болғанша, бірі Нұраң.  
Мәмбеталы, Балқожа, Жаналы мен  
Есімсейітті іздедім кешке таман.



Әр елден де бар екен өрен-жаран,  
Жоқшылық көрген жанның күні қараң.  
Бұзау болыстың алдына барып едім,  
Ол байлады көпейірек құла құнан.

Ойласам мына дүние жалған екен,  
Ата аруағы балаға қорған екен.  
Есімсейіт сол кезде боласынай,  
Төрт үй тұтас пәтерге алған екен.

Шіркін сөз келе жатыр кезек-кезек,  
Жақсыны әркім сырттан қылады өсек.  
Пәтерге алған төрт үйдің ішін сәнделп,  
Бәріне де тастапты кілем төсеп.

Келістіріп сөйлейсің, өнерпазсың!  
Сөзімде қата болса сөкпе жазым.  
Қолында алтын сағат жарқ-жүрқ етіп,  
Бұрқылдатып тартады папиросын.

Сәрке қажы қақпадан есік ашты,  
Ағасы Жаманкөз ғой елге басшы.  
Солармен топта тұрған таныс екен,  
Тұра кеп үшеуімен амандасты.

### *Е с і м с е й і т:*

Баиқаймын жігітім, сен гүлсің, — деді,  
Қадіріңді тек құрбың білсін, — деді.  
Ақ қамзол, қара қалпақ, шашың ұзын,  
Мен сені танымаймын, кімсің, — деді.

### *Ү к і л і Ы б ы р а й:*

Есеке, арғындасаң жақыныңмын,  
Қызыл тілден жүлде алған батырыңмын.  
Атығай, Қарауылға аруақ шашқан,  
Ыбырай бесті жүйрік ақыныңмын.

### *Е с і м с е й і т:*

Өлеңші, тіленшімен пақыр деймін,  
Өлеңіңді оңды-солды сапыр деймін.

Өнерің, өлеңшімнен асқанда ал,  
Қайда кетті, әлгі Доскей, шақыр деймін.

**Үк і л і Ы б ы р а й:**

Есеке, көп келгенмін Атбасарға,  
Танысайын деп келгем жақсыларға.  
Өлеңге, өлең саға жүргенім жоқ,  
Өзімде өлең деген он екі арба.

**Е с і м с е й і т:**

Байқаймын жігіттікте сен бір гүлсің,  
Қадіріңді тең құрбың ойлап білсін.  
Өнерің болса тартынбай тобыма түс,  
Қорғалап қашам десең, мейлің білсін!

**Үк і л і Ы б ы р а й:**

Есеке, Атбасарға көп келгенмін,  
Жақсылардың сарқытын жеп көргенмін.  
Айтысып өлеңшімен азаптанбай,  
Ат пен шапан киемін деп келгенмін.

**Е с і м с е й і т:**

Бүйте берсең бұл жиын тарар деймін,  
Сенің үнің әр жерге барар деймін.  
Сен қолыңа шалғы алып шөп шаппайсың,  
Бір түніңе үш сом ақша жарар деймін.

**Үк і л і Ы б ы р а й:**

Есеке, сенің сөзің шекер мен бал,  
Өлеңшіге бек мұқғаж гой дүние-мал.  
Аталы сөзге арсыз тек таласады,  
Олай болса үстелге бәйгемді сал.

Дедім де сөзді қайта бастай бердім,  
Мәмбеталы сөзімді қостай берді.  
Әлгі айтқан өз сөзінен ұялғаннан,  
Он үш теңге алдыма тастай берді.

Біреуді біреу білмес жүрген жайға,  
Атым шыққан Қарауыл, Атығайға.

Осы жолы ақыннан жеңдірме деп,  
Сиындым Қарауыл мен Атығайға.

Егізім төрт арыстың бірі едің, деп,  
Сиындым Жаубасар мен Орынбайға.

О да жүрген бір топтың ақыны екен,  
Қызыл тілден жұлде алған батыр екен.  
Өлеңші жиын жерде жай табар ма  
Болысқа өлең айтып жатыр екен.

О да көрген жасынан жиын топты,  
Он бесінен өңгерген қу дөңбекті.  
Есімсейіт шақырған соң тоқтала ма?  
Қолтықтап төрт-бес жігіт алып кепті.

Сұлудай үйден шығып керіледі,  
Аяқты бір басуға ерінеді.  
Есіктен кіріп келіп айқай салды,  
Қырықтарда жас шамасы көрінеді.

**Д о с к е й:**

Уа, інішегім, жүрмісің, есен-аман?  
Сені тақ-тақ жаратқан қақтағалам.  
Қай ру, қай нәсілден боласың сен,  
Әуелі нәсіліңді білдір маған.

**Ү к і л і Ы б ы р а й:**

Төрт момындап келгенде қалың шормын,  
Елім бай, шалқып жатқан көлден молмын.  
Келген бұлт төбесінде қақ айрылған,  
Атығай, Қарауылдай елден болдым.

**Д о с к е й:**

Інішегім сейлейсің ғой әрбір тұстан,  
Шын ақын көз екенсің қолды қысқан.  
Қоян деген зымыстан жұт боп еді,  
Жаным-ай, елің қалай, биыл қыстан?

**Үкілі Ыбырай:**

Артық созып шешпейік ұзын бауды,  
Ойға алып тоқтатайық нәпсі жауды.  
Жалпы елдің іргесі аман қалып,  
Жұт болды әр жерінен ала жаулы.

**Доскей:**

Уа, інішегім, жақсы болсаң құйрық қанат,  
Бас қостық мұнда келіп жақсы сағат.  
Құдайберді, Бейімбет, Қойлы, Сағатай,  
Аман ба, Кәдір, Бағыс сау-саламат?

**Үкілі Ыбырай:**

Доскей ақын, сұраған елің аман,  
Мені тақ-тақ жаратқан қақтағалам.  
Ит жүгіртіп, құс салған нешік ерлер,  
Көрінген асқар-адыр белім аман.

Көрінген сіздің жерде бел аман ба?  
Қоңыр қаз төстеп ұшқан көл аман ба?  
Майлы тондай ажары жылтыраған,  
Бесқозының мекені, жер аман ба?

Бегендік, Шегендік пен Қозған, Қақсал,  
Төртуыл мен Қарақойдай ел аман ба?  
Жасыдан Орта жүзге аты шыққан,  
Мейрам мен Жаманкездей ер аман ба?

**Доскей:**

Уа, інішегім, сөйлейсің сөзді қамдап,  
Бас қостық осы арада тәңірі оңдап.  
Біздің елде тоқшылық жұт болған жоқ,  
Базарлап жүр ғой әне, өңшең саңлақ.

**Үкілі Ыбырай:**

Ол рас, ер-тоқымы жер кесіп жүр,  
Біздің елдің мырзасы жөндесіп жүр.  
Бір ер-тоқым жетеді қайсысыңа?  
Мейманың сусын таппай шөлдесіп жүр.

**Д о с к е й:**

Сәрке қажы алдыңда биік төбем,  
Есімсейіт дарияда алтын кемем.  
Қашан біздің елдің мейманы шөлдеп еді?  
Алжасты жалған айтып мынау неден?

**Ү к і л і Ы б ы р а й:**

Ой, Доскей, тілің бар ғой сараңдаған!  
Нәпсің бар аш күзендей жалаңдаған.  
Табаның жалғыз сағат жерге тимей,  
Қашқынсың әрнәрсеге арандаған.  
Аққошқар мен Сайдалы ауылына  
Барғанда Сералыны қондырмаған.

**Д о с к е й:**

Өлеңге дәл өзіңдей мен де құмар,  
Өлеңменен ертермін ұмар-жұмар.  
Бар еркегі базарға кетіп қалып,  
Ұрғашы қадір білмей жүрген шығар.

**Ү к і л і Ы б ы р а й:**

Мен шықтым Қарауыл мен Атығайдан,  
Түрлі кеңес естірсің, Ыбырайдан.  
Бар сауынын базарға айдап сауып,  
Алдымда күйің аумас сұмырайдан.

**Д о с к е й:**

Жібермейін дедің бе намысыңды,  
Көрсетейін дедің бе шабысыңды.  
Бір аулымнан өреді он мың қара,  
Салыссаң, салысып көр арысыңды.

**Ү к і л і Ы б ы р а й:**

Өнер мен таныстырдым оң мен солды,  
Дәулетке көре алмассың менен молды.  
Кеше арналып көшкенде алтын артқан,  
Естіп пе едің, Атығай Қосшығұлды?

*Д о с к е й:*

Осылай мақтандың ба, Ыбырайым,  
Мені тақ-тақ жаратты бір құдайым.  
Аяқты жерді басқан малды айтсайшы,  
Тасыңды жерде жатқан не қылайын.

*Ү к і л і Ы б ы р а й:*

Ыбырай Қарауылдан нәсіл еді,  
Өлең айтсам мұрадым қасыл еді.  
Кеше Мағзұм болыс ат бергенде,  
Атқа балап алған ед алтын жүзік,  
Ол тас емей, атаңның басы ма еді?

*Д о с к е й:*

Ой, шырағым, өлеңшіге ұнау керек!  
Ағасының сөзіне шыдау керек.  
Келмей жатып бетімнен тырналама,  
Әдеп пенен ел-жұртты сұрау керек!

## ЫБЫРАЙ МЕН ҚҰДАЙБЕРГЕН

*Ү к і л і Ы б ы р а й:*

Есіктен кіріп келдім басып қадам,  
Он үште сөз сөйлетті қақтағалам.  
Ассалаумағалайқұм үлкен аға,  
Қызығың құтты болсын, тақсыр бабам.

Асқар тау қиядағы белден келдім,  
Тасыған дария бұлақ көлден келдім.  
Көкшетау дуанындағы атым Ыбырай,  
Татуға зәмзәм суын шөлдеп келдім.

*Қ ұ д а й б е р г е н:*

Уағайлейкүмассәлем, Ыбырай аға,  
Миһарбан дидарыңды көрдім жаңа.  
Адамға бір ганибет дидарласпақ,  
Елу жылда — ел, жүз жылда — қазан жаңа.

*Ү к і л і Ы б ы р а й:*

Көкшетау дуанында атым Ыбырай,  
Патшаға сөз сөйлеуші ем бір жылымай.  
Алдыма ешбір адам шыққан емес,  
Шықты ма жер астынан мына сұмырай?

*Қ ұ д а й б е р г е н:*

Ыбеке, сұрасаңыз, затым Қыпшақ,  
Арғы атам сұрасаңыз, Сейіт болмақ,  
Баулының тоқсан екі бұлбұлы едім,  
Сайрасын мартабаңда тіл менен жақ.

*Ү к і л і Ы б ы р а й:*

Ия, балам, сен мәз болма ішпей-жемей,  
Жол берген әркім маған кімсің демей.  
Кереку, Омбы уезі маған мағлұм,  
Жазбайтын қолын бүйтіп сорлы кедей.

*Қ ұ д а й б е р г е н:*

Ыбеке, ел қаралау сізге жөнбе,  
Барыпсыз мырза болып біздің елге.

Жерің жоқ кінә қояр мырзаларға,  
Керек пе мырзаларға сіздей делбе.

Қатты-қатты сөйлесем, дұшпан дейсің,  
Бөгелсем балалықтан, пысқан дейсің.  
Кетпесін бүйте берсең миың шіріп,  
Қартайса кәрі бүркіт тышқан жейсің.

**Ү к і л і Ы б ы р а й:**

Ия, балам, шықтың сөзге мына дайын,  
Мен саған көрсетейін сөз ыңғайын.  
Симаған тіл аузыңа ақын болсаң,  
Үш ауыз кеңесім бар мен сұрайын.

**Қ ұ д а й б е р г е н:**

Аспанның бауыры жазық бір кең дала,  
Жаратқан ғарып қылды құдай пана.  
Ақын боп сөзден қашсақ жүреміз бе,  
Ыбеке, кеңесінді сұрап қара.

**Ү к і л і Ы б ы р а й:**

Ия, балам, тыңдап отыр сөзді барлап,  
Мен саған ұқтырайын сөзді ыңғайлап.  
Мұхаммед пайғамбардың заманында  
Бір ғарып дарияға салды қармақ,  
Дарияға сол ғарыбың қармақ салып,  
Алыпты дариядан нені қармап?

**Қ ұ д а й б е р г е н:**

Ыбеке түсіп кеттің бұл мінезге,  
Жоқ па еді жұмбағыңыз бұдан өзге!  
Молалар шаригатқа қарап отыр,  
Қалмасын бір жаласы соңыра бізге.  
Сегіз жыл мектеп жүзін көріп едім,  
Кітаптан көрініп тұр біздің көзге.  
Қамыстан күркесі бар бір кемпір-шал,  
Бір түнде жайнамазға жатып жылар.  
Жылағанда мал бер деп жылаған жоқ,  
Құдайдан жалбарынып бала сұрар.  
Алла емес, түсінбейтін айтқан сөзге,  
Тілегін қабыл етті сол бір кезде.  
Дейтуғын Зейнілғабиден бала туды,  
Нәрсесі қармақ салған сол емес пе,  
Дыбыста зират көпір дәл қасында,  
Күмбезде Зейнілғабиден тұр емес пе.



**Ү к і л і Ы б ы р а й:**

Ия, балам, нағып болды саган оңай,  
Құрылған мен емес пе сөзге тоғай.  
Симаған тіл аузыңа ақын болсаң,  
Қонады бір ағашқа дәл үш торғай.  
Екеуі үшса бірі қозғалады,  
Бірі қалып екеуі жоғалады.  
Ия, балам, бұл жұмбақты шешіп берсең  
Осыдан ақындығың сыналады.

**Қ ұ д а й б е р г е н:**

Ыбеке, бұл сұрағың мін емес пе,  
Әгеркі шешіп берсем жөн емес пе.  
Екі торғай дегенің ол екеуі —  
Ұйықтап барып ашылған көз емес пе.  
Жалғыз бір торғай дегенің қаза келіп,  
Кеудеден шығатұғын жан емес пе.

**Ү к і л і Ы б ы р а й:**

Он алты дария бар кез кермеген,  
Ішпеген онан пәнде кез келмеген.  
Он алтысын қақ жарып жүзге бөліп,  
Жартысын пенделерге өлшеп берген.  
Білейін, иә, балам, жүйріктігің,  
Бекінді бұл кеңесім қайсы жөнмен?

**Қ ұ д а й б е р г е н:**

Ыбеке, адам жоқ қой кәсіп тыйған,  
Пәндеңіз кең, сарайда дүние жиган.  
Он алты дария бар дегеніңіз  
Аятпенен бекіткен он алты имам,  
Жасымнан сөйлер сөзге болдым құмар,  
Сөйлесем жүйріктер мен көңілім тынар.  
Үш ауыз сөзбен бөгелтем деп еді ғой,  
Ыбырайды тақсыр, төре үйден шығар.

**Ү к і л і Ы б ы р а й:**

Есерлер аз табысқа жынданады,  
Әзілге жөнді мәзір кім табады.  
Айтысқан ақындарды қуа берсең,  
Дүниеде сенен басқа кім қалады.

## **III – БӨЛІМ**

### *Түсініктер*

## ҮКІЛІ ЫБЫРАЙДЫҢ ӨЛЕҢДЕРІН ЖИНАСТЫРУ ТУРАЛЫ

Бала кезім қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы, Шал ақын ауданындағы "Еңбек" атты ауылда және Айыртау ауданындағы бұрынғы "Өскен" колхозы, қазіргі "Үкілі Ыбырай" ауылында өтті. Екі ауыл да әнші-күйшілерге толы болатын. Солардың ішіндегі шоқтығы ең биігі халық ақыны, атақты Молдахмет Тырбиев еді, ол кісі әкемнің немере ағасы-тын. Молдекеңді елдің жас, кәрісі "Бота" дейтін. Міне, Ыбырайтану әлеміне бізге сабақ болған осы Молдекең деп білемін. Ол кісі есік-терезені жапқызып тастап, қасындағы шәкірттері Мұса Асайынов, Тұрсынбай Кәкімов, Кеңес Қожахметовтерге және өз баласы Сүният пен маған Үкілі Ыбырай жайлы толық мағлұматты айтып, өлеңдерін үйрететін. Бұл жылдар Ыбекеңнің есімі аталмайтын қатал жылдар ғой. "Қазір айтпаңдар, бірақ түбінде бір керегі болады, Ыбекең ұлы адам "Халық жауы" — деген лақап өшеді", — дейтін. Ұстазының өміріне байланысты Ақан сері, Біржан сал, Балуан Шолақ, Шал ақын сияқты дүлдүлдердің өмірін де суреттеп, өлеңдерін қажымай-талмай үйрететін.

Молдекең молда да, болыс та болған әйгілі ақын, суырып салма айтыскер һәм үздік әнші, тамаша домбырашы. Өлең үйретудегі тәсілі: әу дегеннен бәрімізге өлеңнің сөзін жаздырады, содан соң, өзі әдемілеп тұрып үш рет айтып береді. Ал, әрі қарай кәдуілгі конкурс өткізетін профессор сияқты бәрімізді тыңдайтын, ең жақсы айтқанымызды алып қалып, оңаша үйрететін. Аталған есімдердің ішіндегі ең таланттысы Мұса. Ол жасынан мектепті тастап, әнші, ақын болып

кеткен, облыстық филармонияның белгілі әртісі болды. Ол Үкілі Ыбырайдың әруағы дарыған нағыз аталас немересі болатын, ал өз басыма келсек: ол ападан мен сіңліден туган бөле едік. Әсіресе соғыс жылдары нағашы жұртым "Ыбырай ауылында" өткендіктен Үкілі бабамыздың асыл өнеріне де, аянышты тағдырына да жасымнан тәнтімін.

Одан бері де оқу бітіріп Жезқазғанға келгеннен кейін Үкілі Ыбырай өмірінен қол үзбедім. Бауырым Мұса жиі қатынасып тұрды, өзіміз де ел жаққа барсақ Мұсаға соқпай өтпейтінбіз. Оған қоса Ыбырайдың баласы Есеп Ұлытау ауданында тұратын қызы Тұрғын – апайға қатынасып жүрді. Тұрғын апайды зайыбы Байқоңыров Қасым – жездемізбен көшіріп алдырып, Жезқазғанның өзім бастық болып жүрген "Покро-15" – атты шахтысына орналастырдым. Менің ең алғашқы өлеңдер жинағыма кірген сүбелі дүнием – "Гәкку" – атты поэмам туды. Үкілі бабамның әруағы көкірегіме аққуларды қондырып, "Аққу жеткен" әнімен келді, өз тағдырым "Жезкикке" күштар етіп "Жезкик-ақын", "Кенші-ақын" атансам, Ақан сері бабама, Ыбекеме, Молдекеңе, бауырым Мұсаға деген алғысымды ешқашан үзбеймін.

Міне, осындай себептермен Үкілі бабамыздың көптеген өлеңдерін бала күнімнен айтып жүрдім. Жоғарыда айтылған Молдекеңнің ән конкурсында кім қай әнді жеңіп алса, өзгелеріміз ол әнді айтынаушы едік. Мен өзім үйренген "Гәккудің" төртінші түрінің шебері атандым, өз еншіме "Қарақат көзді сым саусақтың" тигені де ганибет болды. Кеңес дәуірінде қызмет бабымен елден жырақ жүргендіктен бұл екі өлеңді де Қайрат Байбосыновқа бертін үйреттім.

Үкілі Ыбырайдың алғашқы әндер жинақтарын 1969 жылы Есім Байболовтың, екіншісін 1995 жылы К. Жүзбасов пен З. Қоспақовтың құрастыруларында көрдім. Бәріне де айтар алғыс мол,

оларға бастау салған атақты музыка зерттеушілері Александр Затаевич, Борис Ерзаковичке де біздің алғысымыз сарқылмайды деп білемін. Есекеңнің құрастыруында "Гәккудің" төрт түрі, келесі жинаққа бес түрі беріліпті. Қазір "Гәккудің" әндері табылған алты түрі бар. Осы жинақта сол алғашын да рет-ретімен келтірдім. Реті деп отырғаным аталған жинақтардағы өлең сөздері "Гәккудің" өмірдегі өрбуіне байланыссыз берілген. Ыбекең Кәкиманы кездестіргенде ол қыз: "Керемет болсаң маған арнап бір ән шығаршы" — депті. Әне, сол махаббат сауалы Ыбекеңді көп қиналты, ақыры "Гәкку" туды, ұлы ән, "Үлкен Гәкку" дүниеге келді. Одан кейінгі "Гәкку" Кәкимадан, ұзатылуына байланысты айырылу һәм сол кездегі қимас кездесуін сипаттайды, ал "Қайран Гәкку" ол — Кәкиманың жаңа қойылған зиратын көргенде туған мұңлы дүние. Осылай талдасақ әр "Гәккудің" өз мезгілі, өз мазмұны, өз орны бар, тарихи мәні бар. Ән "Гәккудегі" поэзиялық сарын, нақыстары, ішкі толқын үрдістері ақынның әр сақтағы көңіл сырын қозғайды. Жинақтағы "Гәккулердің" орналастыру тәртібі сол менің жоғарыда аталған үлкендерден үйренгенім бойынша келтірілді деп түсініктеймін. Жасымда "Гәккудің" төрт түрін айтушы едім, ал, Мұса-ағам бәрін білегін.

Молдекеңнің үйретуімен "Көкшені" — Мұса, "Аңшының әнін" — Тұрсынбай, "Толқынды" — Кеңес, "Қайлауды" және Ақан серінің "Ақтоқтысын" — Сүният ағаларым айтатын. Бұлардың бәрі де о дүниелік болды, оларда көп ән кетті. Тек қана Мұсаның айтуындағы әндердің бірсыпарасы таспаға жазылып қалды. Үкілі Ыбырайды "Халық жауы" атаған тоталитарлық жүйенің қаталдық пен қысаңдығының салдарынан талай жылдар аты аталмады, өлеңдері жоғалды, өртенді, кәмпескеленді. Үкілі Ыбырайды көрсеткен, ұстатқан ГПУ-дің "тірі көздері" ауылда жүрді. Шаймұқанды, Ақыпты бала күнімде көргенім әлі есімде. Есеп ағаның ауылдың шетіндегі үйіне ашықтан ашық

көп кісілер әсіресе шенділер бара бермейтін, ал Ботам ебін тауып кездесетін. Соғыс жылдары Тұрғын апайды "Труд. армияға" жіберді, ол кісі содан туған еліне оралмады. Бұл күнде балаларының ортасында Жезқазғанда тұрады. Сіңлісі Елемес, інісі Әшбай ауылда, олар бізге бауыр, туыс болып кеткен қарындас, інілерім.

Тұрғын апайды іздеп бір келгенде Есеп агадан Ыбекеңнің "Қараторғайын" блокнотымдағы ба-рыммен салыстырып, толықтырып алдым. "Аңшының әнін" де сол кісімен тексердім, ол кісіден де, бұл өлеңнің сөзін Мұсадан және Әшірбек Құнанбаевтың әкесі, өз әкемнің досы Құнанбай ақсақалдың әндетпей ғана, ауызекі айтуынан толықтырып жазып алдым. Тәуба дейтінім, ескі блокноттарымда алғашқы өлеңдеріммен бірге сақтала беріпті. Естіген аталы сөздер ғана емес, біреудің үйінің кілем, алашаларындағы, түс киіздеріндегі ою-өрнектерді де көп жинаппын.

Бұл жинаққа Ыбекеңнің нотасы бар өлеңдерін қосудан аулақ болдым. Мен тек қана Ыбекеңнің ақындығына назар аударып өмір бойы жиган-тергенімді үйірге қосып отырмын. Үкілі бабамның әруағы разы болса екен деп тілеймін. Жоғарыда аталған жинақтар және жуырда Қызылжар қаласында жарық көрген жерлестерім С.А. Құлмағамбет пен М. Сәркенқызының "Қайран Гәкку" атты зерттеу еңбектерімен таныстым. Ол кісілерге де шын жүректен алғыс айтып, құттықтауымды білдіремін. Бабамызға кім, қандай еңбегін арнаса да рахметтен басқа айтарымыз жоқ. Себебі үлкен жанашырлықтан, ұлтжандылықтан, өнерсүйгіштіктен туындап отырған деректі де өте керекті дүниелер. Ыбекеңнің ақындығы жайлы мақаламды алғы сөз ретінде тосып отырғаным, жалпы осы жинақты жарыққа шығаруға талай жыл дайындалғаным тегін емес. Өз басым Ақан сері мен Үкілі Ыбырай поэзиясына ана сүтін татқандай балдырған кезімнен сусындап өстім. Молдекең үйреткен Шал ақынның, Балуан Шолақтың ән-

дерін менің орындауымда достарым да, ауылдастарым да сүйсіне тыңдайтын. Соның бірі "Ғалия" еді. Елден жырақ қай қияда жүрсем де маған ол өлеңдер өмірлік серіктікке жарады.

Ыбекең Біржан сал мен Ақан серіні ұстаз, Орынбай атамызды пір тұтыпты. Шал ақынның салмақты өлеңдерін өзі айтып, әзілқойлау кереметтерін жастарға үйретіпті. Сол мінез Молдекеңе де дарыды. Шал ақынның әзіл өлеңдерін Мұса Асайынов, Кеңес Қожахметов, Кәрім Такауин және мен сияқты өлең сүйгіштер айтып жүрдік, ал Ботамның өзі Шал ақынның пәлсапалы өлеңдерін орындайтын. Ол кісі бізге Орынбай атамыздың барлық айтыстарын үйретті, Ақан серінің Орекеңмен айтысын әлі күнге дейін жатқа білемін. Қазақ-Қырғыз ақындарының бәрін жеңіп "Ақындардың аға сұлтаны" атанған Орекеңмен 15-16-дағы жас Ақанның айтысынан қай айтыс аспақ.

Молдекең тіл ұстартудың майталман маманы еді. Алыс жолда арбамен келе жатқанда әрқайсымызға тапсырма береді, сонда айтқан тақырыбында не өлеңмен не қара сөзбен есеп беретінбіз. Ол кісі қазақ тілінің синонимдеріне жүйріктігін ерекше танытты. Бірде, сұлудың ажары, келбеті, кескіні, әлпеті, көркі, шырайы, өңі, реңі, әдемілігі — деп шұбыртып бергенімізде Кеңес, Сүният және маған "болдыңдар ма?" — деді. "Болдық" — дегенімізде сұлу қыздың әспетін айтсаңдар сымбаты қайда, жамалы ше? — деді. "Жамалы" деген сөздің көрікпен тең екенін сонау бала күнде осылай білдік. Сонда "Сырғақтыны" үздік орындаушы Жамал деген әнші қызды есімінің мағынасын айтып, қуантқанымыз да бар.

Молдекең: "Ыбекеңнен тіл үйреніңдер, ол кісі Ақан ағамызға еріп жүріп, қазақ тілін жетік меңгерген кісі, мысалға "үлпікер сүт бетінде балдай қаймақ" — дегеніндегі "үлпікерді" қай ақыннан оқыдыңдар дейтін. Сәбит Мұқановтың айтуынша "Қарақат көзді сым саусақ" — деген өлеңі 30-40

ауыз болыпты, сонда Ыбекеңнің "Қарақат көзді" деуі де жаңалықтың нағыз өзі. Бұл өлеңнің екінші түрін үйренгелі айтып келемін ақындығы мен сазгерлігінде еш мін жоқ деп, осы өлеңді айту жөн. Жалпы толық түрін тауып алу керек, әзірше қолда барын ұсындым. Ән төресі де, сөз төресі де осында.

Үкілі Ыбрайдың айтыстары жайлы толық мағлұмат әлі жоқ, әзірше іздеп тапқанмыз екі айтыс пен бір қақтығыс. Негізінде айтысқа көп мән бермеген де, ол кісінің атағынан сескеніп айтысушылар да аз болуы ықтимал. Фабит Мүсірепов ағамыз 1960-шы жылдардың басында қасында Тәшенов Жұмабай деген жазушы бар Жезқазғанға келді. Сонда Үкілі Ыбырай жайлы сұрағанымызда айтыстары мол болу керек, ал Құдайбергенмен айтысындағы Ыбырайдың ақырғы сөзін кіргізбепті деді. Міне, сол сөзді осы жолы кіргіздім. Фабең ең әуелі Ыбекеңді Тайжанмен айтыстырып, жеңдіріп, күлдіріп берді. Мен: "Ол кезде Тайжекең бала ғой, ал Ыбекең ел ағасы болып қалған, айтыса қоймаған шығар" — деп едім, "Тайжан елі Жезқазғанды жайлап жүрсе де өз бабасының намысын қорғап отыр ғой, молодец", — деп, менің көңілімді көтеру үшін: "Ендеше мынаны жазып ал", — деді:

"Жамандар аз табысқа жынданады,  
Әзілге жәнді мәзір кім табады.  
Айтысқан ақындарды қуа берсең,  
Дүниеде сенен басқа кім қалады?" —

депті Ыбырай бабаң Құдайбергенге деді, жазып алдым. Бұл бір ауыз өлеңді Фабит ағаның әруағын сыйлап кіргізсем де, бірі жеңді, бірі жеңілді деуден аулақпын. Жалпы айтыс біздің жақта ойынсауықтарда кездесетін жұмбақ айтыстарға ұқсайды. Бар керегі екі ақын да тілге бай, адуынды адамдар. Айтыстың мәдени өресі де сүйсіндіреді, екеуінің де үлкен оқу-тоқулары бар өрендер екені



көрініп тұр. Жалпы ақындар жинақтарына Үкілі Ыбырайды кіргізбей тек қана әндер жинақтарында аталуына намыстанып жүруші едім. Енді міне, Егемен елімізде баяғы "Халық жауы" атанған бабамыздың асыл мұрасын алтын мұрасын, айғақтауға қол жеткеніне шүкіршілік айтамыз.

Ыбекең абақтыда отырғанда тек қана Қызылжарда емес, әу-баста Көкшетаудан бастап, содан облыс орталығына поезбен жіберілгені шындыққа жатады. Молдекең де солай дейтін, ұсталған жерінің де егжей-тегжейін айтушы еді, оған бұл шағын түсініктемеде орын берудің реті болмас. "Көкшетаудан аттанарда қоштасу" деген өлеңнің сыры осында. Сол өлеңінде "Отарба Қызылжарға жүреді енді, көк будақ көкке шапшып түрегелді" — дегені толық дәлелдейді. "Ал, жұртым, мен аттандым алыс жолға" — деп басталатын "Қоштасу" атты өлеңін Үкілі Ыбырай ауылының Сақаев Өміржан атты соғыстан оралмаған асыл азаматы және атақты әнші Сұраған ағамыз, Молдекеңнің өзі де жатқа айтатын, бұл өлеңді кезінде өзім де сүйсініп айтушы едім, қазір әні әлі есімде. Осы жолдарды жазуды тоқтатып, бір айтып алып, мауқымды басып, көзді жеңілдетіп те алдым.

Келешекте әндер жинағын толықтап, анықтап шығарғанда әндердің әр қайсысына түсінік беру керек. Ал ақындығын сипаттайтын өлеңдер жинағындағы барлық шығармаларына түсінік берудің көп қажеті жоқ.

Ерекше түсінік тілейтін үлкен дүние ол — "Үкілі Ыбырайдың абақтыда қалған сөзі". Осы тақырыпта поэма да жаздым. Кезінде 1948 жылы Молдекеңнің шәкірті жас ақын Тұрсынбай Кәкімов Сырымбеттегі онжылдықты бітіргенде үлкен той болды. Ол тойды ұйымдастырушы мектебіміздің директоры осы күнгі белгілі ақынымыз Бақытжан Қанапияновтың әкесі Мұсахан Қанапиянов болатын. Әр жылда осындай той өтіп тұрады. Сол жолы менің бір жаңа өлеңіме Молдекең риза болып, бұрынғыдан жақын тарға бастады. Бетімнен

сүйіп бағасын берді. Сол күндері бір оңаша кезеңде: "Жазып алма, жаттап ал" — деп, Ыбекеңнің абақтының қабырғасына жазып кеткен өлеңін айтып берді. Күліп те алдым, шошып та кеттім, өте қуандым. Мен "жазба" деген соң, жазбағаным рас, Ботамның сөзі заң болатын. Өзім онжылдықты бітіретін жылы "Шолақ өзек" колхозының бастығы Тоқыш Рыспеков пен Молдекең түнде, біз ұйықтады-ау деген кезде, осы өлеңді қозғады. Екеуі де білгендерін айтты. Үндемей естіп жаттым. Кейін, Ыбекең ақталғаннан соң, ойымдағымды еске түсіріп, жазып қойдым, сосын әрі қарай толықтыра бастадым. Өкінішке орай, Ыбекең ақталардың алдында Молдекең де, Есен аға да қайтыс болып кетті, жер-жерде әркімдердің айтқандарын жазып жүрдім. Ең соңғы үлкен көмек еткендер жерлес құрдасым, заң қызметкері Манап Мушанов аздап себін тигізді.

Осыдан екі-үш жыл бұрын поездда кездескен бір ақсақал болды. Қызылжардан Алматыға сапарымда көршілес купеде мосқал тартқан бір сұңғақты да сымбатты, ұзын бойлы, жинақты, бидай өңді қазақ жігіті кездесті. Таңертеңнен галстугін тағып, тап-тинақтай киінін алып, кітап оқып отырады. Бір рет сәті түсіп, басқа купеде дәмге шақырған інілерге сол кісіні де шақыртқызым. Әңгімеміз тез жарасты, бұрынғы барлаушы, КГБ-ның Кеңес дәуіріндегі аса сенімді адамы, ал туыстығы жағынан — Мұстафа Шоқайдың жақыны екен. Мен "Гәккудің" төртінші түрін айтып бергенімде әлгі кісі: "Үкілі бабаңыздың абақтыда қалған өлеңін білесіз бе?" — деді. Мен аздап қана жинап жүргенім бар, бір-екі ауызын жатқа айтамын деп айтып бердім. Жігіттер күліп жатты, сәлден соң әлгі ағамыз мені жалғастыра кетті. Қайдан білесіз дегенім жоқ. Тек қана таныстықты кеш бастағаныма өкіндім. Ұнаған өлең жолдарын жазып алдым.

Кей жерлерге барғанымда менің Ыбекеңе еш қатыстығымды білмей, бұл өлеңді айтушылар болды. Әңгіме үстіндегі қысқа үзінділер болса да

бәрінің де себі тиді. Міне, осындай сәттермен тырнақтап жиғанымды поэмада да жариялап едім, ал нағыз өзін, дананың сөзін осы жолы келтіріп отырмын. Ел-жұрт сөге көрмесін, шалдың аруағы жебесін. Қолымнан көп жылдар жинағандағы тапқаным осы болды. Бұл — тарихи өлең, Ыбырайдың азаматтық ақындық өресін өрге көтеретін өлең. Бұл ертең атуға әкетер түніндегі соңғы өлеңі.

Бұл өлеңнің әр жерде әр түрлі нұсқалары бар, бәрі де "ұзын құлақтан" тараған дүние. Бірақ бәрі де:

"ГПУ — деген сотымыз,  
Жүріп тұр ғой хотыңыз.  
Жетпісте шалды айдаттың,  
Кесілді ғой к....міз", —

деп басталады. Өлең үш шумақтан тұрады. Олар ГПУ-ге, Николай патшаға, Кеңес үкіметіне бір өлеңмен берген әзілдері, сықағы, жан жебесі, содыр заманға саңлақ ақынның нәлеті. Бұл өлең Үкілі Ыбырай поэзиясының азаматтық асқар шыңы.

Үкілі Ыбырайды айдауға әкетті, жазасын жеңілдетті дегеннің бәрін өз басым жалған деп есептеймін. Ол кісіні ату жазасына кескен "Үштіктің" шешімі шыққан күні атылу жазасы орындалды деп білемін. Сәкен ағамызды "көрдік", "бірге болдық" — дегендердің жазғандарынан қалың кітап туар еді. Жоқ, олай емес, бәрі жалған болды, сол күнгі түннен асырмай асыл, арыс ағаларымыздың бәрін де атып тастады.

ГПУ-дің жеңдеттері "жауды тапқыш" болып, партия мен Сталиннің сеніміне кірді. Талай ай-лаларға барды. "Үштіктің" шешімінен кейін бәрін де атып тастап отырды, артынан жеңілдеттік деген әр түрлі лақапты да өздері таратты. Ондай "тәсілдерін" қазаққа да, орысқа да, басқа ұлттардың да абзал өкілдеріне қолданды. Ұрып-соғып,

жалған жалаға көндіргенде өлімші халіндегі адамдарды айдауға да апара алмаспай мүшкіл күйге жеткізген. Сондықтан да атып тастаған. Сәкенді соңғы көргендегі Күлбарам жеңгейдің жазғандарын оқыңыздаршы, Үкілі Ыбырайды да сондай жан түршігерлік халде болды деймін. "Аямадың, қаматтың, қаматтың да сабаттың" — деуі оған дәлел. Осыған көзім жеткеннен кейін "Оңбайды ақынды атқандар" — деген өлеңім туды. Ақындарды атқандар оңған жоқ, тағдыр бәрінде, Кеңес үкіметін де жазалады. Мағжан, Ахмет, Сәкен, Ілияс, Бейімбет, Тұрар, Халел, Міржақып, Үкілі Ыбырай, Тайжан, Жүсіпбек сияқты арыстарымыз қайта туды, олардың есімдері әлемде қазақ барда өшпейді.

*Кәкімбек Салықов*  
*Астана. 2005*

## ҮКІЛІ ЫБЫРАЙДЫҢ КЕЙБІР ӨЛЕҢДЕРІНЕ ТҮСІНІКТЕР

1. "Гәкку" атты өлеңдердің сөздері Молдақмет Тырбиев, Мұса Асайынов, Айтақмет Салықовтың ауызша айтуы мен қолжазбаларынан алынды. Мемлекеттік жинақтар пайдаланылды. Өзге түсінік жоғарыдағы материалдарда берілді.

2. "Қараторғай" — Молдақмет Тырбиев, Есеп Ыбрайұлы Сандыбаевтың орындауларынан алынды. Мұса Асайыновтың айтуы бойынша жазылып алынды. Кейбір сөздері Құнанбай Табақбаевтың айтуымен түзетілді. Бұл өлеңнің елде бар нұсқаларын салыстырып, ақиқатына жеткеніміз осы.

3. "Ақылды сөзге шаң қонбас" — Молдақмет Тырбиевтың айтуы бойынша алынды.

4. "Алтыбасар" — "Ер тарғын" операсын әрлендіріп тұрған ғажап әні бар, ақынның Бәдігүл сұлуға арнаған өлеңі. Мұса Асайыновтың айтуынан алынды, Төлеген Қажыбаевтың сақтаған нұсқасынан екі шумақ қосылды. Ілия Жақановтың және басқа зерттеушілердің еңбектерін мұқият ескердім. Тарихы кесек дастан өлең.

5. "Жазғытұрым" — Мұса Асайыновтың жазбалары және Сәбит Мұқановтың "Өсу жолдарынан" (1963) алынды. С.А. Құлмағамбеттің "Қайран Гәкку" кітабындағы нұсқасымен салыстырылып, кейбір түзетулер енгізілді.

6. "Аңшының әні" — кезінде Молдақмет Тырбиевтың айтуынан үйренген Тұрсынбай Кәкімовтен жазып алынды. Есмағамбет Ысмайыловтың жазбаларымен салыстырылды. Бұл өлең жайлы сөз еткенде тап осылай шегелеп, қысқа ғана тоқтала алмаймыз. Жоғарыда бұл өлеңнің әні мен сөзін Молдақмет Тырбиев Тұрсынбайға үйретті

деп айтқаным бар. Әне, сол кезде Тұрсынбайдан жазып алған қағазым сол бала қолыммен жазылған күйінде сақтаулы тұр. Кейінде қытайдан келген бауырымыз, әйгілі әнші Дәнеш Рақышев "Аңшының әнін" айтып, "Аңшының әнін" екінші рет және өте талантты түрде тірілтті. Өз басым оған сүйсіндім, бірақ аса таңданған жоқпын. "Гәккудің" әнін қытайда жүрген бір қазақ сатып алып, қытайша айтылып кеткенін естідік деген достарым құдайға шүкір есен жүр. Тоталитаризмнің қыспағынан елден кеткен ағайынның қазақ әндерін білетіндері де аз емес еді. Талай әндерді қытайдан келген қазақтардан өзіміз білетін бәз қалшында естідік. "Әнші Дәнеш" деген тамаша кітабында Құрманбай Толыбаев мырза: "Бұл өлең даусыз Ыбырайдікі, әні ше? Ән бәлкім басқанікі болар?" — деп өте ыңғайсыз тұжырымдар жасап, оған академик Ахмет Жұбановты қосады. Осының еш қисыны жоқ, оның себебі Ыбекеңе әні мен сөзі егіз қозыдай ере келген. Қытай жеріндегі қазақтарға апарған әйгілі Әсет ақын ғой, ол кісі Үкілі Ыбырайды жақсы білді.

Бұл өлеңді мен Дәнеш айтып жүрген және Ілия Жақанов "Аққулар қонған айдын көл" атты кітабында келтірілген сөздерімен де салыстырдым. Көп өзгеріс жоқ, ескі нұсқасының ұтымды жерлері аз емес. Мен өзімнің әдісіме салып, қолда бар бұл өлеңнің барлық сөздерін салыстырдым да, ең дұрысын, негізгі елдегі сөзіне жақын, ақылға қонымдысын алдым, Ыбекеңнің өз тілін сақтадым. Дәнешке мың бір рақмет, топырағы торқа болсын, Құрманбай мырзаның сұрағын дұрыс деп ташпаймын. Мен қытайға барғам жоқ, кеңес үкіметі кезінде шетте көп жүргендіктен Дәнешті де көре алмадым. Атақты әнші-композитор менің сөздеріме бір-екі ән шығарып кетіпті, оны да былтыр ғана білдім. Егер кездессек, Ыбыкеңнің талай өлеңдерін айтқызып, таспаға жазып алар едік қой. Әттең дейсің, дос болып кетуіміз де сөзсіз еді.

7. "Қарағым қалқам, сені айтам" — Мұса Асаиновтан.

8. "Әр-әр-ай" — екі түрі де Үкілі Ыбырайдың туыстары Кәрім Тақауиннің айтуынан алынды, Мұса Асайыновтың түзетпелері ескерілді.

9. "Қарақат көзді сым саусақ" — екі түрі де Молдақмет Тырбиевтан алынды.

10. "Мәликеге" — Шөбектің Нұралысының қызы Жәния сұлудың ұзату тойында айтылған өлең. Шөбектің Мұқанының қызы Мәликеге арналған. Ержанов Молдақметтің естеліктерінен алынды.

11. "Бір айтқанда қармаған" — Сүният Молдақметұлынан жазып алынған өз естеліктерінен алынды. Сүният Үкілі Ыбырайдың еңбектерінің үздік білгірі еді.

12. "Ыбырайдың термесі" — "Бостандық туы" газетінде Есім Байболов 1966 жылы жариялады. "Қазақ әдебиеті" (18 тамыз, 1989) газетінде Нөгербек Мағзұмовтың мақаласында келтірілді. Бұл жолы Қ. Жүзбасов пен З. Қоспақовтың "Гәкку" атты әндер жинағынан алынды, өзге нұсқалардан салыстырмалы қосымшалары енгізіліп толық негізі жасалды. Тәрбиелік маңызы өте зор пәлсапылығы мол дүние.

13. "Қаракөз" — төрт түрі де С.А. Құлмағамбеттің "Қайран Гәкку" кітабынан алынды.

14. "Өзім жайлы" — Мұса Асайыновтан алынды.

15. "Па, шіркін" — Үкілі Ыбырайдың әйгілі өлеңі.

"Қыс келсе қадірі өтер өткен жаздың,  
Әр ісі паш келеді өнерпаздың.

Жыл жайлап томар қонған күні құрсын,

Болмаса көл саясы қоңыр қаздың", — деген шумағы алғашқы көрсетушілер: "Колхозда-суға қарсы өлең" — деп дәлелге келтірген. Әнінде Біржан салға еліктеу бар секілді. Әлде Ыбырай сотталғаннан, атылғаннан кейін керісінше болып кетті ме, ол жағын құдай білсін. Ыбыкеңнің әндерін сақтап қалу жолында кей әндері "халық әні" де болып кетті ғой. Есімді білгелі бұл әнді көп естідім, өзім Молдекеңнің айтуынан жаттап алып үнемі айтып жүрдім.

16. "Желдірме" — Молдақмет Тырбиевтан алынды.

17. "Керей еліне" — Молдақмет Тырбиевтан үйренген орындаушылар әнші Мұрат Қайыркенов пен жазушы Ермек Қонарбаевтан жазылып алынды.

18. "Шалқыма" — Молдақмет Тырбиевтан үйренген Кеңес Қожақметовтен алынды.

19. "Сырғақты" — бұл классикалық ұлы ән Көкше өңіріне көп айтылатын. Облыстық өнер сайысында біздің мектепте (Сырымбетте) оқитын Жамал Ақбұзауова осы әнді орындап, бірінші жүлдені алды. Жамал әлі де осы әнді шырқаушылардың ең үздігі. Менің түсінігімше бұл ән қазақ әндерінің ең абзалдарының қатарына қосылады, әттең, қазіргі әншілер аз айтып жүр. Жалпы Ыбыкеңнің "Гәккуден" кейінгі ең сүбелі өлеңі осы.

20. "Жиырма бес" — Мұса Асайыновтан. Халықтық сарындағы құйғытпа өлең, бұрынғы осы аттас өлеңдерге аз-маз ұқсастығы бар, бірақ ол да орынды.

21. "Толқын" — Молдақмет Тырбиевтан, Жарман Рахимовтан, Кеңес Қожақметовтен алынды. Музыкалық симфония дерлік әніне тамаша сөзі лайық өте күрделі дүние.

22. "Алай көк" — Есім Байболов құрастырған. "Әндер" атты жинақтан алынды.

23. "Ақлима қызға айтқаны", "Шолпан қаққан", "Ыбырайдың Мақпал қызбен қақтығысуы" — С.А. Құлмағамбеттің "Қайран Гәкку" жинағынан алынды.

24. "Жалғызтау" — Мұса Асайыновтан.

25. "Ыбырайдың Қантай Сүлейменге айтқаны" — Салықов Айтақметтің Бимырзаның Қасымынан Қантай елінде жүргенде жазып алғанынан көшіріп алдық.

26. "Ақан Серіге" — "Ақан ағаның қазасына арналған өлең ғой" — деп Молдекең шырқайтын. Содан кейін "Қиналдың қиын іске кіруге де" — деп, мұңды нәзік соза түсіп, ауыр салмақты Ыбы-



райдың осылай аталатын өлеңін өз ән ырағымен айтатын. Молдекеңнен жазып алған қалпында берілді.

27. "Майдақоңыр", "Кісіге кісі жары жар болмайды", "Ыбырайдың маңмаңгері", "Кідік-ай", "Қалдырған", "Ара-рай", "Білмеген дос көңілін жаралайды" — Үкілі Ыбырайдың адуындап жүргенде әр түрлі жағдайларда жазған өлеңдері. Түрлі жинақтарда кездеседі. Негізінен Мұса Асайыновтан алынды.

28. "Жақсыларға" — бұл өлеңнің бас аяғы қолға түспеді. Сегіз сері (Мұхамедқанафия) Бахрамұлы Шақшақовтың баласы ақын Мұстафаға және оның "Қамажай" әніне арналып отыр. "Қамажайды" жасымыздан айтып жүргенде "халық әні" деуші едік, енді Ыбыкеңнің осы өлеңі арқылы әннің авторы табылды. Бұл бір шумақ өлең белгілі ақын, көрнекті жазушы Қуаныш Ахметовтың "Ұлы даланың Ұлытауы" атты екі томдық жинағының бірінші кітабынан алынды.

29. "Екі дайға келгенде", "Көкейкесті", "Қазақтың ескі халі" — Ыбыкеңнің өмірінің кейінгі жылдарында жазған өлеңдері көрінеді. Біріншісін Ементәев Ұланнан алдым, ол әнге салып айтып жүретін, зайыры әкесі Айтымақ Ементәевтан үйренген тәрізді. Соңғы екі өлеңді С.А. Құлмағамбеттің "Қайран Гәккуінен" алдым. Айтымақ аға соғыстан оралмай кетті, Ыбырайдың өлеңдерін өте көп білетін кісі болатын.

30. "Шөренге" — Молдақмет Тырбиевтан, Мұса Асайыновтан алынды. Есім аға құрастырған жинаққа бар. Өлеңнің негізгі сөз нұсқасы баспа бегіне Жақан Сыздықовтың айтуымен түсіпті. Ол ағамыз өз бауыры әйгілі ақын Төлеген Қажыбаевтың әкесі Қажыбайдан алса керек. Қолда бар жазбаларды осы нұсқаларымен салыстырып бердік.

31. "Қаракөз" — екі түрі де "Қаракөздің" бірі ғой, бірақ бұл көп даудың арасында әлі кірмеген кез, Мақпалды алып қашуға дайын жүрген уақыт болу керек. Қ. Жүзбасов пен З. Қоспақовтың "Гәк-

ку" жинағынан алынды. Ел арасында жоғарыда келтірілген төрт Қаракөзден көп тараған "Қаракөз" осы. Алғашқы естуім досым Нариман Қаражановтың шешесі Бәкеш апайдан еді. "Ей, қалқа, мендей адал сертке жетсең, жерлерден қиын-қыстау аман өтсек" — деген өлеңді жас кезімдегі ойын-тойлардың бәрінде де естідім десем көп болмайды. Сол ауыр күндердің өзінде Ыбырайдікі деп айтпай-ақ, әнші жеңгелеріміз шырқай беретін.

32. "Сүйгенім кете барды қасыма еріш", "Бабыңды дүние сенің ешкім таппас", "Білмеген дос көңілін жаралайды" — ақынның Мақпалды алып қашып, амалсыз тәркініне қайтарған күндерінде бірде көтеріңкі, бірде басыңқы көңіл күйінде жазған ғой. Толғанысты өлеңдері "Топжарған", "Малайсары" да сол кездерде жазылған тәрізді. Бұл өлеңдердің бәрі де елге белгілі шығармалар. Негізі Мұса Асайыновтан қағаз бетіне түсірілген.

33. "Қалқа бала", "Жайма қоңыр", "Құрама", "Қаралдым" Үкілі Ыбырайдың сәтті шығармалары. Негізінен Мұса Асайыновтан алынды.

34. "Аймақ мектебіне" — Айыртау ауданының орталығы Саумалкөлде аймақтық мектеп ашылғанда Ыбыкең тұсаукесерін ашқан көрінеді. Қабдомла Жұмағалиұлынан жазылып алыныпты. Қабдоманы көргенім бар, құдамыз еді, ол өлең сөзін Сәркен Аяпбергелұлынан алдық.

35. "Маймаққа", "Жан баспас", "Ыбырайдың былқылдағы", "Абылайдың ақ үйі", "Менің атым Ыбырай", "Қызыл асық", "Елді сағынғанда" сияқты өлеңдер ешқандай түсінікті тілемейді. Өз өмір жолының да, ел тарихының да бір-бір жаңа парақтарын ашқандай оқыла береді.

36. "Жалғызтау" — ХХ-ғасырдың басында-ақ патшаның қазақ жеріндегі отаршылдық саясатының асқынған кезінде Үкілі Ыбырай "Жалғызтау" атты лирикалық поэмасын жазды. Толғау іспетгес бұл тамаша шығармасын шындықтан алып отыр, өйткені 1955-жылдардың шамасында Жалғызтауды ерен жайлаушы Сандыбай әулетін, басқа да

Деріпсал тұқымын, Жерін, Даубай, Қалдаман, Тоғай руларын орыстар аяусыз құды, таудың маңындағы "Заградовка" селосы орыстың бекінісі болды, ал ақынның ата-бабалары таудан 15-20 шақырымдай жердегі Есмырза көлінің қасындағы ақ бұлақтың басына қоныстады. Сол жерде қазір "Үкілі Ыбырай" ауылы бар. Бір жақсысы, таудағы Сандыбайдың бұлағынан бұл бұлақ та кем түспеді. Бірақ көз алдында заңғар тау көрініп тұрғасын орыстардың қорлығы көкірек жарды. Ақын бұл қорлыққа шыдай алмай, іштегі ыза, кегін ақ қағазға түсірді. С.А. Құлмағамбеттің Тінейұлы Қалымсейіттен жазып алған нұсқасы әзірше қолда бардың ең үлкені. Сондықтан сол нұсқаға ден қойдым. Ән етіп кей үзінділерді Мұса Асайынов айтып жүретін, бірақ толық айтпайтын.

37. Қараторғай — II-түрі — "Құс болсаң жібектен бау тағар едім" — деп басталатын ән Есмағамбет Ысмайыловтан бастап (1966 жыл) бүкіл ән жинақтарына Үкілі Ыбырайдікі болып бекітілді, ол рас та. Молдекең: "Ыбыкем балалар жаттап алындар, тағы да бір "Қараторғай" келіп қонды. Ақан ағамда екі қараторғай бар, енді менде де екеу болды, жалпы біздің ел қараторғайлардың елі ғой, әсем құс, көркем құс, нәзік құс" — деп тебіреніпті де, жаңа әнін үйретіпті. Бұл әнді өз апасы Бөпіштен (Мейізден) туған жиені — атақты Ақын Тайжан Ұлытаудан Сыр өңіріне жеткізіп, "Сырдың қара торғайы" атанғаны да біраз ағайынның қытығына тиеді де, сұрақ қоя бастайды. Молдекең осы "Қараторғайды" өте мейірімді ықыласпен орындайтын және де: "Еркектің әнін әйел әншілер орындап шикылдатып жібереді, бұл нағыз салт атпен келе жатып Есілдің жағасында төгілетін өлең ғой", — деп те түйіндейтін. Содан кейін төрт "Қараторғайлардың" төртеуін де орындайтын. Бұл бір дәуір еді ғой. Молдекең бір өлеңінде: "Мен жүрген Ақан, Біржан қалдығымын, грамофон өлең жиган сандығымын", — дейтін, солай еді де.

38. "Патша үкіметіне", одан кейін "Қазан төңкерісіне", "Азамағ соғысына", Ленинге арнаған Ыбыкеңнің бір топ өлеңдерін беріп отырмыз. Саясат үшін алып тастауға да болатын еді бірақ, тарихты қайта жасай алмайсың, шындықтың сырын бұзбау бар және поэзиялық құндылығы да күшті жерлерін сақтау керек. Ыбыкең мақтауға да жүйрік, мақтануға да шебер ақын. "Қыздан да қылықтымын жүрген жерге, ханнан да қадірлімін туған елге", — деген жоқ па. Осыдан асыра кім мақтанды екен, және поэзия тұнып тұр ғой. Ал мақтауға келгенде:

"Аспанда Күнім дер едім,  
Өттең, шіркін, түнде жоқ,  
Туған Айым дер едім  
Түнде бар да күндіз жоқ,  
Айтсам сөздің керегін:  
Түнде де бар,  
Күндіз бар,  
Батыр тұлға еренім,  
Ұлы көсем данышпан,  
Ел шырағы дер едім", —

осылай деп Ленинді жырлады. Мәселе: тап осыдан асырып Ленин жайлы кім айтты, тірі көсемдеріне кім айта алады. Гәп — поэзиялық шеберлікте, тереңдікте. "Кісілік туралы" өлеңінде Ыбекең: "Бәрінен қымбат ағайын — ар алдында адалдық", — десе, ол кісі жалғандыққа бармады. Ленин өлгенде, Сәбит Мұқановқа көңіл айтқанда "Енді қалды кімдерің?" — деп, ең үлкен тарихи сұрақты қояды. Сол сұрақтың жауабы ГПУ-ге тізгін беріп қойған тоталитаризм ұлт қаймағын құртқан жоқ па. Саяси өлеңдерді кезінде кімге арнаса да Ыбекең "ар алдында адалдығын сақтады" поэзияның алдында өз биігінен түспеуге бой ұрды.

39. "Көкшетау" — бұл әнімен Сәкенге әбден ұнаған өлең. Ыбекең ұсталғаннан кейін айтылмай қалған. Тамаша әнді жоғалтып алмайық, не

халықтікі, не біреудікі болып кетеді деген оймен Көкшенің әнін "Қызыл асыққа" телуді Молдекең ойлап тапты. "Қызыл асықты" ол кезде көпшілік біле бермейтін. Ғашықтық әні ретінде "Қызыл асық" "Көкшенің" әнімен тез тарап кетті, оған еш пенде кедергілік те жасамады, Ыбырайдікі деп те топшыламады. Ал, "Қызыл асықтың" өз әнін Мұса мен Молдекең білетін, ол ән ұмытылып қалды. Қазір есіме де түсіре алмаймын. Бұл күнде "Қызыл асықты" Көкшенің әнімен Қайрат Байбосынов әйбәт айтып жүр, ал Қапаш Құлышева "Көкшені" өз әнімен келісті шырқап жүр. Тыңдағанға екеуі де орынды көрінеді. Бар құпия осы.

40. "Көкшетаудан аттанарда қоштасу", "Қоштасу", "Жалғызтаумен қоштасу", "Абақтыдағы толғау", "Үкілі Ыбырайдың абақтыда қалған сөзі" деген өлеңдер кірген топтама түсінікті керек етпес, олар жайлы жоғарыда тиісті мағлұматтар жеткілікті берілді. Өздері де ақтангер ақынның ақырғы күндерін көңіл толқытардай жеткізіп тұр.

41. Үкілі Ыбырайдың Доскей және Құдайбергенмен айтыстары — "Айтыс кітабынан" (Алматы, ҚҚӘБ, 1963. I-том) алынды.

*Кәкімбек САЛЫҚОВ*

*16.03.2005 ж.*

*Астана.*

# МАЗМҰНЫ

ҮКІЛІ ЫБЫРАЙДЫҢ АҚЫНДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ .....	3
--	---

## **I – БӨЛІМ**

<b>ӨЛЕҢДЕРІ</b> .....	23
ГӘККУ ( <i>I-түрі</i> ) .....	24
ҚАЙРАН ГӘККУ .....	25
ГӘККУ ( <i>III-түрі</i> ) .....	26
ГӘККУ ( <i>IV-түрі</i> ) .....	27
ГӘККУ ( <i>V-түрі</i> ) .....	28
ҚАЙРАН ГӘККУ ( <i>VI-түрі</i> ) .....	29
ҚАРАТОРҒАЙ .....	30
АЛТЫБАСАР .....	32
ЖАЗҒЫТҰРЫМ .....	33
АҢШЫНЫҢ ӘНІ .....	36
ҚАРАҒЫМ, ҚАЛҚАМ, СЕНІ ЛАЙТАМ .....	38
ӘР-ӘР-ӘЙ ( <i>I-түрі</i> ) .....	39
ӘР-ӘР-ӘЙ ( <i>II-түрі</i> ) .....	40
ҚАРАҚАТ КӨЗДІ, СЫМ САУСАҚ ( <i>I-түрі</i> ) .....	41
ҚАРАҚАТ КӨЗДІ, СЫМ САУСАҚ ( <i>II-түрі. Алғаш</i> ) ..	42
МӘЛИКЕГЕ .....	43
БІР ЛАЙТҚАНДА ҚАРМАҒАН .....	44
ЫБЫРАЙДЫҢ ТЕРМЕСІ .....	45
ҚАРАКӨЗ ( <i>I-түрі</i> ) .....	47
ҚАРАКӨЗ ( <i>II-түрі</i> ) .....	48
ҚАРАКӨЗ ( <i>III-түрі</i> ) .....	49
ҚАРАКӨЗ ( <i>IV-түрі</i> ) .....	50
ӨЗІМ ЖАЙЛЫ .....	51
ПА, ШІРКІН .....	52
ЖЕЛДІРМЕ .....	53
КЕРЕЙ ЕЛІНЕ .....	54

ШАЛҚЫМА .....	55
СЫРҒАҚТЫ .....	56
СҮЙГЕНІМ КЕТЕ БАРДЫ ҚАСЫМА ЕРІП .....	57
ЖИЫРМА БЕС .....	59
ТОЛҚЫН .....	60
АЛАЙ КӨК .....	61
АҚЛИМА ҚЫЗҒА АЙТҚАНЫ .....	62
ШОЛПАН ҚАҚҚАН .....	63
ЫБЫРАЙДЫҢ МАҚПАЛ ҚЫЗБЕН АЙТЫСЫ .....	64
ЖАЛҒЫЗТАУ .....	66
ЫБЫРАЙДЫҢ ҚАНТАЙ	
СҮЛЕЙМЕНГЕ АЙТҚАНЫ .....	67
АҚАН СЕРІГЕ .....	68
МАЙДАҚОҢЫР .....	69
КІСІГЕ КІСІ ЖАРЫ ЖАР БОЛМАЙДЫ .....	70
ЫБЫРАЙДЫҢ МАҢМАҢКЕРІ .....	71
БАЛҚУРАЙ .....	72
КІДІК-АЙ .....	73
ҚАЛДЫРҒАН .....	74
ҚАЛДЫРҒАН (II-түрі) .....	76
ҚАЛДЫРҒАН (III-түрі) .....	77
БІЛМЕГЕН ДОС КӨҢІЛІН ЖАРАЛАЙДЫ .....	79
АРАРАЙ .....	80
ЖАҚСЫЛАРҒА .....	81
ОТАРБА .....	82
ҚАЗАҚТЫҢ ЕСКІ ХАЛІ .....	83
ШӨРЕНГЕ .....	84
ҚАРАКӨЗ .....	85
БАБЫҢДЫ, ДҮНИЕ СЕҢІҢ, ЕШКІМ ТАППАС .....	86
БІЛМЕГЕН ДОС КӨҢІЛІН ЖАРАЛАЙДЫ .....	87
ТОПЖАРҒАН .....	88
МАЛЛҰСАРЫ .....	89
КӨКЕЙКЕСТІ .....	90
ҚАЛҚА БАЛА .....	91
ЖАЙМА ҚОҢЫР .....	92
ҚҰРАМА .....	93
ИМАНБАЙҒА .....	94

ҚАРАЛДЫМ .....	95
ЕРЛІ-БАЙЛЫ ЕКЕУГЕ .....	96
АЙМАҚ МЕКТЕБІНЕ .....	97
МАЙМАҚҚА .....	98
ЖАН БАСПАС .....	99
АБЫЛАЙДЫҢ АҚ ҮЙІНЕ .....	100
ҚЫЗЫЛ АСЫҚ .....	102
ЕЛДІ САҒЫНҒАНДА .....	103
ҚАРА КӨЗ .....	105
“ЖАЛҒЫЗТАУ” .....	106
ЫБЫРАЙДЫҢ БЫЛҚЫЛДАҒЫ .....	113
МЕНІҢ АТЫМ ЫБЫРАЙ .....	114
АҚТАЙЛАҚ .....	115
ҚАЙЛАУ .....	116
ҚАРАТОРҒАЙ .....	117
ЖОЛЫНА МЕН ДЕ ТҮСТІМ ҚЫЗЫҚ ӘННІҢ .....	118
ШАЛҚАНДА, ЖАСТАР, ШАЛҚАНДА! .....	118
ПАТША ҮКІМЕТІНІҢ САЯСАТЫ .....	119
ОТАРШЫЛДЫҚ ҚЫСПАҒЫ .....	120
АЗАМАТ СОҒЫСЫ .....	122
ОКТЯБРЬ ТӨҢКЕРІСІ .....	123
КӨМПЕСКЕ .....	124
1917 ЖЫЛ .....	125
СӘБИТ МҰҚАНОВҚА .....	126
СОВЕТ .....	127
ЖАҢА ЖОЛ .....	128
ЖАҢА ҮКІМЕТ .....	129
ЛЕНИН ІЗІНЕ .....	130
ЛЕНИН БАБАМ .....	132
КІСІЛІК ТУРАЛЫ .....	133
КӨКШЕ .....	134
КӨКШЕТАУДА КЕЗДЕСУ .....	135
КӨКШЕТАУДАН АТТАНАРДА ҚОШТАСУ .....	136
ҚОШТАСУ .....	138
ЖАЛҒЫЗТАУМЕН ҚОШТАСУ .....	140
АБАҚТЫДАҒЫ ТОЛҒАУ .....	141
ҮКІЛІ ЫБРАЙДЫҢ АБАҚТЫДА ҚАЛҒАН СӨЗІ ...	143



## **II – БӨЛІМ**

<b>АЙТЫСТАРЫ</b> .....	145
ҮКІЛІ ЫБЫРАЙ МЕН ДОСКЕЙ .....	146
ЫБЫРАЙ МЕН ҚҰДАЙБЕРГЕН .....	156


## **III – БӨЛІМ**

<b>ТҮСІНІКТЕР</b> .....	159
ҮКІЛІ ЫБЫРАЙДЫҢ ӨЛЕҢДЕРІН ЖИНАСТЫРУ ТУРАЛЫ .....	160
ҮКІЛІ ЫБЫРАЙДЫҢ КЕЙБІР ӨЛЕҢДЕРІНЕ ТҮСІНІКТЕР .....	170

**Үкілі ЫБЫРАЙ**

**ГӘККУ**

*өлеңдер*



*Корректоры Жанар Әлімбетова  
Көркемдеуші редактор Жеңіс Қазанқапов  
Компьютерде беттеген Мансура Шокбарова*

Басуға 05.07.05. қол қойылды.

Пішімі 84x90<sup>1/32</sup>. Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.  
Есептік баспа табағы 11,5. Тапсырыс № 300. Таралымы 1000д

"Фолиант" баспасы.

010000.Астана қаласы. Қазақ көшесі, 87/1.

"Регис СТ-Полиграф" ЖШС баспаханасында басылды.

010000.Астана қаласы. Қазақ көшесі, 87/1.